Есептерді шешудің көптеген математикалық әдістері бар, солардың ішіндегі ең ыңғайлысы, жеңілдірегі графтар теориясына негізделген. Графтардағы қысқа жолды іздеу әдістері графтар теориясының негізгі классикалық есептерінің бірі болып табылады. *Графтардағы қысқа жолды іздеу есебі* дегеніміз – графтағы жолды құрайтын қабырғалар салмақтарының қосындысы минималданатын екі нүктенің (төбенің) арасындағы ең қысқа жолды іздеу есебі болып табылады.

Қысқа жол туралы есептің әртүрлі қойылу жағдайлары бар. Графтағы қысқа жолды іздеу есебі бағытталған, бағытталмаған немесе аралас графтар үшін анықталуы мүмкін. Бұл жұмыста қарапайым түрде бағытталмаған граф үшін есептің қойылуы қарастырылады. Бағытталған немесе аралас графтар үшін қосымша түрде қабырғалардың бағыттары ескерілуі керек.

Графтағы қысқа жолды іздеу есебін шешудің көптеген алгоритмдері белгілі. Олардың ішінен Дейкстра, Флойд-Уоршелл, Беллман-Форд, Джонсон, Ли (толқындық алгоритм), Килдала алгоритмдерін атауға болады [1].

Сипатталатын алгоритм Дейкстра алгоритмі деп аталады. Дейкстра алгоритмі 1959 жылы нидерландтық оқымысты Эдсгер Дейкстраның ойлап тапқан графтардағы алгоритмі. Бұл алгоритм көмегімен қажетті ақпараттар берілген жағдайда теріс салмақты қабырғалары жоқ графтардың бір төбесінен басқа төбелеріне дейінгі ең қысқа ара қашықтық табылады. Алгоритм программалауда, және көптеген технологияларда, мысалы OSPF және IS-IS маршруттау хаттамаларында кең түрде қолданылады (*OSPF* – ағылшынша *Open Shortest Path First* – каналдың жағдайын бақылау технологиясына негізделген және қысқа жолды табу үшін Дейкстра алгоритмін қолданатын динамикалық маршруттау хаттамасы. *IS-IS* – қосылыстар жағдайына негізделген маршруттау хаттамасы, алынған ақпаратты алып, қор жасақтайды, мұнда да ең тиімді маршрутты есептеу үшін Дейкстра алгоритмі қолданылады.

Дейкстра (1) алгоритмі:

Алгоритм салмағы берілген графтар үшін V_1 төбесінен V_n төбесіне дейінгі ең қысқа ара қашықтықты анықтайды. Әрбір төбеге $(\infty, 0)$ реттелген парып сәйкестікке қоямыз. $V_i(m, V_r)$ төбесінің бірінші координатасы V_1 төбесінен V_i төбесіне дейінгі ара қашықтықты, ал екінші координата V_1 төбесінен V_i төбесіне дейінгі жолдың алдыңғы төбесін білдіреді.

(1) $V_1(\infty, 0)$ төбесінен бастап, оны $V_1(0, 0)$ деп өзгертіп, тұрақты ретінде алу керек. Басқа төбелер бұл кезде уақытша болып қалады.

(2) V_k төбесіне сыбайлас болатын әрбір V_j төбесі үшін $V_k(m, V_r)$ төбесі тұрақты болған кезде V_k төбесінен V_j төбесіне дейінгі қашықтыққа t шамасын қосу керек. Егер алынған мән V_j төбесіне тағайындалған ағымдағы қашықтықтан аз болса, онда ағымдағы қашықтықты осы қосындымен алмастыру керек және екінші координатаны V_k төбесі деп өзгерту қажет.

(3) Уақытша төбелерге жазылған қашықтықтардың ішінен ең аз (минимум) мәнді табу керек. Осындай қашықтықтағы төбелердің біріншісін тұрақты ретінде алу керек.

(4) Егер V_n – тұрақты төбе болмаса, онда (2) пунктке қайта оралу керек.


(5) Егер V_n – тұрақты төбе болса, онда V_n төбесіне тағайындалған қашықтық V_1 төбесінен V_n төбесіне дейінгі ең қысқа ара қашықтық болып табылады.

(6) Жолды табу үшін V_n төбесінен бастау керек, жолдың алдыңғы төбесін (екінші координата) табу керек. Жолдың әрбір V_j төбесі үшін оның алдында тұрған жол төбесін V_1 төбесіне жеткенше табу керек.


Керісінше реттегі төбелерді алмастыру ең қысқа жолды береді [2].

Мысал. 1-суретте келтірілген салмақты графтың А төбесінен F төбесіне дейінгі ең қысқа ара қашықтықты табу керек.


Шешуі. Әрбір төбеге $(\infty, 0)$ реттелген парыны сәйкестікке қоямыз да, берілген графты 2-суретте көрсетілгендей түрге келтіреміз.



1 – сурет




2 – сурет




3 – сурет


А төбесінен басқа төбелерге дейінгі жолды тұрғызу керек. Жол табылғанша бірінші компонент құрамында ∞ , ал екіншіде 0 болады. Тұрақты болған төбе қою шрифтімен бөлініп тұрады. Алгоритмнің (1) қадамын орындап, 3-суретте көрсетілгендей граф аламыз. В және С төбелері А төбесімен сыбайлас болғандықтан, (2) қадамды орындаймыз және В төбесінің реттелген парына $(5, A)$, ал С төбесінің реттелген парына $(6, A)$ мәндерін тағайындаймыз. (3) қадамды орындап, уақытша мәндердің ішінен ең кішісін таңдаймыз. Бұл - $V(5, A)$ төбесі. Оны тұрақты етіп аламыз (4-сурет).




4 – сурет



5 – сурет



6 – сурет



7 – сурет

(2) қадамға қайтып келіп, В төбесімен сыбайлас болатын С, D, E, F уақытша төбелерін қарастырамыз. Әрбір жағдайда В төбесінен берілген төбеге дейінгі қашықтыққа А төбесінен В төбесіне дейінгі қашықтықты қосамыз: С төбесі үшін бұл $5+3=8$, сол сияқты D төбесі үшін $5+7=12$, E төбесі үшін $5+2=7$, F төбесі үшін $5+10=15$ болады. С төбесіне дейінгі соңғы алынған 8-ге тең ара қашықтық бұрынғы 6-ға тең ара қашықтықтан кіші (аз) болмағандықтан, $C(6, A)$ реттелген парыны бұрынғыша өзгеріссіз қалдырамыз. Ал D, E, F төбелеріне дейінгі ара қашықтық бұрынғы ара қашықтықтардан кіші болғандықтан, оларға В төбесінен шығатын жол арқылы алынған мәндерді береміз: $D(12, B)$, $E(7, B)$, $F(15, B)$. (3) қадамды орындап, уақытша төбелерінің мәндерінің ішінен ең кішісін табамыз, яғни $\min\{6, 12, 15, 7\}=6$ мәнін аламыз. Осы мәнге тағайындалған $C(6, A)$ төбесін тұрақты етіп аламыз. Нәтижесінде берілген граф 5-суретте көрсетілгендей болады.

Жаңа тұрақты С төбесін алып, (2) қадамды орындағанда, төбелердің реттелген парларында өзгерістер болмайды, себебі, соңғы алынған ара қашықтықтар алдыңғы берілген ара қашықтықтардан кіші емес. Төбелер мына түрде болады: $D(12, B)$, $E(7, B)$, $F(15, B)$.

(3) қадамды орындап, уақытша төбелердің мәндерінің ішінен ең кішісін табамыз, яғни $\min\{12, 15, 7\}=7$ мәнін аламыз. Осы мәнге тағайындалған $E(7, B)$ төбесін тұрақты етіп аламыз (6-сурет)

Е төбесін тұрақты етіп алып, (2) қадамды орындаймыз. F төбесінің реттелген пары бұрын $F(15, B)$ болатын, енді ара қашықтықты Е төбесі арқылы тапсақ F төбесінің бірінші координатасы $7+4=11$ болады, яғни $F(11, E)$. (3) қадам бойынша $\min\{15, 11\}=11$ болады, ендеше $F(11, E)$ төбесін тұрақты етіп аламыз. Бұл өзгерістен кейінгі граф кескіні 7-суретте берілген.

F төбесі тұрақты болған соң процесс аяқталады, яғни 11 – А төбесінен F төбесіне дейінгі ең қысқа ара қашықтық болып табылады (ABEF – ең қысқа жол болып саналады).

Қорытынды:

Жоғарыда айтылғандардың барлығына сүйене отырып, біз қарастырып отырған Дейкстра (1) алгоритмін адам өмірі мен білімінің көптеген салаларында қолдануға болады деген қорытындыға

келуге болады. Графтар көмегімен автоматика, электроника, физика, химия сияқты білім аймақтарында жинақталған мәселелерді шешуді жеңілдетеді. Графтың көмегімен жол, газ құбырлары, жылу және электр желілерінің сұлбалары кескінделеді. Сонымен қатар, Дейкстра алгоритмі математикалық және экономикалық есептерді шешуде маңызды рөл атқарады. Бұл маршруттарды оңтайландыруға, ең тиімді жолдарды анықтауға және шектеулер мен жағдайларды ескере отырып ресурстарды басқаруға мүмкіндік береді.

Осылайша, Дейкстра алгоритмі күрделі мәселелерді шешуге және процестерді оңтайландыруға көмектесетін өмір мен білімнің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылатын әмбебап құрал болып табылады.

Әдебиеттер

1. Новиков Ф.А. Дискретная математика для программистов. – Санкт-Петербург, 2002.
2. Джеймс А.Андерсон. Дискретная математика и комбинаторика. – Москва-Санкт-Петербург-Киев, 2004.

ҒТАХР:14.25.09:

А.А. Разханов, А.А. Сәбит

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **Ш.Г. Сағитова**, физика-математика ғылымдары және информатика кафедрасының аға оқытушысы

ПЕРИОДТЫ БӨЛШЕКТЕРДІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Біздің өмірімізде берілген жиынды берілген санның тең жиындарының бірігуі ретінде көрсету жиі талап етіледі, яғни арифметикалық есептердегі мүмкін болған жағдайда бір натурал санды екінші натурал санға бөлу. Бірақ кейбір сәттерде мұндай бөлу орындалмай, қалдықпен бөлуге тура келеді. Бөлшек сандардың қажеттілігі адам өмірінде сананың дамуының ерте кездерінде туды. Мысалы: азыққа ауланған жануарларды бөлуде, егіс алқаптарын бөлуде алғашқы адамдарға бөлшек сандар туралы түсінік берді.

Сонымен қатар бөлшек тақырыбын өту барысында, оның түсінікті болуы үшін геометриялық тұрғыдан да мысалдар беру ұтымдырақ. Белгілі бір фигура беріп оның боялған бөлігін санату немесе боялған бөлігінің ауданын есептету арқылы баланың ойына бөлшек түсінігін оңай қалыптастырамыз. Бұл тақырып 9-сыныпты оқу барысында кездесетін арифметикалық және геометриялық прогрессия тақырыбының өзегі, фундаменти болмақ.

Ал енді біз периодты ондық бөлшектерге кеңінен көз жүгіртейік. Жалпы бұл тақырып мектеп математика курсына 6-сыныпта оқытылады. ҰМЖ бойынша 3 сағат берілген. Тақырыпқа негізделіп, А,В,С деңгейлерінде 37 есеп қарастырылады.

Периодты бөлшектер туралы мағлұматтар мектеп математикасынан басталады. Оның мектеп математикасында алатын орны зор. Онда жай бөлшек ұғымынан басталып, ол кеңейтіле келе ондық бөлшектер туралы түсініктер және бөлшектерді түрлендіруде периодты бөлшектер ұғымы қарастырылады. Мұнда қысқартылмайтын жай бөлшектің бөлімінде 2 мен 5-тен өзге жай көбейткіштер болмаған жағдайда ғана шектеулі ондық бөлшек шығатынын, қалған жағдайлардың барлығында периодты ондық бөлшек шығатыны жақсы түсіндіріледі.

Мысалы: $\frac{5}{6}$ бөлшегі периодты ондық бөлшекке айналады, себебі бөліміндегі жай көбейткіштері ішінде 3 көбейткіші бар. Есептесек шыныда да $\frac{5}{6} = 0,8333 \dots$ (периоды 3) екенін көреміз.

$\frac{11}{20}$ бөлшегі шектеулі ондық бөлшекке айналады, өйткені $20 = 2 \cdot 2 \cdot 5$. Бөлімінде 2 мен 5-тен басқа жай көбейткіштер жоқ. Шынында да $\frac{11}{20} = 0,55$.

Сол сияқты арифметикалық, геометриялық прогрессия тақырыптарындағы шектеусіз геометриялық прогрессияның қосындысының формуласы бойынша периодты шектеусіз ондық бөлшекті $\frac{m}{n}$ қатынасы ретінде қалай беруге болатыны түсіндіріледі.

Таза және аралас периодты ондық бөлшек

Егер периодты ондық бөлшектің периоды үтірден кейін басталса, оны таза периодты ондық бөлшек деп атайды. Таза периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдырғанда, жай бөлшектің алымына периодтағы санды жазып, бөліміне периодта неше цифр болса, 9 цифрын сонша рет жазу керек.

Мысалы:

$$0, (6) = 0, (1) \cdot 6 = \frac{1}{9} \cdot 6 = \frac{2}{3}; 0, (6) = \frac{2}{3}$$
$$2, (45) = 2 + 0, (45) = 2 + 0, (01) \cdot 45 = 2 + \frac{1}{99} \cdot 45 = 2 + \frac{5}{11}; 2, (45) = 2 + \frac{5}{11}$$

Егер периодты ондық бөлшектің үтірі мен бірінші периодының аралығында бір немесе бірнеше қайталанбайтын цифрлар тобы болса, оны аралас периоды ондық бөлшек деп атайды.

Аралас периоды ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру үшін:

- 1) аралас периоды ондық бөлшектің бөлшек бөлігін қажетінше разрядтық бірліктерге (10-ға, 100-ге, 1000-ға) көбейтіп, таза периоды ондық бөлшекке айналдыру керек;
- 2) таза периоды ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру керек;
- 3) алғашқыда аралас периоды ондық бөлшек қандай разряд бірліктеріне көбейтілсе, шыққан жай бөлшекті сондай разряд бірліктеріне бөлу керек.

Мысалы:

$$0,6(54) = [0,6(54) \cdot 10] \div 10 = 6, (54) \div 10 = 6 \frac{54}{99} \div 10 = 6 \frac{6}{11} \div 10 = \frac{72}{110} = \frac{36}{55}; 0,6(54) = \frac{36}{55}$$
$$3,71(63) = 3 + [0,71(63) \cdot 100] \div 100 = 3 + 71, (63) \div 100 = 3 + 71 \frac{63}{99} \div 100 = 3 + 7 \frac{7}{11} \div 100$$
$$100 = 3 + \frac{788}{1100} = 3 + \frac{197}{275} = 3 \frac{197}{275}; 3,71(63) = 3 \frac{197}{275}$$

Осы сияқты периоды бөлшектердің мектеп математикасындағы әртүрлі орындарын атап көрсетуге болады.

Периодты бөлшектердің кейбір ерекшеліктері

Барлық қарапайым бөлшек периодтық ондық бөлшек болып келетінін оқушы біледі. Периоды 0 немесе 9 болатын периодты ақырлы ондық бөлшек деп есептеуімізге болады. Периодтық бөлшекте күтпеген жағдайлар бар. Мына мысалдарға көз жүгіртсек:

$$\frac{1}{7} = 0,142857142857 \dots, \quad \frac{1}{12} = 0,0833333333 \dots, \quad \frac{1}{13} = 0,076923076923 \dots,$$

Біз бұдан $\frac{1}{7}$ мен $\frac{1}{13}$ бөлшектерінің периодтары үтірден кейін бірден басталатынын және 142857, 076923 периоды 6 цифрдан тұратынын көреміз, ал $\frac{1}{12}$ бөлшегінің периоды үтірден кейін 3-ші орыннан басталып және бір ғана 3 цифрынан тұр. $\frac{1}{7}$ мен $\frac{1}{13}$ бөлшектеріне мән бере қарасақ тағы бір жағдайды байқауға болады. Атап айтқанда, $N=142857$ деп алып ($\frac{1}{7}$ бөлшегінің периоды), N -ді біртіндеп 2, 3, 4, ..., ке көбейтеміз:

$$2N=285714, 3N=428571, 4N=571428, 5N=714285, 6N=857142, 7N=999999$$

Бұл сандардың алғашқы 5 санының N санының дөңгелектенуінен шыққанын көреміз: санның соңғы цифрлары алдына көшеді, ал $7N$ саны тек 9 цифрынан тұрады. Осы сияқты $\frac{1}{13}$ бөлшегінің периодын қарастырайық: $N=076923$

$$2N = 153846, 3N = 230769, 4N = 307692, 5N = 384615, 6N = 461538, 7N = 538461, 8N = 615384, 9N = 692307, 10N = 769230, 11N = 846153, 12N = 923076, 13N = 999999$$

Мұнда жағдай басқаша, бірақ бәрібір қызықты: $3N, 4N, 9N, 10N, 12N$ цифрлары N -нен айналып ауысқаннан, ал қалған: $2N, 5N, 6N, 7N, 8N, 11N$ сандарындағы цифрлар бір-бірін айналып ауысқаннан шығып отыр, соңында $13N$ саны тек 9 цифрынан тұрады.

9-дықтар эффектісі:

q 5-тен артық жай сан: $q > 5$; және $1 \leq p \leq q$. $\frac{p}{q}$ бөлшегінің периоды $2p$ орынды N саны деп ұйғарамыз. N_1 арқылы периодтың бірінші n цифрларын, N_2 арқылы периодтың соңғы n цифрларын белгілейміз. Сонда $N_1 + N_2 = 999 \dots 999$.

Тағы бір эффект: $\frac{1}{7}$ бөлшегінің периодын тағы да қарастырайық: $N=142857$. Оны квадраттайық: $N^2 = 20408128449$. Соңғы алты цифрды бөліп алып, қалған санға қосамыз: $122449+20408=142857$. Нәтижесінде тағы біздің период шықты.

Сонымен, қорыта келгенде айтатынымыз: жай бөлшектерді алымын бөліміне бөлу арқылы жай бөлшекке айналдыруда шектеулі бөлшектер сияқты шектеусіз ондық бөлшектердің шығатыны туралы түсінігімізді кеңейте түстік. Шектеусіз ондық бөлшекте қайталанып келетін сандардың шектеусіз ондық бөлшектің периоды екені, периоды бар бөлшектердің периоды бөлшектер болып табылатыны және периоды бөлшектер туралы қызықты жағдайларды, олардың мектеп математикасындағы орындарына тоқталып кеттік.

Әдебиеттер

1. Алдамуратова Т., Байшоланова К., Байшоланов Е. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018. – 160-167 б.
2. Андронов И.К., Окунев А.К. Арифметика рациональных чисел. – М.: Просвещение, 1971.
3. Горднер Д. Математические чудеса и тайны. – М.: Наука, 1986.
4. Столяр В.Г. Удивительные приключения периодических дробей // Квант – 1989. – №8. – С. 23-30

МРНТИ: 27.43

Заманбекова Г., Мадениятова Ж.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: **Нұрсұлтанова Г.К.**, физика-математика ғылымдары және информатика кафедрасының аға оқытушысы

ЫҚТИМАЛДЫҚ ЖӘНЕ ЖИІЛІК

«Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика» пәні келесі негізгі ұғымдардан басталады.

Салыстырмалы жиілік – бұл оқиға болған тәжірибелер санының барлық орындалған тәжірибелер санына қатынасы. $W(A) = \frac{m}{n}$

Ықтималдық – оқиғаның болатынына сенімділік дәрежесін анықтайтын сандық өлшем. Ол қолайлы нәтижелер санының эксперименттегі нәтижелердің жалпы санына қатынасымен анықталады.

Статистикалық тұрақтылық қасиеті (Үлкен сандар заңы): тәжірибенің қайталану санының артуымен оқиға жиілігі мен оның ықтималдығы арасындағы айырмашылық нөлге ұмтылады.

«Ықтималдық есептерді шығару әдістемесі» пәні бойынша өздік жұмыс ретінде біз өз баяндамамызда ұсынып отырған «Ықтималдық және жиілік» тақырыбы бойынша әзірленген материалды сабақ түрінде ұсындық.

1) Сынақ және оқиға:

2) Жиілік түрлері: абсолютті және салыстырмалы.

3) Оқиғаның ықтималдығы. Оқиғаның ықтималдығын анықтау алгоритмі:

Осы алгоритмге келесі есептерді ұсынамыз.

Тапсырма 1. Классикалық ықтималдық. Урнада 10 шар бар, оның 6-ы ақ. Кездейсоқ алынған шарың ақ болу ықтималдығын табыңыз.

Тапсырма 2. Геометриялық ықтималдық. Радиусы R шеңберге кездейсоқ лақтырылған нүктенің берілген шеңберге сызылған шаршыға түсу ықтималдығын табыңыз.

Тапсырма 3. Алмастырулары бар ықтималдықтар. Сөреге кездейсоқ қойылған 6 түрлі кітап бар. Екі нақты кітаптың жақын жерде болу ықтималдығын табыңыз.

Тапсырма 4. Алматырулар және орналастырулары бар ықтималдықтар. Бірінші қабаттағы 20 қабатты үйдің лифтіне 3 адам кірген. Олардың әртүрлі қабаттардан шығу ықтималдығын табыңыз.

Дағдылар: комбинаторика формулаларын пайдаланып ықтималдықтарды есептеу.

Алгоритм:

- барлық комбинациялардың санын санау. $C_{19}^1 \cdot C_{19}^1 \cdot C_{19}^1 = 19 \cdot 19 \cdot 19 = 6859$ $\bar{A}_{19}^3 = 19^3 = 6859$

- қолайлы нәтижелер саны: $A_{19}^3 = 19 \cdot 18 \cdot 17 = 5814$ немесе

$C_{19}^3 P_3 = \frac{19!}{3!16!} \cdot 3! = 17 \cdot 18 \cdot 19 = 5814$ әртүрлі қабаттардағы 3 жолаушы түсіру жолдары.

- ықтималдықты табыңыз $P(A) = \frac{5814}{6859} = \frac{306}{361}$.

Жиілік пен ықтималдық байланысты

Оқушыларға ықтималдық пен жиілік арасындағы байланысты түсіну үшін олардың қатысуымен эксперимент жүргіздік. Оқушылар 6 топқа бөлініп, тиын лақтыру арқылы бірқатар тәжірибелер жасады.

Тәжірибе (Эксперимент). Эксперименттік мәліметтер кестеге келтіріліп, салыстырмалы жиіліктер есептелді. Талқылау нәтижелері.

Серия номеры	1	2	3	4	5	6
Лақтыру саны	5	10	12	50	100	200
Ел таңба түсу саны	2	6	7	27	47	104
салыстырмалы жиілік	$\frac{2}{5} = 0,4$	$\frac{6}{10} = 0,6$	$\frac{7}{12} \approx 0,58$	$\frac{27}{50} \approx 0,54$	$\frac{47}{100} \approx 0,47$	$\frac{104}{200} \approx 0,54$

Қорытынды:

Салыстырмалы жиілік нәтижелеріне сүйене отырып, студенттер сынақтар саны неғұрлым көп болса, салыстырмалы жиілік 0,5-ке жақындайтынын байқайды. Сынау саны көп болса, жиіліктер соғұрлым аз өзгергіштікке ұшырайды. Математикадағы бұл бақылау Үлкен сандар заңы деп аталады. Кездейсоқ шаманың оның математикалық күтуінен ауытқуы оң санның абсолютті мәнінен аспау ықтималдығы теңсіздікпен анықталады:

$$P\left(\left|\frac{m}{n} - p\right| \leq \varepsilon\right) \geq 1 - \frac{pq}{n\varepsilon^2}$$

Мысал. Бөлшектің стандартты емес болу ықтималдығы 0,02. Осындай 5000 бөліктің арасындағы стандартты емес бөліктердің салыстырмалы жиілігінің айырмашылығы модулінің олардың ықтималдығынан ауытқуы 0,01-ден аспайтын ықтималдығын бағалаңыз. Жауабы $P \geq 0.961$

Сабақ нәтижесінде оқушылар:

- сынақ және оқиға ұғымдарын ажырату;
- абсолютті және салыстырмалы жиіліктерді анықтау;
- оқиғаның ықтималдығын есептеу алгоритмін қолдану білу;
- ықтималдық пен салыстырмалы жиілік арасындағы байланысты түсіну.

Қорытынды:

Кездейсоқ оқиға туралы алдын-ала айту мүмкін емес. Бірақ оның қаншалықты сенімді екендігі туралы айтуға болады. Оқиғаның ықтималдығы ықтималдықпен өлшенеді.

Литература

Книга:

1. Мустафаев А.П., Нурсултанова Г.К. Логика, комбинаторика, ықтималдық және статистика. – Алматы: Дайыр Баспа, 2018. – С. 22-30.

Публикация из материалов конференции:

2. Нурсултанова Г.К., Каирбекова Т. Орта мектепте комбинаторика, ықтималдық және статистиканы оқыту //Қажи Нұрсұлтанұлы атты III республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, – Семей, 2021. – С. 13-15.

Электронный ресурс:

3. Шыныбеков А.Н., Шыныбекова Д.А. Алгебра. Учебник для 9 класса общеобразовательной школы. – Алматы.: Атамура, 2017. – С. 121-126.

Мектеп математика оқулықтары

ҒТАХР:14.25.09:

А.Б. Слямбекова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **Ш.Г. Сагитова**, физика-математика ғылымдары және информатика кафедрасының аға оқытушысы

EXCEL БАҒДАРЛАМАСЫНДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

Математикалық есептерді шығару барысында уақытты үнемдеу үшін Microsoft Office Excel бағдарламасын пайдаланған тиімді. Ол математикалық амалдарды, күрделі есептеулерді жеңілдету үшін қолданылады. Бұл мақаланың негізгі мақсаты Microsoft Office Excel бағдарламасын қолдану арқылы математикалық есептердің жеңіл әрі жылдам шығатынын көрсету болып табылады.

Microsoft Office Excel бағдарламасы мектеп информатика курсына 8-сыныптан бастап оқытылады. MS Excel – Microsoft Office кестесі қосымшаларының құрамындағы электрондық кестелермен жұмыс істеуге арналған программа. Excel- ді «кестелік процессор» деп те атайды. Оның көмегімен кез келген кесте түрін жасауға, қуатты математикалық, статистикалық және қаржылық

есептеулерді жүргізуге мүмкіндік бар. Бағдарламаның жұмысы калькуляторға ұқсас, бірақ жұмыс істеу мүмкіндігі одан жоғары. Сол мүмкіндіктерді пайдалана отырып мақалада сандардың арифметикалық ортасын табу, сызықтық теңдеулер жүйесін шешу, берілген функцияның графигін салу есептерін қарастырамыз.

1. Сандардың арифметикалық ортасын табу

Мысал-1:

Тамыз айының бірінші аптасында ауаның температурасы: 24°C, 27°C, 22°C, 25°C, 30°C, 29°C, 32°C болды. Тамыз айының бірінші аптасындағы ауа температурасының орташа мәні неше градус болады? (1-сурет)

Бұл есепті шығару барысында бізге Excel бағдарламасында СРЗНАЧ (ауқымдағы сандардың арифметикалық ортасы) функциясы керек болады.

Есепті шығару алгоритмі:

1. A2:A8 ауқымына есепте берілген ауа температураларын енгіземіз;
 2. B9 ұяшығын таңдаймыз, бұл ұяшықта біз орташа мәнді көрсететін боламыз;
 3. Формула >Статистика >СРЗНАЧ қадамдарын орындаймыз;
 4. Ашылған терезеде A2:A8 ауқымын енгіземіз;
 5. Әрекетімізді «ОК» түймесі арқылы растауымыз;
- Сонда B9 ұяшында есептің жауабы шығады.

2. Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу

Мысал- 2:


Сызықтық теңдеулер жүйесін матрицалық әдіспен шығару керек

$$\begin{cases} 6x + 2y - 5z = 5 \\ x + 3y - z = -10 \\ 3x - 5y - 4z = 25 \end{cases}$$

Бұл есепті шығару барысында бізге Excel бағдарламасында МОБР(кері матрица), МУМНОЖ (екі массивтің матрицалық көбейтіндісі) функциялары керек болады (2-сурет).

Есепті шығару алгоритмі:

1. B3:D5 ауқымына A матрицасын (жүйенің кеңейтілген матрицасы), G3:G5 ауқымына B матрицасын (жүйенің бос мүшелер матрицасы) енгіземіз;
 2. Кері матрицаны есептеу үшін, кері матрицаны орналастыратын B8:D10 ауқымын ерекшелейміз;
 3. Функция >Математикалық>МОБР қадамдарын орындаймыз;
 4. Ашылған терезеде массивке A матрицасының ауқымын жазамыз;
 5. Бір уақытта <CTRL> + <SHIFT> + <ENTER> батырмаларын басамыз
 6. Ізделінді X матрицасын табу үшін, X матрицасы орналасатын G8:G10 ауқымын ерекшелейміз;
 7. Функция >Математикалық>МУМНОЖ қадамдарын орындаймыз;
 8. Массив1-ге кері матрица ауқымын, массив2-ге B матрица ауқымын жазамыз;
 9. Бір уақытта <CTRL> + <SHIFT> + <ENTER> батырмаларын басамыз
- G8:G10 ауқымына есептің жауабы шығады



Сурет 1

	A	B	C	D	E	F	G	H
1								
2		A матрицасы					B матрицасы	
3		6	2	-5			5	
4	A=	1	3	-1			-10	
5		3	-5	-4			25	
6								
7								
8		0,57	- 1,10	- 0,43			3	
9	кері матрица	- 0,03	0,30	- 0,03			-4	
10		0,47	- 1,20	- 0,53			1	
11								
12								

Сурет 2

3. Берілген функцияның графигін салу


Мысал-3:

Берілген тригонометриялық функцияның графигін салу: $y = 2 \sin x |\cos x|$, $x \in [-2; 2]$

Бұл есепті шығару барысында бізге Excel бағдарламасында $\sin \alpha$, $\cos \alpha$ және $abs ()$ математикалық функциялар керек болады.

Есепті шығару алгоритмі:

1. Кестені жасауда x -тің мәнін B8:B28 ауқымында есептің шартында берілгендей $x \in [-2; 2]$ аралығында, 0,2 кадаммен аламыз;
2. C8 ұяшығын $=2*\text{SIN}(B8)*\text{ABS}(\text{COS}(B8))$ формуласын енгізіп, enter батырмасын басамыз;
3. C8 ұяшығын C28 ұяшығына дейін көшіріп қоямыз, C8:C28 ауқымында y -тің мәндерін аламыз;
4. Кестедегі кез келген ұяшықты таңдаймыз;
5. Вставка (Кіріктіру) > Точечная (нүктелік) > Точечная гладкими кривыми (Тегіс нүктелік иір сызық) командаларын орындаймыз; Берілген функцияның графигін аламыз



Сурет 3

Excel әртүрлі математикалық есептерді шешуге арналған қуатты құрал. Бұл мақалада біз бағдарлама мүмкіндіктерінің аз ғана бөлігін қарастырдық. Берілген мысалдарды Excel бағдарламасында шығару арқылы уақытымыз үнемделді, бағдарламаны жұмыста немесе оқуда пайдалануға болады.

Әдебиеттер

1. Қадырқұлов Р.А., Рысқұлбекова Ә.Д., Нұрмұханбетова Г.К. Информатика. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық – Алматы: Алматы кітап, 2023. – 66-73 б.
2. Қадырқұлов Р.А., Нұрмұханбетова Г.К. Информатика. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық – Алматы: Алматы кітап, 2018. – 41-44 б.
3. Марал О. Математиканың кейбір есептерін Excel программасын пайдаланып шығару [Электрон. ресурс] – 2017. – URL: Математиканың кейбір есептерін Excel программасын пайдаланып шешу (infourok.ru)

ҒТАХР: 378.1

Е. Баймағанбетқызы

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **Бахтина Т.Д.**, аға оқытушы

ФИЗИКАДАН ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУ ЖОЛДАРЫ

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту болса, міндеттерінің бірі – білім алушының зияткерлік, рухани – адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеуде жалпыға бірдей білімді меңгерген, қазіргі жаңа білім, білік және дағдыларды өз бетінше игере алуы өте маңызды. Бұл тұрғыда оқушылардың сабақ барысында өздік жұмыстарын ұйымдастыру аса маңызды рөл атқарады. Оқушылардың өздік жұмысы- оқыту үдерісінің ажырамас бөлігі.

Өздік жұмыстың келесі түрлері мен формаларын ажыратып көрсетуге болады. Өздік жұмыс (оқыту формасына байланысты) болуы мүмкін: жеке, топтық, жұптық, фронтальды.

Өздік жұмыс (мақсатқа байланысты) болуы мүмкін: оқыту, жаттығу, бекіту, дамыту, шығармашылық, бақылау.

Өздік жұмыс (оқушы санына байланысты) болуы мүмкін: ұжымдық (бүкіл ұжым қамтылған), топтық (2 және одан көп адамнан тұратын топтар), жеке (бір адам).

Өздік жұмыс (орындау/өткізу орнына байланысты) болуы мүмкін: сыныпта орындалатын, сыныптан тыс орындалатын.

Бұл өздік жұмыстың барлық түрлері мен формалары емес. Бірақ, кемдегенде, осыларды біле отырып, өзіндік жұмыс ұғымын тек бақылау тапсырмаларын орындау деп айтуға болмайды деген қорытынды шығады.

Өздік жұмысты ұйымдастыруда мына жағдайларды ескеруіміз керек:

1) Өздік жұмыстың мақсаты мен мазмұнын анықтау. Өздік жұмысты ұйымдастыру жоспарын жасау

2) Оқушының жұмыстарына бағыт беру.

3) Өздік жұмыстың мазмұны бағдарламаға қойылатын талаптарға сәйкес келуі Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиісті.

4) Өздік жұмыстар түрі және мазмұны жағынан әр түрлі болуы керек.

5) Өздік жұмысты тек қайталау кезінде ғана жүргізбей, сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек.

Өздік жұмыс ұғымын түсінгеннен кейін, оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыру деген не және ол қалай өтетінін түсіну қажет. Оқушыларды жұмыс жүргізудің нақты талаптарымен, тәртібімен таныстыру керек. Мысалы, оқулықпен жұмыс жасаудың мынадай жалпы талаптары қойылады:

- Мәтінді онда айтылған ойдың тиянақтылығына қарай бөліктерге бөлу.

- Мәтін бойынша жоспар құру. Мұнда мәтіннің мазмұнына қарай физикалық құбылыс, заң немесе физикалық теорияны, технологиялық процессті оқып үйренудің алгоритмдерін ұсынамын. (қосымшалар)

Тәжірибелерді бақылау, олардан қорытынды жасау – оқушылардың белсенді жұмыс түріне жатады. Осы кезде оқушыларға мынадай талаптар қойылады:

- Маңызды фактілерді бөліп алу.

- Құбылыстарды, тәжірибе барысын қысқа түрде жазып отыру.

Жаппай эксперименттік тапсырмалар ретінде тақырыппен тікелей байланысты тәжірибелер, бақылаулар, өлшеулер ұсынылады. Тапсырмаларды тандап алуда көбінесе арнайы әдістемелік құралдарды пайдаланамын. Жаппай эксперимент кезінде оқушыларға төмендегідей талаптар қойылады:

- Оқушының өзіне проблемалық сұрақ қоя білуі;

- Мәтіндік материалды толықтыра түсуге мүмкіндік алуы.

Физикалық құралдардың құрылысын оқып үйрену үшін оқушыларға модель немесе сызба ұсына отырып, мынадай алгоритм ұсынылады:

- Құралдың қызыметін білу;
- Жұмыс істеу принципін білу;

Сыныпта және үйде жаттығулар орындап, есептер шығару кезінде оқушыларға өзіндік жұмыстарды орындаудың мынадай талаптары ұсынылады;

- Физиканың жалпы қағидаларын, заңдарын білу және қолдана білу;
- Есептің мағынасын ұғыну және есептің негізіне қандай физикалық құбылыстар мен заңдылықтар алынғанын түсіну;

Өзіндік зертханалық жұмыстарды орындау кезінде оқушыларды мынадай принциптерді үнемі сақтап отыруға үйретеді.

- Жұмыстың мақсатын нақты білу;
- Пайдаланылатын өлшеуіш құралдарды игеру (нөлдік қалпын, бөлік құнын, құралды қосу ережелерін, олармен жұмыс істеу тәртібін).

- Техника қауіпсіздігі ережелерін білу;

Қорытындылай келе, мектепте бастау алған өзіндік жұмыс – болашақта тұлғаның жеке индивид болып қалыптасуының бастамасы деп ойлаймыз. Оқушы тек қана дайын үлгідегі тапсырманы қайталап орындамай, өз бетімен тапсырманы орындау арқылы пәнге деген қызығушылығын арттырады. Әр оқушының білім деңгейіне орай әзірленген өзіндік жұмысты орындау арқылы оқушы уақытын үнемдеп, алға қарай жылжуына қадам жасайды.

Білім алушылардың оны өздігінен және ынталы түрде орындайтындай болуы керек. Алайда мынаны естен шығармаған жөн: оқытудың әр кезеңінде ұсынылатын әр жұмыстың мазмұны мен көлемі білім алушылардың деңгейіне сай және білім алушылар жұмысты орындауға теориялық, практикалық жағынан дайын болуы тиіс.

Алғашқы кезеңде білім алушылар өзіндік жұмыстың қарапайым дағдыларын қалыптастырады (тізбектерді құру және сызбаларды орындау, қарапайым өлшеулерді жүргізу, жеңіл есептерді шығару т.с.с.). Өзіндік жұмыс алдында оқытушы жұмыстың орындалу әдістерін тақтаға жазып көрсетіп, нақты түсіндіреді. Оқытушының көрсеткеніндей білім алушылардың жұмысты өздігінен орындауы, оған еліктеу сипатында болады. Ол білім алушылардың жұмысты өздігінен орындауын жетілдірмей, алайда одан да күрделірек ікемдіктер мен дағдыларды қалыптастыруда, әр түрлі есептерді шешуде осы әдістерді пайдалануы, олардың өз әдістерін ойлап табуына ықпал етеді.

Өзіндік жұмыста дайын жолмен шешілетін тапсырмалар емес, керісінше әр жаңа жағдайға алған білімдерін қолданатындай тапсырмалар беріледі. Тек сонда ғана өзіндік жұмыс білім алушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Физиканың механика, молекулалық физика, электр және магнетизм, оптика, атомдық және ядролық физика бөлімдердің бағдарлама бойынша оқытылатын сағаттар көлемі әр түрлі, сонымен бірге физика мамандықтар бағдарламасында осы әр бір бөлім жеке пән ретінде оқытылады. Сондықтан осы оқу-әдістемелік құрал ішіне білім алушылардың өз бетінше шығаратын тапсырмалардың бір неше түрлері келтірілген. Бағдарлама бойынша оқытылатын сұрақтарды түсіну, толықтыру, бекіту, білім деңгейлерін бақылау үшін тапсырмалар енгізілген.

Білім алушылардың оқытушы мен өзіндік жұмысын ұйымдастыру кезінде осы оқу-әдістемелік құралды үйге жеке тапсырмалар, өзіндік жұмыс, бақылау жұмыс ретінде қолдануға болады. Көпнұсқаулы есептерді оқытылатын теориялық сұрақтарды бекіту үшін орындауға болады, олардың бір жалпы шарты жалпы түрде тұжырымдалған, ал әр бір нұқсасында жұлдызшамен белгіленген шамаларын іздеп табу қажет.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. Қазақстанда білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша: бек. 27 желтоқсан 2019 жыл, № 988. – 2 б.
2. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития: – Казань: Центр инновационных технологий, 2000. – 153 с.
3. Потапов А.С. Самостоятельная работа в высшей школе как педагогическая проблема: – Новосибирск: Издательство НИИПКРО, 2006. – 166 с.
4. Денисова Е.А. Организация самостоятельной работы студентов: – Тольятти: Изд-во ТГУ, 2016. – 78 с.
5. Жарова Л. В. Учить самостоятельности: – Москва: Просвещение, 1993. – 205 с.
6. General Catalogue. Oregon State University. – 2014-2015.

Н.Б. Берікова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: А.Т. Рахимбердина, аға оқытушысы

КИНЕМАТИКА ҰҒЫМДАРЫН ТҮСІНДІРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Орта мектеп физикасының «Механика» бөлімі кинематикадан басталады, бұл кезде қозғалысты туу себептері қарастырылмайды. Кинематиканың орта мектеп физикасында алатын орны ерекше. Біріншіден, бұл тақырыпта классикалық механиканың физикалық теориясының негізгі құраушылары болып табылатын көптеген физикалық ұғымдар: материялық нүкте, абсолют қатты дене, координата, радиус-вектор, орын ауыстыру, жылдамдық, үдеу ұғымдары қарастырылады. Екінші жағынан бұл ұғымдар физиканың келесі бөлімдерін оқыған кезде әртүрлі денелердің қозғалыстарын қарастырғанда қолданылады.


Кинематиканы оқып-үйренген кезде механиканың негізгі міндетінің мағынасы ашылады: дененің кеңістіктегі орнын анықтап қана қоймай, материялық нүктенің кез-келген уақыт мезетіндегі координаталарын немесе радиус векторын анықтауға болады.

Кинематикада «санақ жүйесі» ұғымы енгізіледі, ол қарастырылып отырған физикалық шамалардың абсолют және салыстырмалы сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік бере отырып, қазіргі заманғы мектеп физикасында қолданылатын салыстырмалылықтың негізін қалайды. Осылардың барлығы оқытылатын физикалық құбылыстар мен ұғымдарды маңыздылығын және оқыту кезінде оқушылардың оларды терең және саналы түрде меңгерулерінің қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен, кинематикада механикалық қозғалыспен оның негізгі сипаттамаларын физикалық құбылыс ретінде оқытылады. Механикалық қозғалыс ұғымы дененің немесе дене бөліктерінің кеңістікте бір-бірімен салыстырғанда орнының өзгеруі ретінде анықталады, яғни механиканың негізгі есебі қалыптастырылады. Осыған байланысты дененің қозғалыстың кез-келген уақыт мезетіндегі орнын және оны сипаттайтын физикалық шамалар енгізіледі.


Кинематиканың негізгі ұғымдары координата, траектория, радиус-вектор, жол, орын ауыстыру, үдеу. Бұл жағдайда механикалық қозғалысты сипаттау үшін кинематикалық шамалардың арасындағы байланысты, яғни материялық нүктенің (дененің) қозғалыс теңдеуін жаза алу қажет.

Мектеп физика курсына кеңістіктегі дененің орнын анықтаудың екі түрлі жолы бар. Бірінші әдіс – координаталық, бұл кезде дененің кеңістіктегі орны координаталармен беріледі. Орын ауыстыру материялық нүктенің бастапқы және соңғы орындарын қосатын вектор ретінде алынады. Орын ауыстырудың координата осьтеріндегі проекцияларын біле отырып орын ауыстырудың модулін анықтауға болады (1-сурет). Осылай қозғалысты сипаттау координата-векторлық деп аталады, қозғалыстың кинематикалық теңдеуі материялық нүкте координаталарының уақытқа тәуелділік теңдеуі болып табылады: $x = x(t)$; $y = y(t)$; $z = z(t)$.



Сурет 1

Екінші әдіс – векторлық әдіс, материялық нүктенің радиус-векторды уақыт функциясы деп алып, материялық нүктенің кинематикалық теңдеуі мына түрде беріледі: $\vec{r} = \vec{r}(t)$ (2-сурет). Қозғалысты радиус-вектор арқылы сипаттаудың қиындығына қарамастан радиус-вектор арқылы орын ауыстыру ұғымы арқылы жылдамдық пен үдеудің векторлық сипаттамасының мағынасы ашылады, олардың векторлық сипаттамалары динамиканы оқығанға дейін жеткілікті түрде беріледі. Қозғалысты радиус-вектор арқылы сипаттаудың қиындығына қарамастан радиус-вектор арқылы орын ауыстырудың, жылдамдық пен үдеудің векторлық сипаттамалары ашылады, олардың векторлық сипаттамалары динамиканы оқығанға дейін жеткілікті түрде беріледі.



Сурет 2

Траектория формасына байланысты қозғалыстар түзу сызықты, қисық сызықты болып екіге бөлінеді. Материялық нүктенің жылдамдығы мен үдеуін ұғымдары барлық қозғалыс түрлерін қозғалыс сипаттамасына байланысты классификациялауға (бірқалыпты, бірқалыпсыз, бірқалыпты үдемелі) мүмкіндік береді. Қарастырылатын қозғалыс түрлері әдетте координата-векторлық әдіс негізінде беріледі. Оқушылардың математикадан алған білімдерін қолдана отырып «санак жүйесі», «нүкте координатасы», «орын ауыстыру», «траектория» ұғымдарын енгіземіз.

Тақтаға координата жүйесін сызып дененің бастапқы координатасын белгілеп аламыз да, бормен траектория сызып дененің екінші орнын көрсетеміз. Осыдан кейін орын ауыстыру векторын сызып, жолды көрсетіп алып дененің екінші орнын табу үшін орын ауыстыру векторын көрсетудің жеткілікті екендігіне көз жеткіземіз. Берілген қозғалысты талдай отырып координата, орын ауыстыру, жол ұғымдарын ашып көрсету керек..

Жылдамдық және үдеу ұғымдары материялық нүктенің координатасы мен орын ауыстыру ұғымдарын енгізу әдістеріне байланысты. Лездік жылдамдық ұғымы кез-келген жылдамдық үшін орынды. Жоғары сыныптарда жылдамдық ұғымы түзу сызықты және қисық сызықты қозғалыстарда векторлық шама ретінде беріледі.

Ең алдымен бірқалыпты қозғалыс кезіндегі орташа жылдамдықты енгіземіз, бұл жағдайда дене кез-келген бірдей уақыт аралығында бірдей орын ауыстырады деп аламыз. Әртүрлі денелердің бірқалыпты қозғалыстары әртүрлі болады, осы кезде жылдамдық ұғымын енгіземіз және міндетті түрде эксперимент көрсету қажет. Бірқалыпсыз қозғалыс кезінде орташа жылдамдық ұғымын скаляр шама ретінде таныстырамыз. Оқушылар орташа жылдамдықты бастапқы және соңғы жылдамдықтардың орташа арифметикалық шамасы ретінде табуға тырысады, бірақ ол тек бірқалыпты үдемелі қозғалыста ғана орынды екеніне көздерін жеткізу үшін әртүрлі қиындықтағы есептерді шығарамыз. Оқушылардың жылдамдық ұғымының физикалық мағынасын түсіну күнделікті өмірдегі әртүрлі қозғалыстарды қарастырып, қажет болған жағдайда кестелер, презентациялар, бейне фильмдер көрсеткен дұрыс.

Үдеу ұғымын енгізу әдістемесі де лездік жылдамдық ұғымын енгізуге ұқсас. Ең алдымен бірқалыпсыз қозғалыс қарастырылып, яғни дененің жылдамдығы бірдей уақыт аралығында бірдей шамаға өзгеріп отырады. Осы арқылы үдеудің жылдамдықтың шама және бағыт жағынан өзгеру шапшаңдығын сипаттайтын шама екендігіне көз жеткіземіз. Барлық кинематика ұғымдарымен толық таныстырғаннан кейін алған білімдерін бақылау мақсатында тест түрінде бақылау жұмысын алуға болады.

Әдебиеттер

1. Қазақбаева Д.М. Мектепте жаратылыс-ғылыми білім беруді дамытудың теориясы мен практикасы: монография. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 256 б.
2. Құдайкүлов М., Жаңабергенов К. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. Мұғалімдер мен студенттерге арналған құрал. – Алматы: Рауан, 1998. – 310 б.
3. Ақитай Б.Е. Физиканы оқыту теориясы мен әдістемелік негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 280 б.
4. Башарұлы Р. Физика және астрономия оқыту әдістемесі. – Алматы.: Атамұра, 2017.


К.Ж. Әділғажиева
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Т.А. Такирова**, оқытушы

МЕДИЦИНАДАҒЫ ФИЗИКА ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР

Мақсаты: физика саласының медицинаның дамуына қандай әсер ететінін; медицинада қолданылатын физикалық құбылыстарды анықтау.

Міндеттері: Физика және медицина туралы түсінікті білу; Физика мен медицина арасындағы байланысты анықтау; Заманауи медициналық құрылғыларды ойлап табуда физиканың маңыздылығын көрсету.

Медицинада қолданылатын кейбір физикалық құбылыстарды талдау. Физика және медицина туралы түсінік. Физика – табиғат туралы ғылым, жаратылыстанудың бөлігі. Медицина – денсаулықты нығайту және сақтау, адамдардың өмірін ұзарту, адам ауруларының алдын алу және емдеу мақсаттары болып табылатын ғылыми білім мен практикалық қызмет жүйесі. Дәрігерлер қолданатын барлық құралдар, скальпельден бастап, дәл диагноз қою үшін ең күрделі параметрлерден бастап, физика әрдайым маңызды рөл атқарады. (1-сурет)



Сурет 1

Медицина мен физиканың байланысы. Физиканың медицинамен тығыз байланысы нәтижесінде медициналық физика қалыптасады. Медициналық физика, физика тұрғысынан адам жүйелері мен мүшелерін зерттеуді қамтиды:

- қаңқа және бұлшықет – механика, серпімділік және тұрақтылық теориясы;
- көз және көру – оптика;
- есту – акустика;
- жүрек және қан тамырлары – гидравлика;
- тыныс алу жүйесі және метаболизм – диффузия.

Физиканың маңыздылығы. Физиотерапия. Адамдардың денсаулығында физиотерапия маңызды рөл атқарады. Егер адам кенеттен тыныс алуын немесе жүрек соғуын тоқтатса, онда, әдетте, оны өмірге қайтаруға тырысады. Жанама жүрек массажын орындау әрқашан ыңғайлы емес, сонымен қатар қауіпті. Дәрігерлерге «дефибриллятор» деп аталатын құрылғы көмектеседі. Міне, физиканың медицинадағы тағы бір қолданылуы. Құрылғыны жасаушылар оны іске қосу үшін адам жүрегінен қандай ток өтуі керек екенін есептеп шығарды (2-сурет).



Сурет 2


Физика ауруларды анықтауға көмектеседі. Ауруларды диагностикалауда сүйектер мен өзгерістерді жұмсақ тіндердегі анықтау үшін рентген сәулелері кеңінен қолданылады. Рентгенология – ағзалар мен жүйелердің құрылысы мен қызметін зерттеу және ауруларды диагностикалау үшін рентген сәулелерін қолдануды медицина саласы. Рентген сәулелерін неміс зерттейтін физигі Вильгельм Рентген (1845 – 1923).

Медицинадағы лазер. Медициналық лазер қансыз скальпель ретінде пайдаланылады, офтальмологияда көруді түзету, көздің торлы қабығының бұзылуын және косметологияда (тері пигментация аймақтарын кетіру, тыртықтарды кетіру) эрбиум лазері қолданылады (3-сурет).



Сурет 3

Кварц – ультракүлгін сәулеленуді қолдану арқылы залалсыздандыруға бағытталған физиотерапиялық процедура. Құлақ, мұрын және тамақ клиникаларында кварц құрылғысы қолданылады. Сәулелену бірнеше жоғары қысымды қамтамасыз етіледі (4-сурет)



Сурет 4



Сурет 5

Қазіргі кезеңде емдеу ісінде түрлі дәрі-дәрмекпен қатар, сан алуан физикалық факторлар арқылы емдеу де кең тараған. Оған мысал ретінде электрофорез. Электр тогының көмегімен тіндерге дәрілік затты енгізу. Техника косметологияда жиі қолданылады: электрофорез тез емдейді және тұрақты қартаюға қарсы әсер береді және көптеген басқа танымал косметологиялық процедуралармен тамаша үйлеседі (5-сурет).

Адам ағзасында орын алатын көптеген құбылысты шартты түрде анатомиялық, физиологиялық, химиялық және физикалық деп бөлу қалыптасқан. Соның ішінде жүректің қан айдауын, көру, есту, сезіну, бұлшық еттің жиырылу және басқа физиологиялық құбылыстарды физиканың заңдылықтары арқылы ғана түсіндіруге болады. Қан тамырлар жүйесінің күйін анықтау, яғни қан тамырларының қанға толуын зерттеу электрореография әдісі де физиканың Ом заңы негізінде жүргізіледі. Мұның да негізінде физикалық құбылыс жатыр.

Қорытындылай келе, кез келген басқа ғылым сияқты медицинада физика маңызды рөл атқарады. Барлық физикалық білімнің әлеуеті қазіргі уақытта медицинада кеңінен қолданылатын әртүрлі құрылғыларды жасауға негіз болды. Осы білімнің көмегімен медицина жаңа деңгейге көтерілді. Физикалық құрылғылар ауруларды зерттеу мен емдеуді айтарлықтай жеңілдетті. Физиканың медицина үшін маңызы үш жағдайға байланысты:

1. физика биологиялық процестерді дұрыс түсінуге негіз жасайды;
2. ол қазіргі заманғы медициналық техниканың теориялық базасы болып табылады;
3. клиникалық диагностика мен емдеудің физикалық әдістерін, сондай-ақ күрделі биологиялық жүйелерді зерттеуді білумен қаруландырады.

Әдебиеттер

1. <https://stud.kz/referat/show/118197#&gid=1&pid=5>
2. <https://glingva.ru/coauthorship/works/detail.php?ID=5208>

Ә.А. Жақыпбаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
 Ғылыми жетекші: **Б.С. Желдыбаева**, п.ғ.к., физика-математика ғылымдары және
 информатика кафедрасының доцент м.а.

ФИЗИКА ПӘНІН ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Үштілдік туралы білім және ғылым саласы қызметкерлерінің ІІІ съезінде: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы. Ал орыс тілін жақсы білу – біздің байлығымыз» деп қабылдады, ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Осыдан түйгенім, мектеп жасынан бірнеше тіл меңгеру және басқа пәндерді оқу процесінде үштілділікті пайдалану білім алушыларға білім кеңістігінде еркін дамуға, ғылыми жаһандандудың шыңына жетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушы бойында мәдени, саяси, қоғамдық өркениетті меңгеруге қажетті қабілеттер, оқушылар арасындағы адекватты бәсекеге басымдылық сынды жаңа қасиеттерді дамиды.

Зерттеу жұмысы аясында әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне көз жүгіртсек. Сауалнамаға университетіміздің бірінші және екінші курс студенттері, сонымен қатар ағылшын үйренуші ортам қатысты. Сауалнама 9 сұрақтан тұрады. Жиыны 36 студент қатысты. Нәтижесінде, білім алушылар үш тілді білім беруді қолдайды, жауап берушілердің басым пайызы үш тілді білу кәсіби дамуға әсер ететінін және мүмкіндіктерді көбейтетінін растады. Сауалнамаға қатысушылар арасында орыс тілін В2 және ағылшын тілін В1 деңгейінде білетіні, орыс және ағылшын тіл деңгейлерін 83,4 % қатысушы жоғарылатуға құлшынысы бары анықталды.

Үш тілде білім беру жолдары:

Моральді және психологиялық даярлық

* Пәнаралық байланыстар қалыптастыру

* Білімді шындай білу қабілеті арқылы

* Кіріктірілген ресурстарды пайдалану

* Визуалды ресурстар пайдалану

Менің физика пәнін үш тілде оқыту үшін ұсынатын методикам ерекше. Бұл бағытта 3 тілге тән түрлі 3 методиканың тоғысуынан туындайтын интеграцияны алға тартамын. Педагог мамандар жиі қолданатын Ж.А. Қаратаевтың «Деңгейлеп, салап оқыту», Ян Амон Коменский ұсынған «Табиғи оқыту әдісі» («Методика естественного обучения») және ағылшын ғалымы Джонатан Мартин ұсынған «Төңкерілген сынып» («Flipped classroom») әдістерін байланыстыруды қарастырамын. Бірінші деңгейлеп саралау әдісінен физиканы үш тілде оқытудың тиімді тұстарын атап өтсем: бұл методика арқылы білім алушы білімін қарапайым деңгейден шығармашылық деңгейге дамытаы. Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Басқаша айтқанда, үйде оқушылар сабақты өздері оқып, түсінеді ал сыныпта үй тапсырмасын орындайды, сол арқылы оқу үрдісін төңкереді.

Бұл әдістің ерекше артықшылығы:

- Оқушымен жеке жұмыс жасауы;
- Оқушылардың сабаққа белсенді қатысуы;
- Оқушылардың сабақтан тыс оқуы;

- Қызығушылық танытқан оқушылар бірін-бірі оқытады, ал оқу үрдісі оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылады;
- Оқушылар жеке оқуға уақыттарын бөледі.

Оқушылардың өз бетінше, ізденуіне жол ашады, шығармашылық жұмыстарға баулиды, қиялын, ойын ұштайды. Ұстазға әртүрлі деңгейдегі балаларға бірдей көңіл бөліп, олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл тұста ана тілінен бөлек орыс және ағылшын тілдерін меңгерту аса жеңіл. Білім алушылар бірдей деңгейде білім алумен қатар үнемі ұстаздан көмек ала алады. Осы тұста ұстаздың жетекшіліктегі аса маңызды міндеті-оқушыға мәселенің шешмін тауып беру емес, дұрыс жолға нұсқау беруі, оның өз бетінше есепті не болмаса мәселені шеше алатынына сенім арттыру. Коменский өз әдісін бала тәрбиесі мен табиғатымен ұштастырған. Философиялық көзқараспен туындаған бұл әдіс жаттанды және қысқа уақытқа есте қалатын ақпаратқа тікелей қарсы.

Керісінше, оқушы физикалық құбылыстардың табиғаттан алынатынын және оның түп мәні өмір мен субъектілердің мәнін түсіну екенін ұғынуы тиіс. Яғни, концентрация баланың ақпаратты есте сақтауы мен алған білімін өмірде пайдала білуіне қойылған. Соңғы әдіс төңкерілген сынып. Бұл методика 7 сатыдан тұрады, оның негізі блум таксономиясында жатыр.

Қалыпты сабақ процесінде білім алушылар ақпаратпен танысып, аз уақытта алған білімін бекітуге тырысады. Ал бұл әдіс керісінше баланың ақпарат көзін сыныптан тыс уақытта жеке дара қабылдауын қарастырады, жалғасы ретінде сабаққа ақпаратпен танысып келген оқушылар топтық, жұмыс арқылы бірегей тапсырмалар орындайды. Мұғалім дайындаған онлайн контент арқылы тақырыпты түсініп, біліп, талдап келеді де, сынып аясында алған білімін қолданып, жинақтап бағаланады. Аталған үш әдістің тоғысуы менің бақылауымша тиімді нәтиже береді. Әр методика оқушының жеке дара қасиеттерін дамыта отырып, тіл меңгерудегі мүмкіндіктерін ашады.

Интеграцияның бұл түрін ұсынуым жаңа бір методиканы ойлап табу мақсатында емес, түрлі методикалардың үш тілде физиканы оқыту процесіне оңтайлы әсер ету аспектілерін алға ұсынуымда. Ең бастысы, білім алушылардың тұңғыш елбасымыз атап өткендей ана тілім ғылым мен ілімді толық қанды түсінуінде және орыс тілі арқылы халықаралық қатынастарға шығуға мүмкіндік алуында, ағылшын тілі арқылы жаһандық экономика есігін ашуда оңтайлы пайдалануды ұсыну. Сауалнама нәтижесі көрсеткеней білім алушылар үштілді білім беруді қолдайды, жауап берушілердің басым пайызы үш тілді білу кәсіби дамуға әсер ететінін және мүмкіндіктерді көбейтетінін растады. Бұл бізге физика пәнін үш тілде оқытудың маңызы мен қажеттілігін анық көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей, 2012.
2. Е.Н. Қалыптастырушы бағалау: әдістемелік құрал / Астана: Назарбаев Зияткерлік мектебі ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы.
3. Қазақбаева Д.М. Мектепте жаратылыс-ғылыми білім беруді дамытудың теориясы мен практикасы: монография. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 256 б.
4. Құдайқұлов М., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. Мұғалімдер мен студенттерге арналған құрал. – Алматы: Рауан, 1988. – 310 б.

ҒТАХР: 535.241.

Н. Махан

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшілері: **Оспанова Ж.Е.**, аға оқытушы

Ахметова А.Т., оқытушы

КҮН ЭНЕРГИЯСЫ – БОЛАШАҚТЫҢ САРҚЫРАМАС ЭНЕРГИЯ КӨЗІ

Жер шарынан жүз қырық жеті миллион шақырымда орналасқан күн жүйесіндегі жалғыз жұлдызымыз-Күн, ғаламшарымыздан 333000 есе үлкен. Оның диаметрі 1,4 млн. шақырым, беткі қабатында температурасы 5600°C болса, ядросында температура 15000000°C-ге дейін жетеді. Тікелей не жанама түрде Күн Жер бетіндегі бізге қажетті қуат көзі мен барлық тіршілік формаларының өмірін қамтамасыз етеді.

Күн электр энергиясы - тамаша концепция, ал Күннен қуат көзін алу және оны электр қуатына айналдыру-өте керемет идея. Мұнда тұрақты электр шоттары жоқ, резеткаға деген тәуелділік жоқ, табиғи, шексіз әрі тегін энергия көзі. Бірақ шынайы бұл мәселе біршама өзгешерек. Дегенменде, энергияны тек Күн арқылы өндіру, қай қырынан алып қарасақта - өте құнды ресурс.

Бүгінгі таңда сарқылмас энергия көздерін өндіру және күнделікті еркін қолданысқа енгізу жаһандық деңгейдегі ең негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан әр адамда күн энергиясының жұмысы туралы түсінік болу керек деген ойдамын.

Күн көзі күннің терең ортасында орналасқан және ол қарқынды ядролық белсенділік кезінде көп мөлшерде радиация тудырады. Кейіннен бұл сәулелер фотондар аталатын жарық энергиясын тудырады. Фотондардың белгілі бір физикалық массалары болмайды, бірақ үлкен көлемде энергия мен импульстерді алып жүреді. Әртүрлі фотондар әртүрлі ұзындықтардағы жарық толқындарын тасымалдайды. Фотондардың кейбір түрлері көзге көрінбейтін жарықты, яғни ультракүлгін және инфрақызыл толқындарын тасымалдайды. Уақыт өте келе бұл фотондар Күн ортасынан сыртқа итеріле бастайды. Фотондарға Күннің ядросынан беткі қабатына шығуы үшін бір миллион жыл уақыт қажет. Фотондар Күн бетіне шыққан сәттен бастап ғарышқа 1080 км/сағ дейінгі жылдамдықпен тарайды. Олар Жерге 8 минутта жетеді. Күннен Жерге жету жолында фотондар басқа бөлшектермен соқтығысуы және сонымен қатар радиацияны жұтып, нәтижесінде жылу шығаратын кез келген затпен жанасқанда жойылуы мүмкін.

Күн электрінің жұмыс істеу принципі. Күн панелі фотоэлектрлік эффект арқылы электр өндіреді, бұл құбылыс 19 ғ. басында ғалымдар белгілі бір материалдарға жарық әсер еткенде электр тоғын шығаратынын байқаған кезде ашылған. Бұл эффектіні жасау үшін жартылай өткізгіш металдардың екі қабаты біріктірілген. Күн сәулесінің әсерінен материал қабаттары жарықты сіңіреді. Бұл процесс электрондарды қоздырады, нәтижесінде олардың кейбіреулері бірінші қабаттан екінші қабатқа секіру арқылы электр зарядын тудырады. Күн батареясын құру үшін қолданылатын жартылай өткізгіш материал-жұқа пластиналарға бөлінген кремний болып табылады. Фотон кремниймен жұтылған кезде электр тоғы пайда болады. Күн ұшықтары жұтқан фотондар (яғни, жарық қарқындылығы) неғұрлым көбірек болса, соғұрлым ток та көп болады. Күн ұшықтары электр энергиясының көп бөлігін тікелей күн сәулесінен жасайды. Дегенмен, олар бұлтты күндері де электр энергиясын өндіре алады.

Қазақстандағы күн электр энергиясы нарығына талдау жасалынды. 2022 жылдың деректеріне сәйкес Қазақстанда жалпы қуаты 55 МВт болып саналатын Күн электр станциялары іске қосылуда. Жылдың соңында бұл көрсеткіш 290,6 МВт болатын 10 ЖЭК-ке дейін жетті. Бұл жобаны ұйымдастырып отырған Самұрық-Энерго АҚ энергия өндіру ұйымы, алған кезеңдерге сәйкес электр өндіру көлемі 12 млн кВтс-тан астам көрсеткішті құрайды, сонымен қатар бұл компания Қазақстанның электр энергия нарығының 30,7% иеленіп көшбасшылық орында. Талдау бойынша 2021 жылға қарағанда 2022 жылда кәсіп орындардың электр энергиясы тұтыну индексі 104,4% құрайды. Өндіріс көлемі 15 өңірлерде байқалып отыр.

Күн электр қондырғысын жасау кезінде таңдауға болатын төрт түрлі конфигурация бар. Бұл автономды, желілік байланыстыру, қуат резерві бар желілік байланыс және желілік кері байланыс. Қысқаша тоқтала кететін болсақ:

Автономды қондырғылар – бүкіл әлемдегі күн қондырғыларының ішінде ең танымалы болып табылады. Негізгі мақсаты: оңай қолжетімді энергия көздері жоқ жерлерде электр энергиясымен қамтамасыз ету. Әдетте барлық автономды қондырғылар бірқалыпты жұмыс атқарады: күн панельдері энергия өндіреді; энергия батареяларда сақталады; кейін энергия қажет мөлшерде жұмсалады. Жалпы алғанда, автономды жүйелер салыстырмалы түрде ең жоғарғы қуаты 1 кВт мөлшеріндегі шағын жүйелер болып табылады.

Желілік байланыстыру қондырғылары – Еуропа және АҚШ-та танымал болуда. Бұл орнату шығындарын азайтуға арналған гранттардың болуымен және электр энергиясын электр энергетикалық компанияларға сату мүмкіндіктерімен ерекшеленеді. Компаниялар күн энергиясын өндірушілерден 1 кВт/сағ келісілген тариф бойынша электр энергиясын сатып алады. Кейбір елдерде үкімет халықты күн батареяларына ынталандыру үшін тариф сомасын көтеріп қойса, енді бірінде бағаны компаниялармен өндірушілер өзара келіседі. Жүйеге қосылу кезінде күндізгі уақытта үйіңіз күн энергиясымен жұмыс істейді. Сіз өндірген кез келген артық энергия желіге беріліп отырады.

Қуат резерві бар желілік байланыс қондырғылар – жұмыс істеу принципі желілік қондырғыдағыдай, күн энергиясын өндіру арқылы пайдаланып, артығын сатасыз. Айырмашылығы-батарея қоры қуатты пайдалануды электр қуаты үзілген жағдайда да сіздің жүйеңізден қамтамасыз етуді жалғастырады.

Желілік кері байланыс қондырғылары – кішігірім тұрмыстық өмірде қолданылатын жүйе. Экологиялық тұрғыдан бұл жүйе тиімді, әрі үнемді. Желілік кері байланыс жүйесімен күн массиві қуатты, алдымен батарея қорын зарядтайды. Энергия батареялан алынады және үйдегі тарату панелінен бір не бірнеше тізбекті қуаттандыру үшін инвертор арқылы өтеді. Батареяда қуат көзі

таусылған уақытта, жүйе автоматты түрде желілік қуатқа қайта ауысады. Бұл жүйе арқылы сіз электр энергиясын компанияларға сатпайсыз.

Күн бүкіл әлемге жарқырап тұрғандықтан, ол кез-келген елді әлеуетті энергия өндірушіге айналдырады, осылайша энергетикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Күн энергиясы ұлттық қауіпсіздік пен тәуелсіздікке қол жеткізуге уәде бермейді; күн панельдерін жеке үйлерге орнатуға болады, бұл электр қуатын үлкен электр желісіне қосылуға байланысты емес.

Күн энергиясының кемшіліктері:

Үзіліс - күн энергиясы технологиясының ең үлкен проблемаларының бірі – энергия тек күн сәулесі түскен кезде ғана пайда болады. Бұл түнгі және бұлтты күндер жеткізілімді тоқтатуы мүмкін дегенді білдіреді. Егер энергияны үнемдеудің арзан тәсілдері болса, бұл үзілістен туындаған тапшылық проблема тудырмас еді, өйткені өте шуақты кезеңдер артық қуат тудыруы мүмкін.

Жерді пайдалану – күн энергиясы жердің едәуір бөлігін алып, жердің деградациясы немесе жабайы табиғаттың тіршілік ету ортасын жоғалтуы мүмкін. Күн сәулесінен түсетін PV жүйелерін бұрыннан бар құрылымдарға бекітуге болады, ал үлкен көлемдегі ПВ жүйелері бір мегаватт үшін 3,5-тен 10 акрға дейін және CSP қондырғыларына бір мегаватт үшін 4-тен 16,5 акрға дейін қажет етуі мүмкін.

Материалдардың тапшылығы – кейбір күн технологиялары өндіріс үшін сирек кездесетін материалдарды қажет етеді. Бұл, ең алдымен, CSP технологиясынан гөрі, PV технологиясының проблемасы. Сонымен қатар, бұл белгілі қорлардың жетіспеушілігі емес, сонымен қатар қазіргі өндірістің болашақтағы сұранысты қанағаттандыра алмауы: сирек кездесетін материалдардың көпшілігі мақсатты тау-кен жұмыстарына емес, басқа процестердің жанама өнімі болып табылады.

Экологиялық минус – күн технологиясының бір жағымсыз жағы – оның құрамында электроника сияқты көптеген қауіпті материалдар бар. Күн танымал энергияға айналған сайын, қауіпті қалдықтарды жою проблемасы қосымша проблемаға айналады.

Қорытындылай келсек, өткен ғасырда ғылыми техникалық прогресстің арқасында адамзат біраз табыстарға қол жетті. Табиғаттан алатынымыз көп, беретініміз аз болды. Бүгінгі таңда әлемнің ғалымдары энергияның жаңа көзін жыл өткен сайын іздестіріп келуде. Сарқылмайтын дүние жоқ. Уран да сарқылатын отынға жатады. Атом энергетикасының келешегіне қауіп төніп, көптеген елдер баламалы қуат көздері туралы ойлана бастады. Әрине, көгілдір отын және көмірмен жұмыс істейтін стансаларда өндірілетін қуат арзан, бірақ олардың қоры шектеулі. Сондықтан күн батареялары мен жел стансаларының қымбаттығына қарамастан, энергия өндіру бағытында жаңғыртылатын қуат көздерін құру бүгінгі және болашақ үшін өте маңызды. Менің ойымша, елімізде күн сәулесі болашақтың сарқылмас энергиясы бола алады.

Әдебиеттер

1. Умаров Г.Я., Ершов А.А. Солнечная энергетика, 1974.
2. Челябин В.Ф. Солнечная энергетика – энергетика будущего, 2008.
3. Solar Electricity Handbook-Michael Boxwell, 2021.
4. Solar Photovoltaic Basics:A Study Guide for the NABCEP Associate Exam Sean White, 2019.

МРНТИ: 62.13.63

Ә.Б. Ережел

Университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: **В.В. Полевик**, ст. преподаватель кафедры естественно научных дисциплин

ШЛЯПОЧНЫЕ ГРИБЫ СОСНОВОГО БОРА

«Грибы – удивительный мир, в котором сочетаются богатство видов и важность для жизни на планете. Моя работа осветит разнообразие грибов, их роль в экосистемах, важность в пищевой промышленности, медицине и других сферах. Обсудим актуальные вопросы сохранения этого ресурса и возможности устойчивого использования. Разберем классификацию грибов, их экологическую роль и перспективы применения. Приглашаю на увлекательное погружение в мир грибов и обсуждение их важности для нас и для будущих поколений».

Географическое положение и филиалы особо охраняемая природная территория «Государственный лесной природный резерват «Семей орманы» расположена в Восточно-Казахстанской области. Охватывая восемь административных районов, включая Семейский, Бескарагайский, Бородулихинский, Жарминский, Абайский, Аягоский, Тарбагатайский и Кокпектинский, эта территория граничит с регионами России, Казахстана и Китая, что обуславливает ее уникальность и экологическую значимость.

Видовой состав съедобных шляпочных грибов Абайской области соснового бора был предметом исследования в летне-осенний период 2023 года. Грибы, включая белый гриб, масленок, груздь, валуй, подосиновик и подберезовик, были обнаружены в результате экскурсий в сосновые боры и ближайшие осинники. Наблюдения показали, что мицелий грибов, образованный гифами и расположенный на глубине 6-12 см в почве, становился видимым после продолжительных дождей. Лето 2023 года, характеризовавшееся засушливостью, привело к небольшой активности грибов, но после августовских дождей их количество заметно увеличилось, что указывает на влияние погодных условий на рост и распространение грибов в регионе.

Грибы из исследуемых районах Бородулихи и Бескарагая такие как *Boletus edulis* (белые грибы), *Suillus luteus* (масленок), Валуй, Подосиновик, Подберезовик, Груздь и другие, не только представляют собой вкусный деликатес, но и являются ценным источником питательных веществ. Их высокое содержание белка, сравнимое с мясом, делает их привлекательным диетическим выбором для вегетарианцев и мясоедов. Они также богаты витаминами и минералами, такими как витамин А в лисичках (*Cantharellus cibarius*), витамины группы В в подосиновиках березы (*Leccinum scabrum*) и осины (*Leccinum aurantiacum*), а витамин С в белых грибах (*Agaricus bisporus*) и белых грибах-боровиках. Пищевые волокна, наличие антиоксидантов и других биологически активных веществ в грибах способствуют улучшению пищеварения, защите от воспаления и предотвращению хронических заболеваний, включая болезни сердца и рак. Исследование съедобных грибов в Семейском регионе помимо питательной ценности имеет образовательное значение, обогащая понимание роли грибов в природе и человеческом здоровье. Физико-географическая характеристика Абайской области подчеркивает богатство лесов, которые служат уникальной средой для роста грибов. Грибы встречаются повсюду в этом регионе, находясь как на поверхности, так и в глубинах лесов, что делает их доступными для сбора. Классификация грибов, особенно класс Базидиомицеты, важна для понимания их биологии и экологической роли, учитывая их значимость как разложителей органического материала, симбионтов растений и иногда паразитов.

Основные виды съедобных грибов из районов, такие как белый гриб (*Boletus edulis*), масленок (*Suillus*), груздь (*Russula*), валуй (*Rússula foétens*), подосиновик (*Leccinum*) и подберезовик (*Leccinum scabru*), не только отличаются вкусом и текстурой, но и играют важную роль в питании и экологии. Белый гриб, с его плотной шляпкой и изменяющимся цветом под шляпкой, предпочитает расти в лиственных и хвойных лесах, формируя микоризу с деревьями. Масленки, с яркой окраской шляпки и губчатым слоем, также процветают в сосновых лесах, участвуя в микоризных отношениях с деревьями. Грузди, с насыщенным вкусом и разнообразной цветовой гаммой, растут во влажных лиственных лесах, иногда вызывая раздражение кожи у некоторых людей. Валуй, характеризующийся серой

шляпкой, ценится за свой вкус среди гурманов и распространен в хвойных и лиственных лесах. Подосиновики, с ярко-красной шляпкой и особенностью изменения цвета мякоти, произрастают под осинами на песчаных почвах. Подберезовики, с темной шляпкой и способностью формировать микоризу с березами, широко распространены в березовых лесах. Кроме того, эти грибы играют ключевую роль в экосистемах, участвуя в круговороте веществ и формируя микоризные ассоциации с растениями. Изучение базидиомицетов имеет важное значение не только в кулинарии и медицине, но и для поддержания экологического равновесия и биоразнообразия региона.

Грибы играют ключевую роль в круговороте веществ в природе, активно участвуя в разложении органических остатков, как растительного, так и животного происхождения. Этот процесс осуществляется с участием почвенных микроорганизмов, таких как бактерии и актиномицеты, что способствует не только повышению плодородия почвы, но и защите от патогенных организмов. Особую роль в разложении лесных остатков играют грибы лесной гнили, такие как трутовики.

Съедобные виды грибов, такие как белый гриб, масленок, груздь, валуй, подосиновик и подберезовик, представляют собой не только источник питательных веществ, но и важный элемент культурного наследия и кулинарного искусства. Богатство белков, витаминов группы В, витамина D и микроэлементов делает эти грибы ценными компонентами питания. Они используются для приготовления широкого спектра блюд, включая первые блюда, основные блюда, маринование и консервацию.

Важно помнить, что сбор грибов требует не только знаний о различных видах, но и осторожности, чтобы избежать путаницы с ядовитыми видами. Обучение и информирование о съедобных грибах является важным элементом безопасного сбора и использования этого ценного ресурса природы.

Выводы исследования подчеркивают не только значение грибов как пищевого ресурса и элемента экосистемы, но и необходимость учета природных факторов при планировании устойчивого использования природных ресурсов. Подробное изучение видового разнообразия грибов в регионе "ГЛПР «Семей орманы»" является ключевым шагом в сохранении его уникальной экосистемы и богатства биоразнообразия.

Литература

Статья из периодического издания:

1. Ляхов П.Р. Энциклопедия грибов. – М.: «ЭКСМО-Пресс», 2001. – С. 110, 116.
2. Лессо Т. Грибы, определитель/ пер.с англ. Л.В. Гарибовой, С.Н. Лекомцевой. – М.: Астрель, АСТ, 2003. – С. 197.
3. З. Клепина А., Клепина Е.В. Справочник грибника. – Москва: АСТ-ПРЕСС, 2006. – 256 с.
4. Янсен П. Всё о грибах. – СПб.: Кристалл, 2006. – С. 67, 87.
5. Васильков Б.П. Понятие о грузде в русской литературе и в обычной жизни // Сов. бот. – 1942. – № 1-2. – С. 18-27.
6. Хардинг П. Грибы. – М.: АСТ, 2002. – С. 100.
7. Сержанина Г.И. Шляпочные грибы Белоруссии. – Минск: Наука и техника. – 1984. – С. 53, 205, 352.
8. Грибы. Справочник-определитель. Более 120 видов / Автор-составитель Н.Е. Макарова – Москва: АСТ, Минск: Харвест, 2005. – 320 с.

МРНТИ: 34.29.35

Ж.Ы. Нуроллаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **М.Г. Қуанышбаева**, жаратылыстану ғылыми пәндері
кафедрасының қауымдастырылған профессоры, б.ғ.к.

УНИВЕРСИТЕТТІҢ №3 ОҚУ ҒИМАРАТЫНЫҢ АУМАҒЫН КӨҒАЛДАНДЫРУ

Қазіргі таңда аумақтарды көгалдандыру тек қана біздің ел ғана үшін емес, ғаламшарымыз үшін де үлкен маңызға ие, себебі адамдар табиғатты ғимараттарды салуменалмастыруда. Аумақты көгалдандыру біздің өмірімізді көркейттіп, физикалық және психикалық денсаулығымызды жақсартатыны анық. Оқу орындарын көгалдандырудың көптеген артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл студенттер мен оқытушылар үшін жағымды ортаны құруға ықпал етеді. Екіншіден, оқу орындарын көгалдандыру білім алушыларға өсімдіктер әлемін зерттеуге және өсімдіктерді күтіп, баптауға қатысуға мүмкіндік беретін оқу процесінің бір бөлігі болуы мүмкін.

Оқу ғимаратын көгалдандыру барысында университет аумағына төмендегідей ағашты, бұталы өсімдіктер отырғызылды:

- ✓ Пирамидалық терек *Populus pyramidalis*;
- ✓ Тунберг бөріқарақаты *Berberis thunbergii*;
- ✓ Сібір шыршасы *Picea obovata*;
- ✓ Кәдімгі арша *Juniperus communis*;
- ✓ Әсемдік бадам *Prunus triloba*;

Сонымен қатар, әсемдік мақсатта интродуцияланған көпжылдық өсімдіктер бар:

- ✓ Жатаған қызғалдақ *Tulipa patens*
- ✓ Сәлдегүл таушымылдық *Paeonia hybrida*
- ✓ Ирис *Iris purpureobracteata*

Қорытындылай келе, аумақты көгалдандыру және дендрологиялық бөлім құрылуы – бұл адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды сақтауға және планетамыздың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететін экологиялық тұрақтылықтың маңызды компоненттері. Тек бірлескен күш-жігермен біз осы мақсаттарға қол жеткізе алуға болады.

Әдебиеттер

1. Теодоронский В.С. Ландшафтная архитектура и садово-парковое искусство / В.С.Теодоронский, В.Л. Машинский. – М.: МГУЛ, 2001. – 95 с.
2. Аксенова Н. А. Деревья и кустарники для любительского садоводства и озеленения / Н.А. Аксенова, Л.А. Фролова. – М.: Издательство МГУ, 2006. – 160 с.
3. Полевик В.В., Карипбаева Н.Ш., Силыбаева Б.М. Иллюстрированный определитель цветковых растений. – Алматы: Издательство Эверо, 2019. – 248 с.

МРНТИ: 14.25.09

Темирбек С.Б.

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Научный руководитель: **Г.С. Сапарова**, к.б.н., доцент кафедры естественнонаучных дисциплин

ЭФФЕКТИВНЫЕ ФОРМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Как показывают педагогические исследования, на эффективность учебного процесса оказывает влияние целый ряд факторов. Главными из них являются активные формы и методы преподавания, которые повышают эффективность деятельности учащегося, ее продуктивность. В основе активного обучения лежит конструктивистский подход: учитель не просто наполняет головы учащихся знаниями, а позволяет им самим добывать и конструировать их. У учащихся развиваются **творческие способности, а сам процесс обучения принимает поисковый характер**. При этом учащийся вовлечён в процесс как активный полноправный участник, а учитель выступает не столько в роли «источника знаний», сколько в качестве наставника, консультанта, фасилитатора в процессе поиска учащимися этих знаний.

Активное обучение предполагает не только получение знаний, но и формирование навыков, в том числе метапредметных (например, умения планировать свою деятельность и работать в команде, творчески мыслить).

Как известно, наиболее эффективной формой проведения занятий являются групповая работа и работа в паре. При таких формах обучения развиваются умения не только говорить, но и слушать, развиваются навыки межличностных взаимоотношений, разрушаются барьеры между учениками и развиваются навыки мышления на высоком уровне.

Работа в парах также отличается высокой продуктивностью, так как она способствует развитию коммуникативных навыков через диалоговое обучение: дает возможность ученикам внести больший вклад в учебный процесс; ведет учеников к взаимному обучению, навыкам и знаниям; помогает глубже понять тему; дает ученикам возможность подумать о своей успеваемости и принять решение о том, что нужно делать дальше; усложняет задания и повышает мотивацию учащихся.

Активное преподавание помогает установить связь между предметами: расширяет рамки образовательных программ; дает возможность получения глубоких знаний; формирует множество навыков; способствует наиболее эффективному усвоению знаний; повышает мотивацию к обучению.

Литература

Статья из периодического издания:

1. Saparova G., Saltanova G., Tanirbergenova A., Sabirova Zh. Collective Learning Method. // <https://jett.labosfor.com/> ISSN 1989 – 957 Journal for Educators, Teachers and Trainers. – 2021. – Vol. 12(2). – 95-100.
2. Кусаинов Г.М., Сапарова Г.С., Ахметбекова С.К. Технология эффективного обучения // Вестник АПНК. – 2020 – № 1.
3. Сапарова Г.С., Кусаинов Г.М. Основной вектор развития педагогической технологии // Вестник АПНК. – 2020. – №2.

Книга:

4. Якунчев М.А. Методика преподавания биологии. – Москва: Академия. – 2008. – С. 65-67.

Электронный ресурс:

5. Активные формы и методы обучения в процессе формирования компетенций обучающихся. <https://cyberleninka.ru/article/n/aktivnye-formy-i-metody-obucheniya-v-protsesse-formirovaniya-kompetentsiy-obuchayuschih-sya>

МРНТИ:39.21.02

Есенгелды Д.Е.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекшісі: **Нурпейсова А.М.**, жаратылыстану ғылыми пәндер кафедрасының
аға оқытушысы

АБАЙ ОБЛЫСЫ СУ НЫСАНДАРЫН РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ МАҚСАТТА ПАЙДАЛАНУ

Қазіргі әлемде дүниежүзілік шаруашылықтың дамуына ықпалын тигізетін маңызды фактордың бірі рекреациялық сала болып табылады. Адам қызметінің басқа салалары сияқты, ол белгілі бір ресурстарды пайдаланады. Рекреация сөзін адамның денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған қызмет ретінде түсінуге болады. Заманауи урбанизацияланған өмір салты осы қызмет түрінің қажеттілігін тудырады. «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға дейінгі тұжырымдамасына» сәйкес рекреациялық қызметтің негізгі түрлері айқындалды. Бұл бағдарламаның мақсаты халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, сыртқы және ішкі туризм көлемін ұлғайту есебінен мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуі үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрияны құру болып табылады. Абай облысында туризмді дамыту үшін барлық алғышарттар бар: әртүрлі ландшафттар, бай мәдени - тарихи мұра, сондай-ақ трансшекаралық жағдай осы өңірдің рекреациялық қызмет үшін тартымдылығын тудырады. Су ресурстары рекреациялық әлеуеттің әртүрлі түрлерін жүзеге асыру үшін аса маңызды шарт болып табылады. Олардың рекреациялық құндылығы әртүрлі факторлардың тұтас тобымен анықталады: жағалау ландшафты, пішіні, тереңдігі, жағалаулардың еңісі, су температурасы, ірі қалалардан алыстығы, кірме жолдармен қамтамасыз етілуі.

Табиғи рекреациялық ресурстарды бағалаудың әр түрлі әдістері бар, бірақ аумақты рекреациялық талдаудың ең кең таралған және кешенді түрі, **Е.В. Колотованың** рекреациялық бағалау әдістемесі негізінде рекреациялық мақсатта пайдалану үшін қандай да бір параметрлердің қолайлылық дәрежесін бағалау болып табылады [1]. Жағажай-шомылу демалысы теңіздердің, көлдердің, өзендердің және жасанды су айдындарының (тоғандардың, карьерлердің, су қоймаларының) жағалауларында ұйымдастырылады. Бағалау кезінде суға келу жолдары, жағажай жолағының болуы, түбінің сипаты, ағымның жылдамдығы (өзен), ірі су қоймаларында әлсіз толқудың басым болуы, температуралық режим қарастырылады. Шомылу маусымы судың температурасы + 17 ° С-қа жеткен кезде көптеген демалушылар үшін мүмкін деп саналады. Абай облысының басты су артериясы Ертіс өзені болып табылады. Өзенге рекреациялық мақсаттар үшін жарамдылығына баға берілді.

Ертіс өзені Абай облысы аумағы бойынша солтүстік-батыс бағытта ағады. Облыстың ірі су артериясы болып табылады. Семей қаласындағы Ертіс өңірінің аумағында өзенге рекреациялық бағалау жүргізілді. Ертіс өзенінің рекреациялық әлеуеті – 2,5 баллды құрады, бұл рекреациялық қызметті дамытудың жеткілікті жоғары әлеуетін көрсетеді. Өзендерде жүзуді ұйымдастырған кезде ағымның жылдамдығы 0,3 м / с аспаған кезде оңтайлы жағдайлар байқалады. Жылдам ағысы бар өзендер – 0,5 м/с артық – шомылуға жарамсыз. Теңіздер мен ірі көлдердің жағалауларында шомылу үшін шектеуші фактор судың толуы болып табылады. Шомылуға 3 балдан артық емес толқыған кезде рұқсат етіледі. Жүзу маусымында әлсіз толқулар басым болатын су қоймалары ең жақсы деп саналады. Суға шомылуға қолайлы жағдай су температурасы 18°С-тан 24°С-қа дейін болғанда белгіленеді. Су температурасы 16°С төмен болғанда тек қатты шыңдалған адамдар ғана шомылуы мүмкін. Судың тым жоғары температурасы қолайсыз – 26 °С-тан жоғары; бұлар емдік әсер етпейтін жайсыз жағдайлар. Санитарлық-гигиеналық жағдайлар үлкен маңызға ие. Қазіргі уақытта жағажайлық – суға шомылу демалыс үшін жасанды су қоймалары, тоғандар және карьерлер белсенді түрде қолданыла бастады. Көлдер мен су қоймалары жағалауларында турбазалар мен кемпингтерді орналастыру кезінде нақты табиғи кешендерге байланысты жағалау сызығының ұзындығы бойынша рұқсат етілген рекреациялық жүктеме нормасын нақтылау қажет. Бірақ кез келген жағдайда туристердің саны жағалаудың 1 шақырымына 200 адамнан аспауы тиіс [2].

Абай облысының су нысандары мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерін белгілеу туралы Абай облысы әкімдігінің 2023

жылғы «1» маусым № 104 қаулысында су нысандарында 168 тұрғындардың жаппай демалу орындары көрсетілген: Семей қаласында – 2; Бесқарағай ауданында – 1; Бородулиха ауданында – 4; Жарма ауданында – 1; Үржар ауданында – 155 демалу орындары бар. Үржар ауданындағы Алакөл көл маңында демалыс орындары көп шоғырланған.

Емдік-сауықтыру туризмі туристтік индустрияның ежелгі түріне жатады. Адамдар антикалық кезеңнен бастап минералды сулар мен балшықтарды емдік мақсатта пайдаланған. Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДСҰ) бағалауы бойынша, емдеу мен сауықтыру маңызды туристік мотивациялар қатарына жатады. Қазіргі таңда емдеу - сауықтыру туризмі жаһандық масштабта дамып келеді. Емдік туризм санаторий – курорттық мекемелерде денсаулықты түзету мақсатында жүзеге асырылады. Сауықтыру туризмі – денсаулықтың алдын алу мен демалыс мақсатында дамиды [11]. Абай облысы минералды суларға бай. Емдік суларының төрт пайдалану қоры бекітілген: Барлық – Арасан, Қоңыр әулие, Әулиеқыз, Қасиетті бұлақ (**Святой Ключ**).

Барлық-Арасан бұлақтары – Барлық жотасының солтүстік-батыс тармағында, Арасан өзенінің оң жағалауында, Үржар ауданының Жарбұлақ ауылынан шығысқа қарай 18 км жерде орналасқан. Мұнда карбон жыныстарындағы (кварцтық альбитофир) тектоникалық жарылымның 1,5 км-лік бойында 13 бұлақ бар. Олардың жалпы су шығымы 2,6л/с. Судың температурасы 20-42°С, минералдығы 1,4-1,8 г/л, кремний қышқылының мөлшері 45-64 мг/л, радон 0,6-2,5 нКи/л. Химиялық құрамы негізінен сульфатты натрийлі болып келеді. Барлық-Арасан бұлақтарының негізінде 1963 жылдан бастап бальнеологиялық емдеу орны жұмыс істейді. Онда тері, буын, ас қорыту, жүйке және гинекологиялық аурулар емделеді [3].

Қоңыр әулие. Абай ауданында Шаған өзенінің оң жағасында. Үңгірдің тар ауызы Шаған өзенінің жарқабақты жиегінен 80-100 м жоғары орналасқан ұзындығы 65-70 м, ені 10-22 м, биіктігі 2-14 м. Осы негізгі үңгірдің оң жағында 15 м жерде ені 50 см, биіктігі 110 см тар қуыс бар, бұл тар қуыс кеңейе келе ұзындығы 12 м, ені 10 м, биіктігі 5 метрдей үлкен бөлмеге ұласады. Бұдан 12 м солтүстік бағытта үңгір төбесінің биіктігі 20 метр, диаметрі 5-7 метр 2 күмбезді болып келеді де, көлге жалғасып аяқталады. Негізгі бөлменің төрінен көлге қарай шығар жолда, биіктігі 12-15 метр бөлме бар. Үңгір ауасының температурасы 10 градустан аспайды [4]. **Әулиеқыз бұлағы.** Аягөз ауданы Баршатас елді мекенінен батысқа қарай 110 км жерде Жорға тауының солтүстік беткейінде ағып жататын шипалы бұлақтар – «Әулие қыз» бұлағы деп аталады [5].

Суының емдік қасиеті мол, қан толтыру, қан айналымын жақсарту мақсатында пайдасы бар. Санаторий – курорттық емделу адамзаттың денсаулығын қалпына келтіру үшін өте қажет. Туризмнің даму қарқыны – оның ішіндегі емдік – сауықтыру туризмі әлемнің көптеген елдерінде экономика саласының өркендеуіне өз септігін тигізеді. Емдеу-сауықтыру орталықтарына, табиғи жағынан минералды суларға бай өңіріміздің емдік – сауықтыру туризмді дамытуға мүмкіншілігі жоғары болып келеді [6].

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша келесідей қорытынды жасауға болады: 1. Абай облысының басты су артериясы Ертіс өзені болып табылады. Өзеннің рекреациялық мақсаттар үшін жарамдылығына Е.В. Колотованың рекреациялық бағалау әдістемесі негізінде баға берілді. Ертіс өзенінің рекреациялық әлеуетін жалпы бағалау – 2,5 баллды құрады, бұл рекреациялық қызметті дамытудың жеткілікті жоғары әлеуетін көрсетеді. 2. Аудандар бойынша рекреациялық әлеует құрылымында су ресурстарына бағалау жүргіздік. Аймақтың оңтүстік-шығысы: Аягөз және Абай аудандары неғұрлым қолайлы аймақ. Ең тартымды аумақтар – бұл аймақтың шығысы екені айқындалды. 3. Облыс жер асты арасан сулары - негізінен емдеуге қолданылатын шипалы суларға өте бай. Зерттеу жұмысымызда су ресурстарына талдау нәтижесінде Абай облысы территориясында жеткілікті гидрологиялық ресурстары бар деген қорытынды жасауға болады, бұл көбінесе өңірдің туристік-рекреациялық тартымдылығын анықтайды.

Әдебиеттер

1. Колотова Е.В. Рекреационное ресурсоведение. – М.:– Наука, 1999. – 131 с.
2. Егорина А.В., Зинченко Ю.К., Зинченко Е.С. Физическая география Восточного Казахстана. – Усть-Каменогорск: Изд-во Альфа-Пресс, 2002. – 182 с.
3. Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы: оқулық.– Алматы, 2014.– 540 б.
4. Джаналеева Г.М., Мусабаева М.Н. Қазақстанның физикалық географиясы: оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. – 580 б.
5. Егорина А.В., Логиновская А.Н. Географические аспекты развития рекреации и туризма в Восточном Казахстане. Опыт и практика: монография.– Усть-Каменогорск: Шығыс Полиграф, 2016.– 279 с.
6. Бельгибаев, М.Е. Природные предпосылки развития туризма в Восточном Казахстане: тенденции и перспективы // География в школах и вузах Казахстана. – 2013. – №5. – С.3-5.

Б.Қ. Алдажарова

«Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
 Ғылыми жетекшісі: **А.Д. Балтабаева**, педагогика ғылымдарының магистрі, жаратылыстану
 ғылыми пәндер кафедрасы оқытушысы.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕРІ (ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ НЕГІЗІНДЕ)


География сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың білім деңгейін арттыру қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Соған сәйкес соңғы жылдары білім беру саласында «тренд оқыту» ұғымы кеңінен қолданылуда. Білім берудегі тенденциялық өзгерістердің бірі болып саналатын «тренд оқыту» технологиясының оқу процессіндегі тиімділігін айқындау менің зерттеу жұмысымның өзектілігі болып отыр.

География сабағында білім берудің заманауи трендтерін қолданудың тиімділігін айқындау, оның оқушылардың білім дағдысын көтеруге ықпал етеді.

«Тренд» деген сөз ағылшын тілінен «тенденция» деп аударылады. Трендте болу «уақытқа сәйкес келу» және осы саладағы соңғы жаңалықтардан хабардар болуды білдіреді. Соның ішінде педагогикалық білім берудегі оқушылардың білім деңгейін көтеруге бағытталған заманауи трендтерге тоқталамыз. Білім беру жүйесіндегі трендтер – оның өзгерісіндегі тенденциялар [1].

Білім берудегі трендтер – бұл білім берудің өзгеру процесі. Соңғы он жыл бойында білім беру жүйесінде педагогикалық инновацияларды және компьютерлік әдістемені оқыту оқудың нәтижелері мен оның сапасын жақсарту мақсатында белсенді түрде енгізіліп келеді. Білім беру үрдісіндегі тренд оқыту технологиясы түрлері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Білім беру үрдісіндегі тренд технологиясының жіктелуі.



Жоғарыда көрсетілген білім берудегі тренд технологиялардан Smart-оқыту жүйесін тиімді оқыту формасы деп атап көрсетуге болады. Заманауи білім берудің трендінің бірі – Smart-оқыту. Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам біртіндеп Смарт-қоғамға (Smart Society) қадам басып келеді. SMART технологиясы ұғымы яғни ақылды оқыту пайда болды және SMART қала, SMART фон, SMART қондырғы, SMART орта деген тіркестерді жиі естіп жүрміз. Яғни, E-learning орнына SMART-learning келуі, ақпараттық қоғам орнына «SMART қоғам» қалыптасуы біздің елімізде де күтілуде. Қазіргі таңда Smart технологиясын өндірушілер – АҚШ, Канада, Оңтүстік Корея елдері. Қазір елордамызда да SMART мектептер қалыптасып келеді [2].

География сабақтарында SMART оқытудың құралдары:

- сандық оқыту құралдары;
- ақпараттық оқыту құралдары;
- технологиялық оқыту құралдары;

География сабағында SMART оқытудың бағыттары:

- сандық басты ресурстарды арттыру;
- онлайн сабақтардың белсенділігін арттыру;
- SMART контенттерін пайдалану жүйесін құру;
- контент–ақпараттық ресурстарды, кез-келген веб-сайтты маңызды ақпаратпен не мазмұмен толтыру;
- оқу контенттері көптеген қаражатты қажет етеді.

- S** – Self Directed (өзін-өзі оқытуға бағдарланған)
- M** – Motived – (белсенді танымдық іс-әрекетті негіздейді)
- A** – Adaptive – (білім беру субъектісіне бейімделген)
- R** – Resource Free – (білім беру ресурстарына еркін қолжетімділігі бар)
- T** – Technology Embedded – (технологиялармен қамтамасыз етіледі).

Келесі ұтымды педагогикалық заманау тренд ол – **STEM-оқыту**. STEM-оқыту білімі мұғалім мен оқушының бірлескен жұмысын қамтитын, жобалық іс-шараларды жүргізуге көмектеседі.

Мұғалім кеңесші ретінде әрекет етеді:

- фактілерді іріктеуге көмектеседі тұжырымдау;
- гипотезалар, жобаның эксперименттік бөлігін ұйымдастыру;
- үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамытады;
- Жобаның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін алған білімдерін қолдануға үйретеді;
- жұмыс нәтижелерін ұсыну, өз ұстанымын қорғау.

Яғни, STEAM-бұл бірнеше пәндік салаларды біріктіретін жаңа білім беру технологиясы: сыни ойлауды, зерттеу құзыреттілігін және топтық жұмыс дағдыларын дамыту.

STEM оқушыларда сыни ойлауды, топта немесе жобада жұмыс жасау дағдыларын, әрекетті жоспарлау және талдау қабілеттіліктерін, ғылыми-танымдық ақпаратпен жұмыс жасай алу және белсенді қарым-қатынас құра білу, техникалық пәндерге қызығушылығын арттыруды, жобаларға креативті, жаңашыл көзқарастарын дамытуды көздейді. STEM-білім беру оқушылардың білу және істей алу қабілеттерін өнертапқыш шешімдер, зерттеушілік қызметтер мен тәжірибелік форматтарда көрсету көздейді. Күтілетін нәтиже-оқушылардың функционалдық сауаттылықтары, олардың өмірлік және болашақтағы кәсіби жетістіктері, өз күштеріне деген сенімділіктің болуы. Мектебімізде сабақтарда арнайы технологиялық зертханалық және оқу жабдықтары, сонымен қатар 3D-принтер, басқа да жабдықтар пайдаланылады [3].

Интерактивті оқыту – география сабақтарында педагогикалық тиімді танымдық қарым-қатынасты қамтамасыз ететін оқу ойындары мен жағдайлары түріндегі мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыратын қазіргі тренд оқыту технологияларының бірі. Тренд оқыту жүйесі ішіндегі ең қолданбалы оқыту әдісі болып табылады. Мұғалім бақылаудың әртүрлі формаларын дамыта отырып, оқушыларды осы процеске тартады, осылайша балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады (әр түрлі презентациялар жасау), балаларды көпшілік алдында сөйлеуге үйретеді [4].

Жалпы оқу үрдісінде Трендтік технологияларды қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады:

- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Коммуникациялық қабілеттерін дамыту;
- Оқу мотивациясын арттыру;
- Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау.

Қазіргі білім беру жүйесінің деңгейі жыл сайын дамуда. Соған географияны оқыту процесінде жаңа оқыту технологиялары мен заманауи трендтер оқыту маңызды рөл атқарады. Оқушылардың бойындағы қабілеттерін ескере отырып, визуалды және де онлайн тапсырмаларды жедел орындауға мүмкіндік береді. Сол себепті болашақ педагогтер мен оқытушыларға көмекші құрал болады деген сенімдемін.

Әдебиеттер

Кітаптар:

1. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике обучение на основе исследование, игр, дискуссий. – Рига: НПЦ Эксперимент, 1995. – 175с
2. Құлқараев А. E-learning электронды оқыту жүйесі және оның мүмкіндіктері // Электрондық мектеп. – 2013. – №2.
3. Курс «Современные образовательные технологии и SMART» – ваш гид по новым возможностям использования ИКТ на уроке. [URL: http://edguru.ru/blog/edutrends](http://edguru.ru/blog/edutrends).
4. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015.

Электронды ресурстар:

<http://lib.tau-edu.kz/wp-content/uploads/2021/12/.../bilim-all.kz/article/4582-Geografiya-panin-otude-.../pedagogy-vestnik.ksu.kz/apart/2023-110-2/11.pdf>

Д. Қалқаманова

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Научный руководитель: **А.М. Нурпейсова**, старший преподаватель кафедры
естественнонаучных дисциплин**ПРОИСХОЖДЕНИЕ ГЛОБАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ НА ПЛАНЕТЕ
С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ ГЕОГРАФИИ**

В последние годы климат на Земле заметно меняется: одни страны страдают от аномальной жары, другие от слишком суровых и снежных зим, непривычных для этих мест. Экологи говорят о глобальном изменении климата, включающем увеличение средней годовой температуры, вызывающей таяние ледников, и повышение уровня Мирового океана. Под изменением климата понимают долгосрочные температурные изменения и изменение погодных условий. Эти изменения могут быть естественными, вызванными изменениями в активности Солнца или крупными извержениями вулканов. Тем не менее, с 1800-х годов антропогенная деятельность является основным движущим фактором изменения климата, главным образом за счет сжигания ископаемых видов топлива, таких как уголь, нефть и газ. Сейчас Земля на 1,1°C теплее, чем в конце 1800-х годов (до промышленной революции) и теплее, чем когда-либо за последние 100 000 лет. Прошедшее десятилетие (2011-2020 годы) было самым теплым в истории, и каждое из последних четырех десятилетий было теплее, чем любое предыдущее десятилетие начиная с 1850 года [1].

Какие же последствия ждут планету, если остановить повышение температуры не удастся? Природные катаклизмы. Климатические пояса сдвинутся, изменения погоды станут более резкими. Увеличится частота и сила аномальных явлений, таких как засухи и наводнения. Непригодные для жизни территории. Некоторые страны из-за повышения влажности и высокой средней температуры к 2100 году могут стать непригодными для жизни. Согласно исследованию американских ученых, в группу риска попадают Катар, Саудовская Аравия, Бахрейн, ОАЭ и другие страны Ближнего Востока. Удар по биологическому разнообразию. По мнению некоторых ученых, мы находимся в середине шестого по счету в истории Земли массового вымирания видов. И на этот раз данный процесс вызван действиями человека. Если потепление климата не остановить, многие экосистемы, виды живых существ, которые в них входят, станут менее разнообразными, менее насыщенными [2]. Нехватка питьевой воды, голод и эпидемии. Эксперты ООН предупреждают, что потепление отрицательно скажется на урожайности, особенно в слаборазвитых странах Африки, Азии и Латинской Америки, что приведет к продовольственным проблемам. По данным ученых, к 2080 году число людей, сталкивающихся с угрозой голода, может увеличиться на 600 млн человек. Другим важным последствием климатических изменений может стать нехватка питьевой воды. В регионах с засушливым климатом (Центральная Азия, Средиземноморье, Южная Африка, Австралия и т. п.) ситуация еще более усугубится из-за сокращения количества осадков. Повышение уровня мирового океана. Одним из самых ощутимых следствий потепления климата, по всей видимости, станет таяние ледников и повышение уровня Мирового океана. Миллионы людей на побережье погибнут от частых наводнений или будут вынуждены переселиться, предсказывают аналитики ООН [3].

Пути решения: Многие решения в области изменения климата могут быть не только экономически выгодными, но и также улучшить нашу жизнь и защитить окружающую среду. У нас также есть глобальные структуры и соглашения, на основе которых осуществляются усилия, направленные на достижение прогресса, такие как цели в области устойчивого развития, Рамочная конвенция Организации Объединенных Наций об изменении климата и Парижское соглашение. Имеются три широкие категории действий: сокращение выбросов, адаптация к последствиям изменения климата и финансирование необходимых мер по адаптации. Перевод энергетических систем с ископаемого топлива на использование возобновляемых источников энергии, таких как солнце или ветер, позволит сократить выбросы, вызывающие изменение климата.

Литература

1. Официальный сайт ООН, 2024
2. Рыбак В.А. Антропогенная нагрузка на окружающую среду: количественная оценка, анализ, нормирование.– Минск: Республиканский институт высшей школы, 2010.– 333 с.
3. Соловьев Л.П. Климатические изменения. Потепление или похолодание? // Экологические системы и приборы. – 2014. – № 7. – С. 20-25.

Б.Б. Молдашев

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекшісі: **Ж.Т. Мукаев**, PhD доктор, қауымдастырылған профессор

ГАЗ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Зерттеу өзектілігі: Жаңартылған мемлекеттік білім беру стандартының енгізілуіне және жаңа заманауи технологиялардың қолданылуына байланысты география пәні сабақтарында ГАЗ технологияларын тиімді қолдануға қатысты әдістеменің жоқ болуы.

Зерттеу гипотезасы: Өзірленген әдіс картографиялық дағдылардың қалыптасу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Мақсатқа бірқатар міндеттерді шешу кезінде қол жеткізуге болады:

1. Білім беру процесінде ГАЗ технологияларының рөлі мен орнын анықтау.
2. Картографиялық дағдыларды қалыптастыру құралдарын зерттеу.
3. ГАЗ технологияларының көмегімен картографиялық дағдыларды қалыптастырудың әдістемелік шарттарын әзірлеу.
4. Оқушылардың картографиялық дағдыларын қалыптастыру кезінде ГАЗ технологияларын қолданудың нәтижелілігін тексеру бойынша эксперименттік оқытуды жүзеге асыру.
5. ГАЗ технологияларын қолдана отырып картографиялық дағдыларды қалыптастыру нәтижелілігінің көрсеткіштері мен критерийлерінің кешенін негіздеу және сынақтан өткізу.
6. Тәжірибелік оқытуды қорытындылау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: ГАЗ технологияларының көмегімен картографиялық дағдыларды қалыптастырудың әдістемелік моделі жасалады, бұл оқушылардың картографиялық дағдыларын қалыптастыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Модельде жиынтық компоненттер жүйесі және әдіснамалық негіздер бар: мақсатты, жобалау, мазмұндық, процессуалдық, нәтижелі бағалау.

Ғылыми және практикалық маңыздылығы: Ғылыми және практикалық маңыздылығы ГАЗ технологияларын қолдана отырып, картографиялық дағдыларды қалыптастыру әдістемесінің әзірленген моделін қолдана отырып, географияны оқыту тәжірибесінде қолдану болып табылады. Тест тапсырмалары, практикалық және бақылау жұмыстары, сондай-ақ картографиялық дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін теориялық сұрақтар түрінде бағалау жұмыстары жасалды. Зерттеу материалдарын мектептердегі мұғалімдер, сондай-ақ болашақ мамандарды даярлау және қайта даярлау кезінде қолдана алады.

1.1 Білім беру процесінде ГАЗ технологияларының рөлі мен орны

ГАЗ технологиялары қазіргі уақытта мектеп оқушыларына географияны оқытуда маңызды рөлге ие болуда. Әр оқушының жеке қасиеттерін ашуға көмектеседі [1]. ГАЗ технологияларымен жұмыс істеу кезінде бірқатар функциялар іске қосылады: көрнекілік, білім беру (тәрбиелік), дамытушылық, ақпараттық, көрнекі-бейнелеулік (визуализациялық), сонымен қатар іскерлік дағдылар да қалыптасады.

ГАЗ технологияларының білім беру (тәрбиелік) функциясы деп – бұл технологияны пайдалана отырып, мектеп оқушыларына экологиялық, эстетикалық тәрбие беру, ұлттық байлықты қастерлеу мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін оқу-тәрбие процесіне әртүрлі тапсырмаларды енгізуді айсақ болады [2]. ГАЗ технологиясын қолдану арқылы оқыту үдерісінің келесі кезеңінде мектеп оқушылары бақылау, талдау және синтездеу әдістерін меңгереді. Мектеп оқушыларына географияны оқытуда ГАЗ қолданудың жалпы мақсаты: оқушыларда әртүрлі жағдаяттарға қатысты себеп-салдар байланысты түсінікті қалыптастыру, географиялық объектілер мен құбылыстардың орналасуын кеңістікте бейнелеуді үйрету.

Негізінен, ГАЗ технологияларын география сабақтарында қолдану географиялық карталармен және сол карталарды жасауға, өзгертуге мүмкіндік беретін бағдарламалық кешендермен тікелей байланысты. Бұл кезекте мұғалімнің осы бағдарламаларды игеру дәрежесі және оны сабақтың тақырыбына байланыстыра отырып тиімді қолдана білу шеберлігі де өте маңызды рөл атқарады [3].

1.2 ГАЗ технологияларының сипаттамасы оқушылардың картографиялық дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде

География бойынша мемлекеттік білім беру стандартында қойылатын талаптарда білім алушыларда (студент) топографиялық карталардың проекцияларын, номенклатурасын, шартты

белгілерін, нысандар мен құбылыстарды карталарда көрсету тәсілдерін, рельефті бейнелеу ерекшеліктерін білуі керек екенін көрсетеді. ГАЖ көмегімен географияны оқыту процесінде оқушылар әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуі керек: *мәтіндік* (оқулықтар мәтіні, қосымша әдебиеттер, энциклопедиялар), *картографиялық* (топографиялық және географиялық карталар, глобус), *профильдер, диаграммалар, суреттер, сызбалар, аспаптар* [4].

1.3 Географияны оқу кезінде бірыңғай мемлекеттік білім беру стандарты жағдайында ГАЖ технологияларын қолдану мәселелері мен перспективалары

География бойынша мемлекеттік білім беру стандарты білім алушыларда пәндік және мета-пәндік дағдыларды қалыптастыруды талап етеді, оларға: жергілікті жерге бағдарлау, географиялық картаны, статистикалық деректерді түсіндіру, іздеу, сондай-ақ географиялық деректердің барлық түрлерін көрсету үшін инновациялық технологияларды пайдалану жатады. Жарма өңірі мұғалімдерінің география сабақтарын өткізу тәжірибесіне ГАЖ технологияларын енгізу мәселесін зерттеу барысында мұғалімдерге қиындық тудыратын бірнеше факторлар анықталды. Ол факторларға мысал ретінде: сабаққа дайындалу уақытының ұлғаюы, жұмыстың үлкен көлемі, сондай-ақ, география мұғалімдері ГАЖ құралдарын пайдалану дағдыларының жоқтығын немесе қабілетінің жеткіліксіздігін және оқу-әдістемелік әдебиеттердің жетіспеушілігін атап өтті.

Қорытынды:

Сауалнама жүргізу арқылы алынған барлық деректер география сабақтарында ГАЖ қолдану бойынша әдістемелік-нұсқаулықтардың жеткіліксіз әзірленуіне байланысты мәселелер бар екендігі туралы айтады.

Географиялық білім берудің мазмұны серпінділігімен ерекшеленеді және білім берудің әлеуметтік тапсырысы түрінде ресімделген қоғамдық сұраныстармен анықталады.

Осы зерттеу контекстінде географиялық білім беру мазмұнын қарастыру мыналарды қамтиды:

1. картографиялық дайындық мазмұнының құрылымдық компоненттерін бөлудің негіздерін анықтау;

2. қазіргі географиялық білім беру жүйесіндегі картографиялық білім мен дағдылардың рөлін және оларды қалыптастыруға қойылатын талаптарды зерттеу.

3. География сабақтарында картографиялық ГАЖ технологияларын өтілен тақырыпқа қатысты тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін әмбебап әдістемелік-нұсқаулықты жасау.

Әдебиеттер

1. Абрамова Г.С. Возрастная психология: Учеб. пособие для студ. вузов. – 4-е изд., стереотип. – М.: Издательский центр Академия, 1999. – 672 с.
2. Абрамов Л.С. Информационная функция географии. // География в школе. – 1998 – №5.
3. Алешкина О.В., Бочарникова Э.А. Использование геоинформационных систем на уроках географии // Молодой ученый. – 2014. – №12. – С. 255-257.
3. Бибик А.Е. Методика преподавания географии частей света. – М., 1952.
4. Буданов В.П. Карта в преподавании географии. – М.: Учпедгиз, 1938.

МРНТИ:39.01.94

Е.К. Жамбылова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекшісі: **Уәшова М.У.**, педагогикалық ғылымдарының магистрі

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ КАТОНҚАРАҒАЙ АУМАҒЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТТІК ЖАҒДАЙЫ, БОЛАШАҒЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты: Катонқарағай ауданының киелі жерлерінің анықтаудың маңыздылығын анықтау.

Міндеттері: Катонқарағай ауданының физикалық-географиялық жағдайына сипаттама беру;

Катонқарағайдың туристік жағдайы мен Киелі жерлер ұғымына ғылыми тұжырымдамасын беру; Катонқарағай ауданының киелі жерлерінің анықтау мақсатында карта құрастыру; Катонқарағай ауданының табиғи объектілеріне туристік жол көрсеткішін ұсынуды жобалау [1].

Зерттеу нысаны: Катонқарағай ауданының киелі жерлері.

Ғылыми жұмыстың жаңалығы: Катонқарағай туризмінің даму болашағына SWOT – талдау жасалады. Катонқарағай ауданының табиғи объектілерінің туристік жол көрсеткіші құрастырылды.

Ғылыми және практикалық маңыздылығы: Катонқарағай ауданының бойынша туристерге тарихи, табиғи объектілердің туристік жол көрсеткішін ұсынуға болады.

Қазіргі қоғамда туристік саланың емдік-сауықтыру, экологиялық, ауылдық, әлеуметтік, мәдени-танымдық және белсенді туризм құрайтын адамдардың киелі жерлерге деген қызығушылықтары айтарлықтай өскені байқалуда [2]. Шығыс Қазақстан облысы (ШҚО) үлкен туристік әлеуетке ие, оның негізінде ерекше биоәртүрлілігі, табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштерінің бар болуы, кең аумақты алып жатуы, бұл жалпы туризмді, оның дәстүрлі түрлерін және жаңа заманауи бағыттарын, атап айтқанда экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер болып табылады [3]. Соңғы жылдары аймақтағы қарқынды дамып келе жатқан туристік индустрияның алғышарттары, мемлекеттік саясаттан басқа, ең бай және ерекше сұлулық табиғаты болып табылады.

Ғылыми зерттеу жұмыс барысында Катонқарағай ауданының киелі жерлерінің анықтаудың маңыздылығын анықтай отырып:

- Катонқарағай ауданының физикалық-географиялық жағдайына сипаттама берілді. Геологиялық құрылымы мен жер бедері, климатымен су ресурстарына тоқталып, Табиғи, тарихи, мәдени және археологиялық ескерткіштері туралы ақпараттар ұсынылды [4].
- Катонқарағайтын туристік жағдайы мен Киелі жерлер ұғымына ғылыми түсініктемелер көрсетілді [5].
- Катонқарағай ауданының киелі жерлерінің анықтау мақсатында карта құрастырылды.
- Катонқарағай ауданының табиғи объектілеріне туристік жол көрсеткішін жобалап, туристар үшін тиімді ықпал қалыптастырылып, ұсынылды [6].

Әдебиеттер

Кітап:

1. Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы», 2002. – XI том. – 97 б.

2. Крыкбаева Р.Н. Катон-Карагайский государственный национальный природный парк. – Усть-Каменогорск: ТОО ПРОФИТ, 2008. – С. 33, 44.

Электронды ресурс:

Бір ғажайып дүние. <http://didar-gazeti.kz/8104-br-azhayyp-dnie.html>

Туристік маршруттың технологиялық картасы. https://kk.wikipedia.org/wiki/Туристік_маршруттың_технологиялық_картасы

«Алтай соқпақтарымен» экскурсиялық соқпағы (маршрут). <http://br.katonkaragai.kz/kz/k-rnekti-oryndar/turistik-marshruttar/297-altaj-so-pa-tarymen-ekskursiyaly-so-pa-y-marshrut.html>

«Рахман қайнары» ғылыми-танымдық соқпағы <http://br.katonkaragai.kz/kz/k-rnekti-oryndar/turistik-marshruttar/286-rakhmanajnary-ylymi-tanyndy-so-pa-y.html>

МРНТИ:77.29.99

А.Б. Хамитханова

Семей қаласының «Шәкәрім атындағы университеті» ҚеАҚ

Ғылыми жетекші: **Б.Р. Мұхамбаев**, дене шынықтыру және спорт кафедрасының, оқытушысы

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ

Жалпы бағдарламадағы жұмыстардың мәні бірнеше операторлар арасында көп жұмысты бөлу болып табылады. Клондау немесе EasyTrace терминдерінде прототиптен жоба жасау бастапқы жобаның барлық қасиеттерін еске (мұраға) алуға мүмкіндік береді. Ал растрларды байланыстыру тек жұмысты жекелендіреді, яғни, қайталанатын (клондау) жобалардың әрқайсысында жобаның қай фрагменті өңделетінін анықтайды.

Байланыстыру операциясы мыналардан тұруы мүмкін:

- геометриялық растрлық түзету;
- жалпы растрлық-векторлық өріске растрлық фрагменттерді орналастыру;
- TFW, MAP, CRT немесе TAB файлы сияқты геореференциялық файлды пайдаланып растрды қарапайым тіркеу.


Мәліметтер базасын пайдалана отырып картографиялық геоақпараттық жүйелерде жер бедерінің 3D моделін алу мақсатында бізге берілген 1:100000 (Сурет 1) масштабтағы топографикартаны қолдана отырып, MapInfo бағдарламасында қарастырып көрдік.



Сурет 1 – 1:100000 масштабтағы карта



а



ә

Сурет 2 – а-EasyTrace бағдарламасын да алынған рельеф, ә-MapInfo бағдарламасында жасалған 3D модель

MapInfo-дағы мәліметтер карталар, диаграммалар менкестелер түрінде де қарастырыла береді және қандай да бір кестедегі мәліметтерді өзгертсе, ол басқаларында толығымен қамтиды. Геоақпараттық жүйелердің ішіндегіMapInfo ең қолайлысы. Онда картографиялық және семантикалық берілгендермен жұмыс істеу өте ыңғайлы. ГАЖ-технологиясын картографиялауда және жерге агроэкологиялық бағалау жасауға қолдану үшін сәйкесінше базалық және аппараттық қамтамасыздықты қажет етеді.

MapInfo бағдарламасы дерекқорды пайдаланып 3D рельеф үлгілерін жасауға мүмкіндік беретін танымал бағдарламалық қамтамасыз студия бірі. 3D рельефті модельдеу геокеңістіктік деректермен жұмыс істейтін геодезистер, сәулетшілер, инженерлер және басқа мамандар арасында танымал бола түсуде. Бұл жер бедерін визуализациялау мен талдауды жақсартуға, сондай-ақ инфрақұрылымдық жобаларды жобалау және жоспарлау тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мәліметтер базасы MapInfo бағдарламасында 3D рельеф моделін құруда және басқаруда маңызды рөл атқарады.

Деректер базасы геокеңістіктік деректердің өзін ғана емес, сонымен қатар олардың қасиеттері мен байланыстары туралы ақпаратты сақтайды. Мысалы, ғимараттың 3D моделін тұрғызу үшін оның биіктігін, ауданын, қабаттарының санын және мәліметтер базасында сақтауға болатын басқа сипаттамаларын білу керек.

Жер рельефі – бұл жер қыртысының әр түрлі контурлары мен өлшемдерімен біркелкі еместігі. Ол сыртқы және ішкі күштердің әсерінен өзгереді. Өзгерістер өте баяу және байқалмайтын түрде жүреді, ең алдымен рельефке Жердің өзінде пайда болатын және тектоникалық плиталардың қозғалысын тудыратын процестер әсер етеді. Аз мөлшерде сыртқы күштер – желдер, ғарыштық күштер, адамның әрекеті әсер етеді.

MapInfo бағдарламасында деректерді пайдаланып 3D рельеф моделін құру, геокеңістіктік деректерді визуализациялау және талдау үшін қуатты құрал болып табылады. Осы әдістің арқасында әртүрлі инфрақұрылымдық жобаларды тиімді жобалап, жоспарлай алады, сонымен қатар жергілікті деректер негізінде нақты болжамдар жасап, негізделген шешімдер қабылдай алады.

Әдебиеттер

1. [Привязка карты растровым способом в MapInfo \(youtube.com\)](#)
2. Библиотека условных знаков для MapInfo. – М.: ЭСТИМАП, 2005. – 15 б.
3. Руководство пользователя. MapInfoProfessional 11,5. – М.: ЭСТИМАП, 2012.
4. MapInfo интеграцияланған микро-маркетингтік мәліметтер мен талдау. 2018-02-08.
5. Ковин Р.В., Пекарская С.С. Работа в среде геоинформационных систем. Методические указания к циклу лабораторных работ / Р.В. Ковин. – Томск: Изд. ТПУ, 2021. – 61 б.

МРНТИ: 36.23.35

Н.Б. Турдина, А.М. Апсаямов

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **А.М. Шалбаев**, «Автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және қалақұрылысы» кафедрасының оқытушысы


КООРДИНАТТАРДЫ БІР КООРДИНАТТАР ЖҮЙЕСІНЕН БАСҚА КООРДИНАТТАР ЖҮЙЕСІНЕ ТҮРЛЕНДІРУ ҮШІН КРЕДО ТРАНСКОР БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Қазіргі уақытта координаталар жүйесі Қазақстан Республикасында геодезия саласындағы ең актуалды мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан аумағында СК-42 координаталар жүйесі жұмыс істейтіндіктен және жаңа координаттар жүйесіне көшу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқандықтан, координаттарды бір жүйеден екіншісіне түрлендіру геодезиядағы өзекті мәселе болып табылады. Жұмыстың мақсаты: координаттарды бір координаттар жүйесінен басқа координаттар жүйесіне түрлендіру үшін Кредо Трансмор мүмкіндіктерін зерттеу болып табылады. Зерттеу міндеттері: WGS-84 координаттық жүйесіндегі бастапқы мәліметтерді алу; кредо бағдарламасын зерттеу; бастапқы мәліметтерді бағдарламаға жүктеу арқылы координаттарды бір жүйеден екінші жүйеге түрлендіру жұмыстарын орындау.

Кредо Трансмор бағдарламасы геодезиялық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне ие. Ал бүгінгі таңда өндірісінде топографиялық-геодезиялық және жерге орналастыру жұмыстарының координаттарды трансформациялау бойынша әртүрлі тапсырмалардың көлемі күрт өсті. Бұл келесі себептерге байланысты:

- СК-95, ГСК-2011 координаттар жүйесін өндіріске енгізілуі;
- GNSS (GPS, ГЛОНАСС) және WGS-84 және ПЗ-90 координаттар жүйелерін қолданатын спутниктік технологияларды кеңінен қолданылуы;
- муниципалды, қала құрылысы, жерге орналастыру кадастрлық жүйелерін құруға байланысты қалалық торларды қайта құру бойынша жұмыстарды өткізу.

Координаттарды түрлендіру үшін 7 параметрлер қолданылады. Олар: 3 сызықтық $R = \{d_x; d_y; d_z\}$; 3 бұрыштық $\omega_x; \omega_y; \omega_z$; шкалалық масштаб – M (Сурет 1).



Сурет 1 – Координаталардың түрленуі

Кредо Транскор бағдарламаның көмегімен WGS-84 координаттық жүйесінен СК-42 координаттық жүйесіне ауыстыру болып табылды (Сурет 1).

Келесі түрде ауыстырылған жүйе ол, СК-42 координаттық жүйесінен СК-95 координаттық жүйесіне түрлендіру болып табылды (Сурет 3).

WGS-84 - EGM-2008						1942 зона 6 - EGM-2008					
инен	Ш, °"	Ш, °"	Н _с , м	Н _к , м		инен	Н _с , м	Е, м	Н _с , м	Н _к , м	
10	54°38'56,89"	34°23'28,10"	103,368	87,499		1	6059275,598	592104,798	103,035	112,477	
12	54°38'57,58"	34°23'27,91"	104,371	88,502		2	6059268,433	592090,573	91,670	99,112	
11	54°38'57,77"	34°23'28,33"	107,664	91,795		3	6059263,071	592097,161	91,875	99,317	
15	54°38'57,94"	34°23'28,05"	106,473	90,604		4	6059236,780	592112,402	91,933	99,376	
5	54°38'58,10"	34°23'29,40"	107,474	91,543		5	6059256,200	592093,892	91,545	98,987	
2	54°38'58,59"	34°23'29,29"	107,539	91,670		6	6059254,377	592126,035	101,971	109,414	
3	54°38'58,38"	34°23'29,65"	107,744	91,875		7	6059260,405	592133,448	101,318	108,761	
4	54°38'57,52"	34°23'30,47"	107,802	91,833		8	6059245,080	592109,802	93,359	100,802	
8	54°38'57,79"	34°23'30,34"	109,220	93,359		9	6059236,476	592121,857	93,636	103,079	
13	54°38'58,28"	34°23'29,56"	110,650	94,781		10	6059216,439	592070,305	87,499	94,941	
1	54°38'58,78"	34°23'30,09"	120,904	105,035		11	6059243,731	592073,877	91,795	99,237	
9	54°38'57,21"	34°23'30,99"	111,305	95,636		12	6059238,013	592066,460	88,502	95,944	
6	54°38'58,08"	34°23'31,25"	117,640	101,971		13	6059290,865	592094,983	94,781	102,223	
7	54°38'58,27"	34°23'31,87"	117,187	101,318		14	6059258,084	592156,272	99,523	106,966	
14	54°38'58,18"	34°23'32,94"	115,391	99,523		15	6059246,249	592086,679	90,604	98,046	

Сурет 2 – WGS-84 координаттық жүйесінен СК-42 координаттық жүйесіне түрлендіру

1942 зона 6 - EGM-2008						1993 зона 6 - EGM-2008					
инен	Н _с , м	Е, м	Н _с , м	Н _к , м		инен	Н _с , м	Е, м	Н _с , м	Н _к , м	
1	6059275,598	592104,798	103,035	112,477		1	6059272,935	592103,929	103,035	110,165	
2	6059268,433	592090,573	91,670	99,112		2	6059266,799	592089,705	91,670	96,799	
3	6059263,071	592097,161	91,875	99,317		3	6059260,407	592096,291	91,875	97,005	
4	6059236,780	592112,402	91,933	99,376		4	6059234,116	592111,533	91,933	97,063	
5	6059256,200	592093,892	91,545	98,987		5	6059253,536	592093,023	91,545	96,674	
6	6059254,377	592126,035	101,971	109,414		6	6059251,714	592125,166	101,971	107,101	
7	6059260,405	592133,448	101,318	108,761		7	6059257,741	592132,577	101,318	106,448	
8	6059245,080	592109,802	93,359	100,802		8	6059242,417	592109,033	93,359	96,489	
9	6059236,476	592121,857	93,636	103,079		9	6059227,812	592120,988	93,636	100,766	
10	6059216,439	592070,305	87,499	94,941		10	6059213,775	592069,436	87,499	92,628	
11	6059243,731	592073,877	91,795	99,237		11	6059241,067	592073,008	91,795	96,824	
12	6059238,013	592066,460	88,502	95,944		12	6059235,349	592065,591	88,502	93,631	
13	6059290,865	592094,983	94,781	102,223		13	6059288,201	592094,113	94,781	99,911	
14	6059258,084	592156,272	99,523	106,966		14	6059255,421	592153,403	99,523	104,633	
15	6059246,249	592086,679	90,604	98,046		15	6059246,585	592085,810	90,604	95,733	

Сурет 3 – СК-42 координаттық жүйесінен СК-95 координаттық жүйесіне түрлендіру

Осылайша, бастапқы геодезиялық деректер WGS-84 координаттық жүйесінде болды, оларды СК-42 координаттық жүйесіне түрлендіру отырып координаттар бойынша өзгерістердің айырмашылығын талдау жасалған. Кредо бағдарламасында биіктік аномалиясын (айырмашылығын) әр координаталар жүйесі бойынша өзгерісін бақылау жасалған. СК-42 координаттық жүйеде алынған мәліметтерді СК-95 жүйесіне түрлендіріп, координаттардың ауысу мөндерімен талдау жасалған.

Әдебиеттер

1. Будо А.Ю. Возможности программного продукта КРЕДО ТРАНСКОР 3.0 для задач дорожного строительства. – Беларусь: Белорусский национальный технический университет г. Минск. – 8 с.
2. Побединский Г.Г. Системы координат в геодезии и их связи: учеб. Пособие – Н.Новгород: ННГАСУ, 2023. – 144 с.
3. Побединский Г.Г., Кафтан В.И. Системы координат глобальные, континентальные, региональные, национальные: состояние, проблемы, 127 перспектив // Международный научно-технический и производственный журнал Науки о Земле. – 2020. – № 3. – С. 4-59.
4. Системы координат / В.П. Горобец, Г.В. Демьянов, А.Н. Майоров, Г.Г. Побединский // В кн. ГЛОНАСС и геодезия. – М.: ФГБУ Центр геодезии, картографии и ИПД, 2016. – С. 16-28.
5. Трансформация геоцентрических, геодезических и прямоугольных координат. Руководство пользователя. Версия 3.2. – 122 с.

Е.Е. Шайдоллаев

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Г.С. Сейтқазина**, «Автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және қалақұрылысы» кафедрасының аға оқытушысы

ТУРИСТІК КАРТАЛАРДЫ ҚҰРУДАҒЫ ГАЗ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ) туристік индустрия және туристік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартудың қуатты құралына ие. ГАЗ технологиясы туристерге бейтаныс жерлерді шарлауға көмектесіп қана қоймай, саяхатты жоспарлау мен өткізу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтетін заманауи туристік карталарды жасауда шешуші рөл атқарады.

Абай және Шығыс Қазақстан облыстары әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді тартатын бірегей табиғи және мәдени ресурстарға бай аймақтар. Дегенмен, аймақтарда туризмнің дамуы өте төмен деңгейде, сондықтан туризмді дамытудың алғы шарттарының бірі туристік карталарды құру екені сөзсіз.

Онлайн туристік карта осы ресурстарды тиімді ұсынуда, аймаққа көбірек туристтер мен инвестицияларды тартуда қуатты құрал бола алады. Ал туризмді дамыту жергілікті экономиканың өсуіне, жаңа жұмыс орындарын құруға, инфрақұрылымның дамуына және аймақтардың инновациялық дамуы мен туристік тәжірибені жақсартуға ықпал етеді.

Бүгінде Абай және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша туризмді дамытуға кері әсер ететін бірнеше мәселелерді атауға болады, біріншіден, шектеулі ақпарат: туристік бағыттағы дәстүрлі ескі қағаз карталардың басымдығы және көрнекті орындар туралы ақпараттың шектеулілігі. Екіншіден, туристік бағыттағы нысандар және олардың атрибутивті мәліметтері келтірілген, маршруттары көрсетілген интерактивті геопорталдың болмауы. Осы орайда, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарының онлайн туристік картасын жасау зерттеудің басты мақсаты болып табылады.





Зерттеу барысында Абай және Шығыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени мұра ескерткіштері мен туристік маршруттары туралы деректер базасын қалыптастыру (координаттар мен атрибутивті мәліметтер) және ArcGIS ONLINE бағдарламасы құралдары негізінде аймақтардың тарихи-мәдени мұра ескерткіштері бар көпшілікке қолжетімді туристік картасын жасау орындалды.

Туристік картаны құрудың бірінші кезеңінде деректер базасы қалыптастырылады. Деректерді жинау үшін Adilet.zan сайтынан және Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының “Абай облысының тарихи-мәдени мұрасын қорғау жөніндегі орталығы” КМҚК басқармасынан тарихи-мәдени мұра нысандарының тізімі мен координаттары алынды. Абай облысы бойынша жалпы 410 нысан қарастырылды. Одан басқа деректер базасы ретінде қолда бар туристік кітапша жинақтамалар қолданылды.

Деректер базасы жиналғаннан кейін ArcGIS ONLINE бағдарламасында карта қабаттарын құру орындалады. Туристік карта үшін келесідей қабаттар таңдалынды: рекреациялық және туристік объектілер, орналастыру құралдары, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштері, туристік маршруттардың қолданыстағы және перспективалық схемалары, автомобиль жолдарының схемасы және табиғат ескерткіштері.

Келесі кезеңде әр қабатқа сай нысандарды географиялық координаттары арқылы енгізіп, оларға атрибутивті мәліметтер тағайындау орындалды. Автомобиль және жаяу жүру жолдары сызылып, оларға атрибутивті мәліметтер тағайындалды. Нәтижесінде, туристік картаға Семей қаласында 59 нысан, Өскемен қаласында 39 нысан енгізілді. Жалпы картаға музей, ескерткіш, мешіт, шіркеу, парк және т.б. көрнекті орындар кіргізілді.

Зерттеу нәтижесінде, Абай облысының 410 тарихи-мәдени мұра ескерткіштері және Абай мен Шығыс Қазақстан облыстарының 7 керемет туристік маршруттары бейнеленген онлайн туристік картасы сызылды (Сурет 1).



Сурет 1 – Абай және Шығыс Қазақстан облыстарының тарихи-мәдени мұра ескерткіштері мен туристік маршруттары көрсетілген онлайн туристік картасы

Әдебиеттер

1. Быков А.В., Пьянков С.В. Web-картографирование: учеб.пособ. – Пермь: Перм. гос. нац.исслед. ун-т., 2015. – 110 с.
2. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V23F0003418> (өтініш берілген күні: 04.04.2024).
3. ArcGIS ONLINE сайты [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.esri.com/en-us/arcgis/products/arcgis-online/capabilities/expand-work> (өтініш берілген күні: 04.04.2024).

СЕКЦИЯ 17: ТЕХНОЛОГИЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫХ ПРОДУКТОВ

МРНТИ: 65.59

Канатова А.К., Коксегенова А.К.

«Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **Әсенова Б.Қ.**, техника ғылымдарының кандидаты, профессор.

**МЕКТЕП ТАҒАМДАРЫНА АРНАЛҒАН ЕТ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Мектеп оқушысы үшін аспаздық мәзірді құру баланың денесінің ерекшеліктерін ескере отырып, терең көзқарасты талап етеді. Мектеп бағдарламаларын меңгеру балалардың психикалық белсенділігінің жоғары болуын талап етеді. Білімді меңгерген кішкентай адам еңбек етіп қана қоймайды, сонымен бірге өсіп, дамиды және осының бәрі үшін ол жеткілікті тамақтануы керек.

«Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында Елбасы әлеуметтік саясаттың жаңа ұстанымдарын айқындады, балаларды қорғауды елдің жуырдағы жылдарда дамуының маңызды басымдықтарының бірі ретінде атады және оны іске асыру бойынша мемлекеттің органдар қызметінің негізгі басымдықтарын белгіледі.

Бүгінде, тамақ өнімдерін тұтынуда дұрыс деп танылатын баланс-балалардың денсаулығы үшін өте маңызды. Мектеп оқушыларының мәзірінде тек ақуыздар, майлар, көмірсулар ғана емес, сонымен қатар алмастырылмайтын аминқышқылдары, витаминдер, кейбір май қышқылдары, минералдар мен микроэлементтер бар тағамдар болуы керек. Тауық еті – әлемдегі ең көп тұтынылатын ет. Және бұл төмен бағаға ғана байланысты емес. Тауық еті өзін-өзі қамтамасыз ететін тағамдық өнім болып табылады және көптеген тағамдардың құрамына кіреді. Әрине, балалық шағымызда, суық тиген кезде, әжелеріміз бізге тауық сорпасын беретін, және бұл бекер емес, өйткені құс етінде әртүрлі аминқышқылдары мен витаминдері бар: А, С, Е, В1, В2, В3, В5, В6, В9.

Мектеп жасындағы балалар – бұл балалардың ең белсенді өсетін уақыты, ал дұрыс тамақтану бұл процестің табиғи жүруінің қажетті шарты болып табылады. Өмірлік маңызды элементтердің жетіспеушілігі дененің барлық жүйелерінің дамуының кешігуіне әкелуі мүмкін.

Тауық етінен паштет өнімдерін алуда тамақ өніміне ерекше дәм беретін мускат жаңғағын пайдаланудың маңызы.

Мускат жаңғағы тұқымдарында айтарлықтай антиоксиданттық, қабынуға қарсы және микробқа қарсы қасиеттерге ие сабиенен, пинен және лимонен сияқты күшті химиялық компоненттер бар.

Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру

Заманауи технологияларды негізге ала отырып, пайдалы өнімдермен толтырылған, мектеп балалары үшін тиімді әрі құнарлы болатын биологиялық белсенді компонент тауық етінен жасалған «паштетті» алдық. Бұл паштеттің құрамында балалар үшін пайдалы ақуыз, пайдалы аминқышқылдары, минералдар мен микроэлементтер, мысалы, триптофан бар, ол денеге стресс пен алаңдаушылықты жеңуге көмектеседі, физикалық күш береді және төзімділікті арттырады. Балалардың зейінін тұрақтандырады. Бұның нәтижесінде ақуызға бай, табиғи құндылығы жоғары тауық етінің өнімдерінің ассортиментін ұлғайтамыз және де биологиялық, тағамдық қасиеттерінің жоғары деңгейін арттырамыз.

Зерттеу объектілері: *тауық еті және сәбіз*

Қолданылған шикізаттар мен материалдар: тауық еті 500-600 грамм, сәбіз және пияз 200 грамм (тазартылған күйде), 100 грамм сары май, кілегей(сливки) 200 грамм, 30 грамм өсімдік майы, 10 грамм сарымсақ, 10 грамм тұз, 3 грамм бұрыш, 1 грамм мускат жаңғағы.

Сапасы бойынша еттің жоғары сортын аламыз.

Зерттеу жұмыстары бір-бірімен тығыз байланысты.

Құс етінен паштет өнімінің тағамдық құндылығы

Ғылыми жұмыстың бірінші бөлімінде балаларға арналған паштет өнімін жетілдіру мақсатында құрамына кіретін шикізат таңдалып алынды. Сонымен қатар, осы шикізаттардың адам ағзасына тигізетін пайдалы қасиеттеріне сипаттама берілді.

Жаңа өнім алу кезінде осы көп компонентті қоспаны қолдану өнімнің тағамдық құндылығын арттыратыны негізделді. 12-кестеде көрсетілгендей, әр түрлі пропорциядан алынған құс етінің 100 г өніміндегі тағамдық тәуліктік мөлшері дайындалды. Құс етінен жасалған паштет өнімінің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы есептелді.

Экономикалық тұрғыдан қарағанда, құс етінен жасалатын паштет өнімі- балалардың макро- және микроэлементтермен, витаминдермен және басқа да алмастырылмайтын тамақтану факторларымен қамтамасыз етілуін түбегейлі жақсартудың ең тиімді және экономикалық қол жетімді тәсілі – белгілі бір жас тобына тән физиологиялық қажеттіліктерге сәйкес тамақтанудың алмастырылмайтын факторларының жетіспеушілігін толтыра алатын тағамдардың бірегейі. Қазақстандықтардың денсаулығын нығайту мәселесі ет шикізатының өнімдерін өндірісте түрлендіру арқылы шешілуі мүмкін.

Тамақ өнімдерін өндіру технологиясы шикізаттың сапасы мен құрамын, өндірістік процестердің тиімділікті, экологиялық қауіпсіздікті талап етеді. Шикізат сапасы, шикізат құрамы белгіленген стандарттар мен гигиеналық талаптарға сәйкес болуы қажет. Адамның денсаулығы ағзаға түскен өніммен тікелей байланысты. Сондықтан да зерттеу жүргізу тамақ өнімдерін тексеруде маңызды шарттардың бірі болып табылады.

Дайын өнім сапа көрсеткішін анықтау органолептикалық көрсеткіштен бастау алады.

Органолептикалық сапа көрсеткішін рейтинг бойынша анықталады. Оны түсі, иісі, дәмі мен сыртқы түрін дәм мен сезу әдісімен қатар көру арқылы эстетикалық үлгісіне баға береді. Әдіс өнімнің қасиеттерін сипаттау арқылы балл қою шкаласынан тұрады. Сыртқы түрі, консистенциясы, түсі мен иісі және дәмін 5 балл шкаласымен көрсетіледі. Өнімнің балл шкаласына сай баға береді.

Балалар үшін (әсіресе жас балалар) диетаға енгізілген ақуыздың жоғары сапалы болуы өте маңызды, яғни оның құрамында барлық қажетті аминқышқылдары бар. Толық белоктардың едәуір мөлшері тауық етінің төс етінде бар. Сондықтан, егер сіз балаңыздың қажетті микроэлементтерді алуын қаласаңыз, сенімді өндірушіден антибиотиктер мен өсу гормондары жоқ жоғары сапалы және қауіпсіз тауық етіне артықшылық беріңіз.

Тұрғындар үшін тауық етінің тиім – ділігі бағасында ғана емес, құс етінің денсаулыққа да аса пайдалы екенін бұл күнде екінің бірі жақсы біледі. Оның құрамында ақуыз көп, күнделікті адам ағзасына қажетті ақуыздың төрттен бірін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Хлебников В.И., Жебелева И.А., Криштафович В.И. Экспертиза мяса и мясных продуктов: Учебное пособие. – 3 е изд. – М.: Издательско торговая корпорация Дашков и К, 2011. – 132 с.
2. Миронова И.В. Основы лечебно-профилактического питания / И.В. Миронова, З.А. Галиева, М.Б. Ребезов, Л.И. Мотавина, Ф.Х. Смольникова. – Алматы, 2019.
3. Какимов А.К., Есимбеков Ж.С., Кабулов Б.Б., Бепеева А.Е. Перспективы создания мясных продуктов функционального назначения: аналитический обзор. – Алматы: ТОО Международное Агентство подписки, 2016. – 53 с.
4. Азық-түлік өнімдерін өндіру салаларының технологиялары: оқу құралы / А.К. Гумарова, А.Б. Абуова, Т.А. Байбатыров, Э.Р. Чинарова. – Орал, 2017.– 332 б.
5. Жариков А.И. Технологизмы мясного производства / А.И. Жариков, М.В. Воякин // Мясная индустрия. – 2011. – № 1. – С. 30-35.
6. Житенко П.В. Ветеринарно-санитарная экспертиза / П.В. Житенко, М.Ф. Боровков. – М.: Агропромиздат, 2019. – 367 с.
7. Зеленков П.И. Технология производства, хранения и переработки говядины / П.И. Зеленков, А.В. Плахов. – Ростов н/д: Феникс, 2002. – 376 с.
8. Алехина Л.Т. Технология мяса и мясопродуктов / Л.Т. Алехина, А.С. Большакова, В.Г. Боресков. – М.: Агропромиздат, 2011. – 576 с.
9. https://www.edimdoma.ru/kulinarnaya_shkola/posts/23119-gotovim-raznye-vidy-pashtetov-doma.am
10. <https://tehnolog-food.ru/pischevye-tehnologii/proizvodstvo-pashtetov>
11. Uzakov Ya.M., Kaldarbekova M.A., Kuznetsova O.N. Improved technology for new-generation Kazakh national meat products // Foods and Raw Materials. – 2020. – Vol. № 8(1). – P. 76-83.

А.С. Нургазина

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Научный руководитель: **Ж.М. Атамбаева**, м.т.н., преподаватель кафедры «ТППиБ»

УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ БЕЗГЛЮТЕНОВОГО ХЛЕБА


Хлеб из пшеничной муки – самый потребляемый населением продукт. Хлебобулочные изделия являются важной частью в рационе питания, обеспечивают наш организм строительным материалом для роста и развития, а также энергией. В настоящее время для расширения ассортимента и улучшения потребительских качеств хлеба активно ведутся работы по разработкам технологий и совершенствования рецептур. Но вопрос оптимизации и подбора рецептуры и технологии производства безглютенового хлеба остается актуальным.

Есть определенная группа людей, страдающие глютеновой непереносимостью, т.е. заболеванием целиакия.

Целиакия – это хроническое заболевание тонкого кишечника, связанное с врождённой непереносимостью белка (глутена), который содержится в злаковых культурах (пшеница, рожь, овес, ячмень).

На сегодняшний день число людей, страдающих целиакией, резко растет. Единственный эффективный метод лечения – соблюдение безглютеновой диеты. В данной статье дается рецептура и технология и основные показатели рисово-льняного безглютенового хлеба.

При разработке рецептуры безглютенового хлеба были изучены и проанализированы основные показатели рисовой и льняной муки в сравнении с пшеничной.



В данной диаграмме мы видим, что в рисовой и льняной муке показатели белка намного больше, чем в пшеничной муке.

Льняная мука это продукт, изготовленный в производственных условиях по специальной технологии. Представляет собой результат помола семян льна и последующего обезжиривания полученной массы. Льняная мука является природным источником жизненно важных витаминов: А, Е, витамины группы В которые полностью усваиваются в нашем организме. Семена льна особенно богаты калием, которого содержится в 7 раз больше чем в бананах. Льняная мука при введении ее в рацион питания человека, прежде всего, способствует нормализации работы желудочно-кишечного тракта.

Рисовая мука – это особый вид муки, который производится из белого риса неклеяких сортов. Не следует ее отождествлять с рисовым крахмалом. Он производится по другой технологии и обладает отличными от муки свойствами. Как и пшеничную муку, рисовую получают путем измельчения злака. Для рисовой муки используют либо белый рис, или же коричневый. Мука последнего имеет бежевый оттенок. Мука из риса легко усваивается и не содержит глютена, что делает ее ценным диетическим продуктом.

Таблица 1 – Рецептура безглютенового хлеба из рисово-льняной муки

Наименования сырья	Количество сырья, %
Рисовая мука	90
Льняная мука	10
Дрожжи	5,71
Соль	1,71
Сахар	5,43
Меланж	30
Сливочное масло	7,14
Вода	По расчету

За основу приготовления данного хлеба была взята рецептура традиционного пшеничного хлеба. Но с заменой пшеничной муки, так как именно она является источником глютена.

Результат органолептической оценки качества хлеба на основе безглютеновой смеси различных видов муки предоставлен в таблице 2.

Таблица 2 – Органолептические показатели безглютенового хлеба

Показатели	Описание
Внешний вид	Соответствует хлебной форме, в которой производилась выпечка, без выпуклой корки, без боковых выплывов. Поверхность золотистого цвета, без трещин и разрыва
Вид в разрезе	Мякиш пропеченный, слегка влажный, без комков и следов непромеса. Цвет светло-серый
Структура и консистенция	Упругая структура. Поры среднего размера, распределены равномерно, без пустот и уплотнений
Вкус	Приятный вкус свойственный входящим в состав компонентам
Запах	Приятный запах свойственный хлебу, без постороннего запаха

Стоит отметить, что наличие в хлебе на основе безглютеновой мучной смеси из льняной и рисовой муки положительно отражается на вкусе запахе, цвете готового изделия. В целом хлеб на основе безглютеновой мучной смеси отличается правильной и нерасплывчатой формой, гладкой без трещин поверхностью, развитой и без пустот пористостью по сравнению с плоской бледно-светлой коркой, неровной поверхностью, мелко развитой пористостью и уплотненным мякишем контрольного образца.

Литература

1. Дубровская Н.О. Производство безглютеновых хлебобулочных изделий с использованием нетрадиционного растительного сырья / Н.О. Дубровская, Л.И. Кузнецова, О.И. Парахина // Хлебопродукты. – 2016. – № 11. – С. 36-37.
2. Журавлева Е.О. Применение льняной муки при производстве безглютенового хлеба / Е.О. Журавлева, О.О. Пасько, Л.А. Козубаева // Горизонты образования. – 2015. – № 17. – С. 33-35.
3. Терновская Г.В. Обогащение безглютенового хлеба полноценным белком / Г.В. Терновская, Т.А. Филимонова, С.Ю. Беняш, Р.Л. Хегай // Хлебопечение России. – 2017. – № 1. – С. 18-19.

ГТАХР: 664.7:633.814

Слямбекова М.А.

Ғылым жетекшісі: **Идырышев Б.А.** PhD, аға оқытушы

БАЛҚАРАҒАЙ ҰНЫНЫҢ ЫЛҒАЛДАНУ ДӘРЕЖЕСІНІҢ БИФИДОБАКТЕРИЯЛАРДЫҢ ӨСУІНЕ ӘСЕРІ

Тамақтану – адам денсаулығын анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Дұрыс тамақтану қалыпты өсу мен дамуды қамтамасыз етеді, гомеостазды қалыпты ұстайды, көптеген аурулардың алдын алуға көмектеседі, өмірді ұзартады, өнімділікті арттырады, қоршаған ортаға бейімделуді қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта тамақтану және денсаулық байланысы туралы көптеген мәліметтер жинақталған [1-2].

Соңғы жылдары диеталық қоспаларды құру кезінде табиғи шикізатты қолдануға артықшылық беріледі. Алынған мәліметтерден көріп отырғанымыздай, балқарағайдың химиялық әлеуеті жоғары және оны функционалды тағам өнімдерінің кең ассортиментін өндірудің шикізат көзі ретінде қарастыруға болады.

Балқарағай ұнындағы полисахаридтер мен олигосахаридтердің жоғары мөлшерін ескере отырып, құрамында бифидобактерия бар сүт өнімдерін өндіруде балқарағай ұнын пребиотик ретінде пайдалану мүмкіндігі туралы гипотеза жасалды [3,4].

Пребиотиктер пайдалы тоқ ішек бактерияларының бір немесе бірнеше ұрпақтарының өсуі мен белсенділігін селективті ынталандыру арқылы адам денсаулығына жағымды әсер ететін тағамның сіңірілмейтін компоненттері екені белгілі. Табиғи пребиотиктерді қолдану азық-түліктің жаңа буынының болжамды моделіне сәйкес әртүрлі тағамдарда бактериялардың өсу стимуляторларын енгізу арқылы өсіруге мүмкіндік береді.

Алғаш рет Р. Гибсон тұжырымдаған "пребиотика" ұғымы көбінесе адамның ішегінде адсорбцияланбайтын, бірақ өсуді селективті ынталандыру және оның ішек микрофлорасының пайдалы өкілдерінің метаболизмін белсендіру арқылы адам ағзасына пайдалы әсер ететін заттарға немесе диеталық қоспаларға сілтеме жасау үшін қолданылады. Осылайша, пребиотиктерді пробиотиктердің, атап айтқанда бифидобактериялардың стимуляторлары немесе промоторлары деп атауға болады.

Сонымен қатар, ұнды биологиялық өңдеу денатурация факторлары мен минералдардың әсеріне ұшыраған ақуыздардың сіңімділігін арттырады.

Микроорганизмдердің даму шарттарының бірі-ортада бос ылғалдың болуы. Осыған сүйене отырып, балқарағай ұнының ылғалдану дәрежесінің қышқыл түзілу динамикасына және бифидобактериялардың өсуіне әсері зерттелді.

Балқарағай ұнын ылғалдандыру екі жолмен жүзеге асырылды: майсыз сүт және су. Белгілі бір ылғалдылыққа жеткеннен кейін, бифидобактериялардың 5% стартері тағамға енгізілді.

Ылғалдандыру дәрежесінің жоғарылауымен бифидобактериялардың қышқыл түзу қабілеті мен өсуі жоғарылайтыны анықталды. Бифидобактериялар өсірудің алғашқы сағаттарында дами бастайды және 6-7 сағаттан кейін жасушалар саны 10¹⁰ к. қ. б. 1 г. және ылғалдылыққа байланысты үлгілерде тек бифидобактериялардың титрі бойынша ерекшеленді. Ашытылған диеталық қоспаны одан әрі түйіршіктеуді ескере отырып, ұнды ылғалдың 40% массалық үлесіне дейін ылғалдандыру оңтайлы болып табылады. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде біз қарағай жаңғағының ұны бифидобактериялардың дамуы үшін жақсы қоректік орта екенін анықтадық.

Әдебиеттер:

1. Субботина М.А., Лобова Т.В. Совершенствование технологии подготовки кедровых орехов к извлечению масла // Масла и жиры. – 2016. – № 1-2. – С. 28-30.
2. Shao A. Global market entry regulations for nutraceuticals, functional foods, dietary/food/health supplements / A. Shao // Developing New Functional Food and Nutraceutical Products. – Academic Press. – 2017. – С. 279-290.
3. Меркулова Т.Н. Функциональное питание, как средство для поддержания или восстановления здоровья / Т.Н. Меркулова, Д.А. Кутумов // Технология и продукты здорового питания. Материалы IX международной научно-практической конференции, посвящённой 20-летию специальности. – 2015. – С. 269-271.
4. Hafiz Umair Masood Awan, David Pettenella. Pine Nuts: A Review of Resent Sanitary Conditions and Market Development // Forest, 2017. – № 8. – 367 p.

МРНТИ 64.35.09

Батырханова Н.Ж.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: **Амирханов Қ.Ж.**, т.ғ.д. профессор

ТЕРІНІ АЛҒАШҚЫ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ТҰЗДАУ КЕЗІНДЕ САПАСЫН ЖАҚСARTУ

Мал шаруашылығы халық шаруашылығының маңызды саласының бірі. Мал шаруашылығы халқымызды аса қажетті тағамдармен (сүт, ет, май, жұмыртқа, бал) жеңіл өнеркәсіпті құнды шикізаттармен (жүн, қаракөл елтірісі, қыл, тері, мүйіз), күш-көлікпен және тағы басқалармен қамтамасыз етеді. Малшыларға малдың жүнінен, терісінен жасалатын үй мүліктері мен киім-кешектер қандай қажет болса, ат саймандары – ер-тұрман, қайыс, таспалар да сондай қажет. Теріден жасалатын өте көп бұйымдар нарықта бар. Терілер отандық жеңіл өнеркәсіпте кеңінен қолданылады.

Жұмыстың мақсаты – дұрыс алғашқы өңдеу және тұздау арқылы тері шикізатының сапасын жақсарту болып табылады. Ол үшін жаңа сойылған малдың терісін жақсылап өңдеу және тұздау керек.

Тек сонда ғана теріні қайта өңдейтін кәсіпорындар жоғары сортты шикізатпен қамтамасыз етіледі. Қазір дұрыс өңделмеген тері шикізаты төменгі сортпен қабылданады, әрі дұрыс тері бұйымдарын өндіруге жараммайды. Жаз айларында дұрыс тұздалмаған терілер тез бүлініп, ары қарай өңдеуге жарамсыз болып қалады.

Теріні қабылдау. Теріні өңдеумен тиісті кәсіпорындарда мамандар айналысады. Өңдеу технологиясы айтарлықтай қиын жұмыс. Бір терінің салмағы суланған кезде – шамамен 10 кг-ға дейін жетеді. Шикі қой терісін көтеру, тасымалдау және жуу үшін бірталай күш талап етіледі. Қой терісін өңдеу процесі ұзақ және көп уақытты алады. Мінсіз тандалған теріні алу үшін арнайы маман тағайындалуы керек. Теріден жасалған қолөнер бұйымдарының сапасы нашар – ақаулары, жағымсыз иісі бар болса, бұл тері дұрыс өңделмеген деген сөз.

Теріні тұздау. Теріні тазалап алғаннан кейін, оны тұзбен тұздайды. Өңдеу терінің шіріп кетпеуі үшін ғана емес, жүнінің мықты ұсталып тұруына да септігін тигізеді. Тазаланған теріні құрғақ әдіспен әрі майда тұзбен тұздаған дұрысырақ болады. Әрбір жыл мезгілі сайын әр түрлі теріге тұзды себу мөлшері өзгеріп отырады. Мысалы: қыс айларында әр 1 кг теріге 200 г, ал жаз мезгілінде 300 г тұз пайдаланылады. Қой терісі тұз себілгеннен кейін 7-15 күн оралып жатады. Теріні дұрыс орау міндетті, дұрыс оралмаған тері жарамсыз болып қалады.

Теріні жүн жағымен таза жерге немесе еденге жаяды. Терінің астына шыққан ылғалын сіңіріп алатын маталар немесе төсеніштер төсеуге болады. Терінің ішкі жағына біркелкі етіліп тұз себіледі, тұз теріге дұрыс жағылуы үшін тұзды қолмен жаққан дұрыс болып табылады. Егер тұз дұрыс жағылса, онда 3 күннен кейін оның бетінде қатты тұз көрінетін болады. Ал егер барлық тұз сіңіп кетсе, онда тұзды жаңадан қайта жағу керек деген сөз.

Тұздалған теріні жайып тұздау. Алдымен теріні тұздықта консервіленеді де, одан кейін текшеліп штабельге жазып салып, құрғақ таза тұзбен тұздайды. Баптау техникасы төмендегідей болып келеді. Шелденіп, алдын-ала тазаланған терілерді тұздық қойылған үлкен кеспектерге, бар кастарға салады. Ертінді, терімен бірге әлсін-әлсін кеспектің арнайы қалағы арқылы араластырып тұрады. Тұздықты күшейту үшін кеспекке алынған теріні біраз араластырғаннан кейін, оған жалпы тұз салмағының 10% есебінде құрғақ тұз қосады. Теріні тұздау әдістері. Теріні тазалап алғаннан кейін, оны құрғақ тұзбен тұздайды. Тұзбен өңдеу терінің шіріп кетпеуі үшін ғана емес, жүнінің мықты ұсталып тұруына да септігін тигізеді. Тазаланған теріні құрғақ әдіспен әрі майда тұзбен тұздаған дұрысырақ болады. Әрбір жыл мезгілі сайын әр түрлі теріге тұзды себу мөлшері өзгеріп отырады. Мысалы: қыс айларында әр 1 кг теріге 200 г, ал жаз мезгілінде 300 г тұз пайдаланылады. Қой терісі тұз себілгеннен кейін 7-15 күн оралып жатады. Теріні дұрыс орау міндетті, дұрыс оралмаған тері жарамсыз болып қалады.

Алдын ала тұздалған теріні тұздықтау. Терілерді алдымен ағаш жел жағын үстіне қаратып жазып салады да текшеле бірінен-бірі қоя береді. Олардың әрқайсысына бір тегіс етіп, тері салмағының 20% мөлшерінде тұз себеді. Ремоткаға текшелеп салынған терілердің биіктігі 1,5 м шамасы болғанда, оның көпіргіш механизм арқылы тұздығы бар кеспекке көтеріп салады. Теріні тұзсыз кептіру әдісі. Бұл әдіс бойынша жаңа сойылған жас теріге ешқандайда консервілеуші зат қоспай сол қалпында кептіреді. Бұл тері баптаудың бұрыннан жатқан мәніссіз қарапайым.

Теріні құрғақ тұзбен баптау әдісі. Әдетте күннің ыстығы ұзаққа созылатын оңтүстік аудандарда ылғалдап тұздалған теріні көп сақтауда көп сақтауға болмайды, сондықтан оларда күн ыстық уақытқа әрі-бері тасымалдауға тыйым салынған. Ал осындай жылы, ыстық кездері терінің құрғақ тұзбен баптау тиімді болып саналады. Бұндай тері жақсы сақталады.

Тұздалған теріні жайып тұздау. Алдымен теріні тұздықта консервіленеді де, одан кейін текшеліп штабельге жазып салып, құрғақ таза тұзбен тұздайды. Баптау техникасы төмендегідей болып келеді. Шелденіп, алдын-ала тазаланған терілерді тұздық қойылған үлкен кеспектерге, бар кастарға салады. Ертінді, терімен бірге әлсін-әлсін кеспектің арнайы қалағы арқылы араластырып тұрады. Тұздықты күшейту үшін кеспекке алынған теріні біраз араластырғаннан кейін, салмағының 10% есебінде құрғақ тұз қосады. оған жалпы тұз.

Алдын ала тұздалған теріні тұздықтау. Терілерді алдымен ағаш жел жағын үстіне қаратып жазып бірінен-бірі қоя береді. Олардың әрқайсысына бір салмағының 20% мөлшерінде тұз себеді. Ремоткаға салады да текшеле тегіс етіп, тері текшелеп салынған терілердің биіктігі 1,5 м шамасы болғанда, оның көпіргіш механизм арқылы тұздығы бар кеспекке көтеріп салады.

Ылғалдап тұздалған терінің сапасын бақылау. Консервілеудің нәтижесінің терінің суы азаяды, тканінің тез еритін белоктары, қандары едәуір мөлшерде ертіп ерітіндіге қосылады, міне осының салдарынан барып терінің салмағы кемиді. Теріні жайып қойып ылғалдап, тұздағанда оның

алғашқы салмағы 13%-ға ал тұздықпен аталғанда 17%-ға азаяды. Жақсы жағдайда ылғалдап тұздалған теріде 13-15% тұз және 46-48% ылғал болады. Теріні құрғақ тұзбен баптау әдісі.

Теріні өңдеу. Ірі және ұсақ малдың, шошқаның, қоянның және басқа да жануарлардың терісі және аң терісі өндіріс үшін маңызды шикізат болып табылады. Терідегі ылғалдылық 60%-дан жоғары болады, теріде қоректік заттар бар және оның температурасы 30° С-тан жоғары болып келеді. Бұл дегеніміз шіріткіш микроорганизмдердің дамуына қолайлы жағдай, соның әсерінен бұл терінің сапасының төмендеуіне немесе бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін.

Тері өнімін тазалау. Егер қой терісі тазалауды қажет етсе, қоқысты, шаңды және құрғақ кірді тазартудың ең оңай жолы қарапайым сумен шайқау болуы мүмкін. Теріні жиі жуудың қажеті жоқ, өйткені егер жуу кезінде бірдеңе дұрыс болмаса, онда терінің бұрынғы тартымды көрінісі болмайды. Қой терісін дымқыл тазалаған кезде тым ыстық суды пайдаланбау керек, себебі теріні зақымдауы мүмкін. Терілерді дұрыс жатқызып тазаламаса тері тері тегіс болмаса тазалау барысында тесіліп қалуы мүмкін. Теріні 1-суретте көрсетілгендей дитсиметрлік үстелдің үстіне қойып тазалайды. Яғни бұл терілер тегіс болады, дұрыс жатқызылған тері дұрыс тазаланады.

Терілердің топографиясы және жіктелуі. Таңдалған терінің коммерциялық құндылығы шикі терінің бірқатар қасиеттерімен анықталады. Олар жеке учаскелердегі қалыңдығы, тығыздығы және басқа да әртүрлі қасиеттері болып келеді. Жануардың артқы жағындағы терілері ол ең қалың және тығыз болып табылады. Бүйірлері (полы) жұқа; тері әсіресе шап аймағында (пашина) және аяқтың ішкі жағы жұқа болып келгендіктен терінің беріктігі, созылуы, ауа өткізбейтіндігі және басқа да қасиеттер терінің қалыңдығы мен тығыздығына байланысты. Үлкен терілердің тауарлық құндылығы жоғары, өйткені былғарыдан көбірек дайын өнім алуға болады. Жұптасқан күйдегі теріде (ұшадан бөлінгеннен кейін) әдетте 60-70% су болады. Теріні консервілеуге дайындау

Жүн жағынан терінің беті жиі ластанған, әсіресе сою алдында жануарларды ұстаудың қолайсыз жағдайлары болған кезде лас болады. Ластар және көң мен кір жабысады да терінің ішкі жағын, бүйірлерді және аяқ жағын жабатын үйінді (навал) пайда болады. Теріні консервілеу цехында терілер тексеріліп үйінділі және таза болып бөлінеді. Қатты ластанбаған терілер жууға, ал басқалары үйінділерді алып тастауға жіберіледі.




Ауыл шаруашылығында теріні тазалау технологиясы

Үйде қой терісін өңдеу ептілікті, шыдамдылықты және физикалық күшті қажет етеді. Шынында да, орташа ылғалды терінің салмағы 8-ден 10 кг-ға дейін болады. Қабылдау пункттері өте аз, ал фермерлер бұл қиын жұмысты өз бетімен жасайды. Мәселен бір тонды тігу үшін бір тұқымды және бір жастағы қойлардан бір түсті және мөлшердегі 6-дан 8-ге дейін тері алып, дайындау керек. Барлық талаптарды орындау және өңдеуден бастап кептіруге дейінгі кез-келген кезеңді өткізіп алмау маңызды. Әйтпесе, шірік иісі бар және терінің көрінетін ақаулары бар сапасыз терілер қабылданбайды. Сондықтан тері өндейтін орындарға өткізетін терілерді рәсімдеп, дұрыс тазалап, тұз сеуіп бірнеше күнге қалдырып қояды. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін бөрене үстіне қойып жүнін қырқады. Ал дайын теріні арнайы тері қабылдау орындарына өткізеді. Дұрыс сыпырылған тері әрқашанда жарамды болып табылады, ал дұрыс сойылмаған малдың терісі жыртылған немесе тесік болса, ол жарамсыз болып табылады.

Теріні шелдеу (мездрение)

Бұл мал сою цехында өндегеннен кейін теріде қалған ет пен майдың қалдықтарын және тері астындағы тіндерді алып тастау процесі. Бұл процесс ММ-4, ММ-2-47 шелдеу машиналарында жүзеге асырылады, олардың жұмыс принципі үйінділерді алып тастаумен бірдей, тек шелдеу кезінде өткір пышақтар қолданылады. Машинамен тегістеу кезінде терілер дерманың кесілуін болдырмау үшін қалыңдығы бойынша алдын – ала топтастырылады. Егер теріні консервілеу алдында сұрыптау көзделсе, онда тері консервілеу цехында тірі кезіндегі ақаулар, түсіру және алдын ала өңдеу ақаулары ескеріледі.



Ауылдық жерлерде жұмыстың барлығы қолмен жасалғандықтан ауқымды машиналар қой терісі үшін қолайсыз болып табылады. Қой терілері үшін қолмен тұздау және бөренеге қою арқылы тазалау өте ыңғайлы болып табылады. Осы әдісті бұрындары пайдаланылған бірақ қазіргі уақытта малды сойып, терілерін тастай салады. Осы терілерді пайдаға асыра отырып жақсылап тазаласа одан кейін тұздаса және осы дайын болған теріні, осы өнімді қабылдайтын жерлерге өткізсе жақсы тұздалып тазаланған тері үшін жақсы ақша да алар еді. Бірақ қазіргі уақытта сапасыз терілер көп, сол себепті тері қабылдау орындары бұл терілерді алмай да жатады. Менің ойымша, әр ауылдық жерде сойылған малдың терілерін толық пайдаға асырса адамдар және экология үшін де жақсы болар еді.

Әдебиеттер

1. Амирханов К.Ж. Ет өнімдерінің технологиясы. Оқу құралы. – Семей, 2019. – 295 б.
2. Зимняков В.М., Курочкин А.А. Қайта өңдеу өндірістерінің жабдықтары. Ауыл шаруашылығы шикізатын дайындау, сақтау және қайта өңдеу, 2019.
3. Генералов Н.Ф., Колюбякина Л.А. Оборудование для обработки субпродуктов и шкур. – М., 2015. – 189 с.

Электрондық ресурстар:

1. <https://urait.ru/book/tehnologicheskoe-oborudovanie-dlya1>.

ГТАХР:31.19.15

Ж.А. Аркашева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекшісі: **Б.Б. Баяхметова**, х.ғ.к., Химиялық технология және экология кафедрасының аға оқытушысы, **Б.А. Калияскарова**, Химиялық технология және экология кафедрасының оқытушысы

БАЛДЫҢ РАДИОНУКЛИДТІК ҚҰРАМЫН ЖӘНЕ САПАСЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУ

Табиғи бал – тамақтану үшін оңтайлы болып табылатын көмірсулардың нағыз табиғи қоры. Бал – бұл құнды тағамдық өнім ғана емес, сонымен қатар айқын емдік, диеталық және профилактикалық қасиеттерге ие. Балдың химиялық құрамы және тағамдық құндылығы көптеген факторларға: нектар көзіне, өсімдіктердің өсу аймағына, алыну уақытына, балдың толық пісіп жетілуіне, аралардың түріне, ауа райы және климаттық жағдайларға, күн сәулесі активтілігіне және т.б. байланысты болады [1].

Қазіргі таңда, әлемде экологиялық мәселе маңызды ахуалдардың бірі болып табылады. Ауаның, судың және топырақтың өндірістік қалдықтармен ластануы, табиғи көздерде улы элементтердің (ауыр металдар, пестицидтер, радионуклидтер) шоғырлануы адамзат үшін үлкен қауіп төндіруде. Қоршаған ортаның ластануы бал аралардың өнім жинау ортасына зиян келтіреді, ол өз кезегінде омарташылық өнімдеріндегі улы элементтерді зерттеуді қажет етеді. Сол себепті омарташылық өнімдерінің сапасына, атап айтқанда, олардың экологиялық тазалығы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптар күшейтілуде [1].

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Омарташылық өнімдерінің экологиялық тазалығының негізгі көрсеткіштерінің бірі олардағы радионуклидтердің шоғырлану дәрежесі болып табылады. Аралардың жемшөп алқаптарының радионуклидтермен ластануы олардың омарташылық өнімдерінде жиналуына әкеледі. Органолептикалық (түсі, хош иісі, дәмі, консистенциясы (сыртқы түрі), ашу белгілерінің болуы) және бал сапасының негізгі физика-химиялық көрсеткіштерін (судың массалық үлесі, диастаз саны, ерімейтін заттардың мөлшері, күлділігі, жалпы қышқылдығы, сахарозаның массалық үлесі, механикалық қоспалардың болуы) зерттеу, сонымен қатар, бос қышқылдық және сутегі көрсеткішін анықтау маңызды болып табылады. Сондықтан, қазіргі уақытта балдарды химиялық талдау арқылы оның сапасын анықтау өзекті болып табылады [2].

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қазақстан Республикасының үш елді-мекенінен алынған бал сынамаларының (Талдықорған, Қатон-Қарағай және Үржар) радионуклидтік құрамын және тозаң түріне байланысты балдың ботаникалық шығу тегін анықтап, сапасына әсер ететін физика-химиялық көрсеткіштерін зерттеу.

Зерттеу жұмыстарының міндеттері:

- Тозаң түріне байланысты балдың ботаникалық шығу тегін анықтау;
- Балдың құрамындағы судың массалық үлесін анықтау;
- Балдың құрамындағы диастаз сандарын анықтау;
- Бал құрамындағы ерімейтін заттарды анықтау;
- Бал құрамындағы күлдің массалық үлесін есептеу;
- Балдың жалпы қышқылдығын анықтау;
- Балдың радионуклидтік құрамын зерттеу.

Зерттеу нысандары: Қазақстан Республикасының үш елді-мекенінен алынған бал сынамалары (Талдықорған, Қатон-Қарағай және Үржар).

Ғылыми жаңалығы: Талдықорған, Қатон-Қарағай және Үржар бал сынамаларының радионуклидтік құрамы мен сапасына әсер ететін физика-химиялық көрсеткіштері зерттелінді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері және қорытындысы:

Қазақстанның үш елді-мекенінен (Талдықорған, Қатон-Қарағай және Үржар) алынған әртүрлі бал сорттарының физика-химиялық көрсеткіштері зерттелді [1, 3].

1. Ботаникалық шығу тегіне байланысты алдымен әдеби шолу жасау арқылы, МЕМСТ 52451-2005 берілген өсімдік түріне байланысты балдың 1200 есе ұлғайтылған тозаң формалары анықталды. Кейін зерттеуге алынған 3 түрлі балды микроскоп арқылы алдымен 800 есе, кейін 1000 есе ұлғайтып тозаң формасын анықтап, белгілеп алынды. Әдеби шолу барысында алынған мөлiмeттермен сәйкестендіру арқылы келесідей қорытынды жасалынды: Үржар балы – күнбағыс өсімдігінен, Катон-Қарағай балы – эспарцет өсімдігінен, Талдықорған балы – қарақұмық өсімдігінен алынған.

2. Бал сынамаларының құрамындағы судың массалық үлесі құрайды:

1. «Талдықорған» балы – 16,20 %
2. «Қатон-Қарағай» балы – 19,20 %
3. «Үржар» балы – 17,60 %.

Бал сынамаларының құрамындағы су мөлшері 20%-дан аспайды. Яғни, бұл балдың артық мөлшердегі су және қант шербетімен сұйытылмағанын, сонымен қатар, табиғи екенін көрсетеді.

3. Бал сынамаларының құрамындағы ерімейтін заттардың мөлшері келесідей:

1. «Талдықорған» балы – 0,394 %
2. «Қатон-Қарағай» балы – 0,369 %
3. «Үржар» балы – 0,314 %.

Бал құрамындағы ерімейтін заттар – араның бал ұялары мен тозаңдарының қалдықтары. Балдың минералды құрамы макроэлементтерден (натрий, калий, кальций, магний және т.б.) және микроэлементтерден (мыс, марганец, йод, мырыш, алюминий, кобальт, никель және т.б.) тұрады.

4. Күлділіктің массалық үлесі бал сынамалары үшін келесі мәндерге тең:

1. «Талдықорған» балы – 0,15 %
2. «Қатон-Қарағай» балы – 0,38 %
3. «Үржар» балы – 0,12 %.

Күлділіктің массалық үлесін анықтау бал құрамындағы органикалық заттардың жоғары температурада толық ыдырауының нәтижесі болып табылады. МЕМСТ бойынша бал сынамаларының құрамындағы күлділіктің массалық үлесі нормадан аспайды.

5. Жалпы қышқылдығы анықталды:

1. «Талдықорған» балы – 3,3 см³
2. «Қатон-Қарағай» балы – 2,5 см³
3. «Үржар» балы – 3,65 см³.

Табиғи балдың құрамында органикалық (кұмырсқа, алма, лимон, қымыздық, сүт және т.б.) және бейорганикалық (тұз қышқылы, фосфор қышқылы) қышқылдар болады. Қышқылдылықтың жоғары болуы балдың ашығандығын және сірке қышқылының жиналуын немесе жасанды бал екенін көрсетеді.

Ал, нормадан төмен болуы балдың қосалқы қоспалармен (қант шербәті, крахмал) араластырылғандығын білдіреді. Жалпы қышқылдық (қалыпты температурада) 1-4 маңайында, жеке жағдайларда 5-ке дейін болуы мүмкін, яғни зерттелінген сынамаларда бұл көрсеткіштер нормаға сәйкес.

6. Диастазалық сан – балдың табиғи сапасының негізгі көрсеткіші, сондықтан диастаз сандарын анықтауға сапалық анализ жүргізілді. Нәтижесінде, барлық бал сынамаларында диастаз сандарының бар екені анықталды.

7. Барлық бал сынамаларының құрамындағы радиоактивті изотоптарды анықтау үшінү-спектрометриялық анализ ГАММА-БЕТА-СПЕКТРОМЕТР МКС-АТ1315 қондырғысында жүргізілді.

«Талдықорған» балының сынамасында Се-139 және Zn-65, «Үржар» бал сынамасының құрамында Sn-113 және Cs-137 изотоптары бар екені анықталды. Ал, «Қатон-Қарағай» бал сынамасының радионуклидтік құрамы таза болып шықты.

Зерттелген бал сынамаларының («Талдықорған» балы, «Қатон-Қарағай» балы, «Үржар» балы) құрамындағы сапасына тікелей әсер ететін физика-химиялық көрсеткіштер мен радионуклидті изотоптардың СанПиН бойынша рұқсат етілген нормалардан аспайтындығы көрсетілді. Сонымен қатар, алынған бал сынамаларының табиғилығы мен құрамында артық қоспалардың жоқ екендігі және тағам ретінде қабылдау үшін зиянсыз екені анықталды.

Әдебиеттер

1. Заикина В.И. Экспертиза меда и способы обнаружения его фальсификации. – Москва, 2012. – С. 5-24.
2. Красочко П.А., Еремия Н.Г. Технология продуктов пчеловодства и их применение. – Санкт-Петербург: Лань. – 2022. – С. 50-110.
3. Виталий Леснов, Валерия Мухина. Диастазное число меда и его особенности. (электронды ресурс). URL: <https://dompchel.ru/med/diastaznoe-chislo> (жүгінген мерзімі: 01.11.23)

М. Болатқызы

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекшісі: **Л.К. Оразжанова**, х.ғ.к., қауымдастырылған профессор

ҮШМЕТИЛАММОНИЙ ХЛОРИДІ (3-АКРИЛАМИДОПРОПИЛ) НЕГІЗІНДЕГІ ПОЛИАМФОЛИТТІ ГИДРОГЕЛЬДЕРДІ СИНТЕЗДЕУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

Сонғы кездері әлемдік мұнай өнеркәсібінің алдында тұрған маңызды және өзекті мәселелерінің бірі – мұнай кен орындарының сулануы. Сулану мұнай ұңғымаларының өнімділігі төмендетіп, коррозияны тудырып кейде күрделі экономикалық проблемаларды тудыруы мүмкін [1, 2].

Қазақстан мұнайқоры бойынша әлемдегі жетекші орындардың бірін алады (әлемде 12-ші орын, әлемдік қорлардың 1,8%). ТМД елдерінің ішінде мұнай қоры мен өндірісі бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады, тек Ресейден кейінгі екінші орында. Мұнай қорының 90%-дан астамы 15 ірі кен орындарында шоғырланған: Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жаңажол, Қаламқас, Кеңкияқ, Қаражанбас, Құмкөл, Солтүстік Бозашы, Кенбай.

Қазіргі уақытта мұнай өндірістерінде сулануға қарсы көптеген әдістер пайда болды. Полиамфолитті гельдермен өңдеу-бұл мәселелерді шешудің ең тиімді, әрі арзан әдістерінің бірі. Гидрогельдерді қолданудың мақсаты мұнай өндіру аймақтарына зақым келтірместен өткізгіштігі жоғары арналарда су ағынын азайту болып табылады [3, 4].

Полиамфолитті гидрогельдерді зерттеуде қарастырылатын негізгі қасиеттер физика-химиялық (ісіну дәрежесі, коллапс, рН, температура) және механикалық (механикалық беріктік, серпімділік) болып табылады. Қазақстанның мұнай кен орындарындағы қабат суының рН мәні әдетте 6-дан 9-ға дейінгі шектерде болады. рН диапазоны мұнай қабатының минералды құрамына, тұз концентрациясына және т.б. байланысты аздап өзгеруі мүмкін [5, 6].

Жұмыстың мақсаты: Мұнай өндірісінің сулану мәселесін шешу үшін қолдануға болатын акриламид (ААм), үшметиламмоний хлориді (3-акриламидопропил) (АМПС), N,N'-метиленбисакриламид (МБАА), 2-акриламидо-2-метил-1-пропансульфон қышқылының натрий тұзы (АРТАС) негізінде термо тұрақты және тұзға сезімтал полиамфолитті гидрогельдерді синтездеу және зерттеу.

Жұмыстың міндеттері:

1. Мономерлер (ААм, АРТАС, МБАА, АМПС) негізінде полиамфолитті гидрогель синтездеу;
2. Алынған полиамфолитті гидрогельдердің судағы, әртүрлі концентрациядағы тұзда ісіну кинетикасын анықтау;
3. Синтезделген гидрогельдердің әр түрлі температурада және орта рН-ның өзгеруіне байланысты ісіну кинетикасын зерттеу.

Гидрогель – экологиялық таза полимерлі өнім, улы емес, топыраққа зиян келтірместен оның қасиеттерін жақсартып, өсімдіктердің барлық түрлері үшін өнімділік пен өсу қарқынын арттырады. Гидрогель - суды сіңіретін және сақтайтын зат. Гидрогельдердің қасиеттерінің бұл үйлесімі оларды қолдану салаларының кең ауқымын анықтайды – техникалық салалардан (сорбенттер, газ бөлгіш және ион алмасу мембраналары) тамақ өнеркәсібі мен медицинаға дейін (дәрілік заттарды тасымалдаушылар, биологиялық тіндерді жасанды алмастырғыштар, жұмсақ және көзішілік линзаларға арналған материалдар).

Полиамфолиттер, соның ішінде Аам – АРТАС-АМПС құрамында жоғары зарядталған катиондық және аниондық мономерлер бар және рН өзгерісіне қарамастан тиісті зарядтарды сақтайды. Полиамфолитті гидрогельдерде аниондық және катиондық топтардың болуы оларды тұзды суда бұзылудан қорғайды [7]. Акриламид негізіндегі полимерлердің кейбір кемшіліктері бар. Мысалы: жылдам гидролиз, жеңіл термиялық деградация. Осы қиындықтарды жеңу үшін құрамына 2-акриламидо-2-метил-1-пропансульфон қышқылы (АМПС) қосылды. Сульфурленген сомономерлері бар акриламидті сополимерлер, әсіресе АМПС, сутегі байланыстарын қалыптастыру қабілетіне және сулы ерітінділерде полиэлектролиттік қасиетке ие. Сондықтан құрамында сульфо топтары бар полимерлер ерітіндіде жоғары тұрақтылыққа ие және тұздардың әсеріне төзімді болады [8, 9].

Полимерлердің қасиеттерін, құрылымын және молекулалық массасын бақылауға мүмкіндік беретін радикалды сополимерлеу әдісін зерттеулердің ауқымды дамуы, полимерлерді алудың жаңа мүмкіндіктері мен жаңа тәсілдерін ашады. Қазіргі уақытта полиамфолитті сополимерлер негізінде

жасалған гидрогельдер қарқынды дамып келеді. Алайда әдебиеттерді іздеу және патенттік талдау және зерттеу мәліметтердің жоқтығын көрсетеді [10, 11]. Осыған байланысты ААМ, АРТАС, АМПС, МБАА негізінде гидрогельдерді радикалды сополимерлену әдісі арқылы синтездеу осы жұмыста зерттелді.

Гидрогельдердің синтезі мономерлердің (ААМ, АРТАС және АМПС), МБАА пен бентониттің қажетті мөлшері үнемі араластыра отырып, бидистильденген суда ериді. Мономерлердің қажетті мөлшері өлшеніп, виалаға салынады (диаметрі 1,5 см, биіктігі 7 см), бидистильденген суды қосу арқылы ерітінді араластырылып, шайқалады. 1-2 минут шайқаудан кейін 24 сағатқа магнитті араластырғышқа қойылады. 24 сағат өткеннен кейін ерітінді 10 мл ыдысқа ауыстырылады, ерітінді құрамындағы оттегін кетіру үшін аргонмен 5-7 минут үрленеді. Сонымен қатар, АПС (аммоний персульфаты) инициаторы мен ТМЭД (N,N,N,N-тетраметилэтилендиамин) инициаторы 150 мкл мөлшерде ерітіндіге қосылып, толық ерігенше араластырылады. Ерітіндіні үнемі араластыра отырып, 3 сағат 70°C температурада термостатқа ауыстырылады.

Гидрогельдердің ісіну дәрежесін анықтау келесідей жүргізілді: дайын үлгілер бірнеше тең бөліктерге кесіліп, ауада, бөлме температурасында 24 сағат кептіріліп, вакуумды кептіру шкафында 1 апта бойы кептірілді. Алынған үлгілердің ісіну дәрежесі гидрогельдердің ісінгенге дейінгі және кейінгі массалары бойынша анықталады.

Гидрогельдер ААМ, АРТАС, МБАА, АМПС негізінде радикалды сополимерлеу әдісі арқылы синтезделді. Синтезделген полиамфолитті гидрогельдердің термо тұрақтылығы, рН, тұзға сезімталдығы, тұзды және сулы ерітінділерде ісіну дәрежесі зерттелді. Зерттеу нәтижелері бойынша гидрогельдердің суда ісіну кинетикасының максималды нәтижесі 3 тәулікте байқалды. Әртүрлі концентрациядағы тұзда полиамфолитті гидрогельдердің ісіну дәрежесі бірқалыпты артады, яғни гидрогельдер ыдырамайды және 80°C температураға гидрогельдердің төзімділігі анықталды. Жер қабатын гидрогельдермен бітеу арқылы мұнай өндіруді арттыру әдісі мұнай өнеркәсібінің қызуғышылығын тудырады.

Әдебиет

1. Shahid Bashir, Maryam Hina, Javed Iqbal. Fundamental Concepts of Hydrogels: Synthesis, Properties, and Their Applications [Электронды ресурсы]. – 2020. – URL: [https:// www. ncbi.nlm. nih.gov/ pmc/ articles/PMC7697203/#:~:text=Due%20to%20the%20distinctive%20characteristic,prime%20role%20in%20biomedical%20applications](https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC7697203/#:~:text=Due%20to%20the%20distinctive%20characteristic,prime%20role%20in%20biomedical%20applications) (жүгінген мерзімі: 19.03.2024).
2. Алтунина Л.К., Кувшинов В.А. Физико-химические методы увеличения нефтеотдачи пластов нефтяных месторождений // Успехи химии. – 2013. – Т. 2. № 10. – С. 1034-1052.
3. Ихтиярова Г.А., Нуриддинова Ф.М., Курбонова Ф.Н. Получение гидрогеля на основе бентонитовой глины и акриламида // Наука, техника и образование. – 2016. – Т. 1. №12. – С. 2-3.
4. Suleimanov B.A., Veliyev E.F., Naghiyeva N.V. Oil Gas Scientific Research Project Preformed particle gels for enhanced oil recovery // International Journal of Modern Physics – 2020. – Т. 3. № 34. – С. 28-29
5. Jamshidi H., Rabiee A., Jamshidi H. Synthesis and Characterization of Acrylamide – Based Anionic Copolymer and Investigation of Solution Properties [Электронды ресурсы]. – 2014. – URL:[https:// www.hindawi.com/journals/amse/2014/728675/](https://www.hindawi.com/journals/amse/2014/728675/) (жүгінген мерзімі: 21.03.24).
6. Tanaka Y., Grong J.P., Osada Y. Novel hydrogels with excellent mechanical performance // Prog. Polym. Sci. – 2015. – Т. 1. № 30. – С. 1-9.
7. Gussenov I., Shakhvorostov A. Preparation and Characterization of a Preformed Polyampholyte Particle Gel Composite for Conformance Control in Oil Recovery [Электронды ресурсы]. – 2023. – URL: <https://www.mdpi.com/2073-4360/15/20/4095> (жүгінген мерзімі: 20.03.24).
8. Ogawa K., Kokufuta E. Swelling – shrinking behavior of a polyampholyte gel composed of positively charged networks with immobilized polyanions // Langmuir. – 2014. – Т. 2. № 20. – С. 2546-2552.
9. Rabiee A. Acrylamide-based anionic polyelectrolytes and their applications // Journal of Vinyl and Additive Technology. – 2010. – Т. 1. № 16. – С. 111-119.
10. Tanaka Y., Grong J.P., Osada Y. Novel hydrogels with excellent mechanical performance // Prog. Polym. Sci. – 2015. – Т. 1. № 30. – С. 1-9.
11. Peng B., Peng S., Long B. Properties of high-temperature-resistant drilling fluids incorporating acrylamide / (acrylic acid) / (2-acrylamido-2-methyl-1-propane sulfonic acid) terpolymer and aluminum citrate as filtration control agents // Journal of Vinyl and Additive Technology. – 2010. – Т. 2. № 16. – С. 84 – 89.

Ж.Р. Аканова, А.К. Оразалинова

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Научные руководители: **Б.С. Гайсина**, магистр, старший преподаватель,

А.Н. Кливенко, PhD, старший преподаватель

СИНТЕЗ КРИОСТРУКТУРАТА И ИММОБИЛИЗАЦИЯ ПРЕПАРАТА НОВОКАИНА НА ОСНОВЕ КОМПЛЕКСА ХИТОЗАН – НА КМЦ

Цель: получить матрицу и изучить ее свойства и взаимодействие с лекарствами.

Актуальность: с химической точки зрения благодаря использованию хитозана и натрий карбоксиметилцеллюлозы (NaКМЦ) в качестве носителей для препарата новокаина. Этот подход открывает перспективы для создания комплексных материалов с контролируруемыми свойствами лекарственных веществ. Хитозан, положительно заряженный биополимер, и Na КМЦ, анионный полимер, обладают высокой биосовместимостью и биоразлагаемостью, что делает их привлекательными для медицинских приложений. Их способность формировать комплексы может привести к улучшению стабильности и эффективности лекарственных препаратов.

Новизна исследования: заключается в использовании комплекса хитозан-натрий карбоксиметилцеллюлозы (Na КМЦ) в качестве носителя для иммобилизации препарата новокаина. Этот подход отличается от традиционных методов доставки лекарственных веществ и представляет инновационный способ улучшения эффективности и безопасности лекарственного препарата [1,5].





Рисунок 1 – Формула хитозана

Хитозан-молекулярная масса, используемая в работе = 161 г/моль. Использование хитозана обосновывается его уникальными свойствами (биосовместимость, биорезорбируемость, нетоксичность, антибактериальные свойства, гемостатичность).




Рисунок 2 – Формула NaКМЦ

Натрий карбоксиметилцеллюлоза. Химическое название соединения по номенклатуре ИЮПАК: поли-1,4-β-О-карбоксиметил-Д-пиранозил-Д-гликопираноза натрия. Молекулярная масса, используемого NaКМЦ = 223 г/моль.

Некоторые свойства вещества: быстро растворяется в воде, не растворима в минеральных маслах и органических жидкостях; формирует пленки, устойчивые к воздействию масел, смазок и органических растворителей [3].

Новокаин (прокаина гидрохлорид, гидрохлорид эфира п-аминбензойной кислоты) – анестетик с умеренной активностью.

Являясь слабым основанием, блокирует Na⁺-каналы и препятствует генерации импульсов в окончаниях чувствительных нервов и проведению импульсов по нервным волокнам. Подавляет проведение не только болевых, но и импульсов другой модальности [2, 4].

Синтез криоструктурата Хит-NaКМЦ

3 мл раствора Хит с концентрацией 10^{-1} мг/мл смешивали с 7 мл раствора Na-КМЦ с концентрацией 10^{-1} мг/мл. Полученный раствор встряхивали переносили в пластиковые колбы с крышками типа Эппендорф на 10 мл и замораживали при температуре -12 °С в течение суток. Затем переносили замороженные растворы в лиофильную сушку и высушивали. Полученные криоструктураты разрезали на доли высотой около 5 мм и использовали для исследований.

Внесение лекарств в комплексы

Для исследования иммобилизации препарата в синтезированном комплексе подготовили раствор новокаина в объеме 10 мл (9 мл воды и 1 мл лекарственного вещества) и поместили внутрь криоструктурат навеской: 0,0256 г. $c_0 = 0,0039\%$ - исходная концентрация препарата.

В дальнейшем изучали и сравнивали оптическую плотность препарата при длине волны: 333 нм.

По данным графикам определили изменение концентрации раствора новокаина:




Рисунок 3 – Калибровочный график от времени и адсорбции препарата с комплексом

$$\frac{m_{\text{п}}}{c_{\text{исх}}} = \frac{m_{\text{п+л}}}{c_{\text{кон}}}$$

$c_{\text{исх}}$ – исходная концентрация препарата

$m_{\text{п+л}}$ – масса полимера и лекарства/воды

$c_{\text{кон}}$ – конечная концентрация, после испытаний

$m_{\text{п}}$ – масса гел Рассчитываем концентрацию лекарства в конце исследования по формуле

$$C_1 = \frac{C_0 m_{\text{п+л}}}{m_{\text{п}}}$$

$$C_1 = \frac{0,0039\% \times 0,5986\text{г}}{0,0256\text{г}} = 0,0914\%$$

$$\Delta C = C_1 - C_0 = 0,0914 - 0,003 = 0,0875$$

Отсюда можно сделать вывод, что концентрация препарата увеличилась, следовательно, комплекс впитал воду из раствора.

Вывод: Полученный комплекс Хит-NaКМЦ, благодаря его свойствам поглощать воду из раствора, можно использовать в качестве контроля высвобождения лекарственного вещества в организм, регулируя скорость впитывания воды из раствора лекарства.

Литература

- Петрович Ю.А., Григорьянц Л.А., Гурин А.Н., Гурин Н.А. Хитозан. Структура и свойства. Использование в медицине и стоматологии. – Московский государственный медико-стоматологический университет Научно-практический журнал [Электрон.ресурс]. – URL: http://alexgurin.ru/data/articles/2008/Hitozan_Structura_i_svoystva_ispolzovanie_v_medizine.pdf
- Государственная фармакопея РК. Т. 2. – Алматы: Жибекжолы, 2009. – С. 435-436.
- Камская В.Е. Хитозан: структура, свойства и использование // Научное обозрение. Биологические науки. – 2016. – № 6. – С. 36-42; – URL: <https://science-biology.ru/ru/article/view?id=1020>(дата обращения: 10.04.2024).
- Столяренко П.Ю. История новокаина (часть 1). – Министерство здравоохранения Российской Федерации Самарский государственный медицинский университет. – Самара, 2003. – URL: https://www.critical.ru/actual/stolyarenko/novokain_1.htm
- Klivenko A.N., Mussabayeva B.Kh., Gaisina B.S., Sabitova A.N. Biocompatible cryogels: preparation and Application Bulletin of the University of Karaganda // Chemistry. – 2021. – № 3 (103). – P. 4-20.

Д.М. Қрықбай, Н.Б. Қиарстанова
 «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
 Ғылыми жетекшілері: **Ж.Ш. Шәріпхан**, химия магистрі, оқытушы,
Ж.С. Касымова, б.ғ.к., доцент

СҮТТІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ КАЛЬЦИЙДІҢ ТҰЗДАРЫНЫҢ ТИТРИМЕТРИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН АНЫҚТАУ

Кальций – адам организміндегі көптеген биохимиялық реакцияларға қатысатын маңызды макроэлемент. Кальций жасуша құрамына еніп, сүйектердің қалыптасуына, жүрек және бұлшықет жұмысына қатысады, қанның ұюын қамтамасыз етеді. Сүт құрамындағы кальций ағзаға ең оңай сіңіріледі. Зерттеудің практикалық маңыздылығы адам денсаулығына қажетті кальцийдің ең көп мөлшері бар сүтті таңдауда.

Зерттеу мақсаты: Тура комплексометриялық титрлеу әдісімен майлылығы бірдей сүт үлгілеріндегі кальций тұздарының мөлшерін анықтау.

Міндеттері:

1) Әртүрлі өндірушілер шығаратын бірдей майлылықтағы сүттегі кальций тұздарының мөлшерін анықтау және салыстыру.

2) Жоғарғы оқу орынының оқытушылары мен білім алушыларына кальцийдің күнделікті нормасын толтыру жөнінде ұсыныстар беру.

Ғылыми жаңалығы: 2,5% майлылықтағы «Lactel», «Жеңіл таң», «Milko Во» сүт үлгілеріндегі кальцийдің мөлшерін анықтау.

Практикалық маңызы: Кальцийдің күнделікті қабылдау керек мөлшері жайлы мәліметті толықтыру үшін үш сүт арасынан ең сапалы түрін дәлелдеу.

Зерттеу әдісі: Комплексометриялық әдіс комплекс түзілу реакцияларына негізделген және бұл әдіс көбінесе металл катиондарын Me^{2+} анықтау үшін қолданылады. Комплексометрия әдісінде металл-индикаторлар қолданылады. Біздің жұмыста мурексид индикаторы қолданылды. Мурексидті көбінесе күшті сілтілік ортада $pH > 11$ кальцийді анықтау үшін қолданады.

Зерттеу объектілері:

Зерттеу объектілері 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Сүт үлгілері

Сүт үлгілері	Өндіруші	Бағасы (Семей қ.), тг
1) "Жеңіл таң" 2,5%	ЖШС "Фудмастер Компаниясы" (Қазақстан, Алматы қ.)	800
2) "Lactel" 2,5%	ЖШС "Фудмастер Компаниясы" (Қазақстан, Алматы қ.)	665
3) "Milko Во" 2,5%	ЖШС "Масло-Дел" (Қазақстан, Петропавл қ.)	620

Химиялық реактивтер: 0,1М натрий гидроксиді (NaOH) ерітіндісі, 0,05 М комплексон III (трилон В) титрленген ерітіндісі, мурексид индикаторы (массалық қатынаста натрий хлориді бар құрғақ қоспасы 1:20), дистилленген су.

Химиялық ыдыстар: 50 мл бюретка, 20 мл пипетка, 250 мл конустық колба, химиялық стакан, керамикалық шпатель, дозатор, диаметрі 2 см воронка.

Талдау жүргізу:

- 1) Бюретканы комплексон III ерітіндісімен толтырады.
- 2) 200 мл өлшемді колбаға 20 мл таңдалған сүт құйылады.
- 3) Сүт дистилденген сумен 200 мл белгіге дейін толтырылады.
- 4) Үлгінің 20 мл аликвотасы конустық титрлеу колбасына алынады.
- 5) 10 мл 0,1 М натрий гидроксиді (NaOH) ерітіндісін және шпатель ұшымен мурексид (металл-индикаторы) қосылады.
- 6) Комплексон III ерітіндісімен сілтілі ортада ($pH > 12$) титрленеді. Түсі қызғылттан күлгінге дейін өзгереді.
- 7) Үш параллельді анықтау жүргізіледі.
- 8) Титрлеу мәліметтері негізінде талдау нәтижелері өңделеді (1-сурет).



Титрлеуге дейін



Титрлеуден кейін

Сурет 1 – Комплексонометриялық титрлеудің нәтижелері

Кесте 2 – Сүттің зерттелген түрлерінің құрамындағы кальций тұздарының мөлшері

Сүт атауы	Комплексон III (трилон Б), титрлеуге кеткен көлемі, мл			Орташа көлемі, мл	Зерттелген сүттегі кальций тұздарының мөлшері (г/мл)	Зерттелген сүттегі кальций тұздарының мөлшері (мг/100г)
	1 титрлеу	2 титрлеу	3 титрлеу			
Сүт «Lactel» (2,5%)	1,8	1,8	1,8	1,8 $\bar{4}$ 2	1,8*10 ⁻³	180
Сүт «Жеңілтан» (2,5%)	1,5	1,4	1,5	1,5 $\bar{4}$ 2	1,5*10 ⁻³	150
Сүт «Milko Во» (2,5%)	1,4	1,3	1,3	1,3 $\bar{4}$ 2	1,3*10 ⁻³	130

Есептеу келесі формула бойынша жасалды:

$$\omega(\text{Ca}^{2+}) = 0,001 * m(\text{Ca}^{2+}) * C_n * V_{\text{трилон}} * 10 / V_a \text{ (г/мл)},$$

0,001 – ерітіндінің 1г-нан 1мл-ға аударым коэффициенті.

$$m(\text{Ca}^{2+}) = 40,08 \text{ г}$$

C_n - 0,05 М Трилон Б

$V_{\text{мл}}$ – Трилона Б көлемі, титрлеуге жұмсалған (мл).

V_a – аликвотаның мөлшері (20 мл).

Қорытынды:

Комплексонометриялық титрлеу әдісімен сүт үлгілеріндегі кальций мөлшері анықталды. Кальцийдің ең көп мөлшері "Lactel" (180 мг/100г) сүтінде, ал ең кішісі – "Milko Во" (130 мг/100г) сүтінде.

Практикалық нұсқаулық

Адам кальцийдің күнделіктік нормасын тек қана сүттен алатын болса, онда 555 г (1,5 стақан) мөлшерде «Lactel» сүттің тұтыну қажет.

Әдебиеттер

1. Количественный анализ (гравиметрические и титриметрические методы) – Благовещенск: Амурский гос. ун-т, 2018. – 88 с.
2. Августинович И.В. Аналитикалық химия. – М.: Академия, 2017. – 464 б.
3. Мұсабаева Б.Х. Аналитикалық химия әдістері. – Алматы: ССК, 2018. – 184 б.
4. Лакиза Н.В., Штин С.А. Аналитическая химия. – Екатеринбург: Изд-во Уральского ун-та, 2019. – 139 с.

МРНТИ: 31.25.15

В.Н. Бубликов

Университет имени Шакарима города Семей

Научный руководитель: **А.Н. Кливенко, PhD,**

руководитель лаборатории НИЦ «Радиоэкологических исследований»

СИНТЕЗ И ИССЛЕДОВАНИЕ СВОЙСТВ ФЛУОРЕСЦЕНТНО-МЕЧЕНОГО ПОЛИСАХАРИДА – НАТРИЕВОЙ СОЛИ КАРБОКСИЛМЕТИЛЦЕЛЛЮЛОЗЫ

Ключевые слова: КМЦ, Карбоксилметилцеллюлоза, ветровая эрозия, эрозия почвы.

В данной работе рассматриваются свойства флуоресцентно-меченной натриевой соли карбоксилметилцеллюлозы (далее Na-КМЦ). Определены такие свойства Na-КМЦ как степень замещения, средняя молекулярная масса, глубина проникновения Na-КМЦ и ИПЭК из Na-КМЦ и хитозана (далее ХТ) в почву, влияния Na-КМЦ и ИПЭК из Na-КМЦ и ХТ на устойчивость почвы к ветровой эрозии и характер ветровой эрозии в образцах, покрытых Na-КМЦ и ИПЭК. Степень

замещения определялась через содержание Na в образце Na-КМЦ, содержание которого определяли фотометрически. Среднюю молекулярную массу определяли вискозиметрическим методом с применением термостатированного вискозиметра Уббелюде. Для определения глубины проникновения полимеров в почву визуально изучали срезы проб почвы, покрытых флуоресцентно-меченной Na-КМЦ. При этом пробы подсвечивались источником ультрафиолетового излучения. Также было проведено исследование влияния полимерных покрытий (Na-КМЦ и ИПЭК на основе Na-КМЦ и хитозана) на устойчивость почвы к ветровой эрозии. Также были охарактеризованы особенности ветровой эрозии почвы, покрытой полимерами.

В ходе работы было выяснено, что полимеры не проникают в почву на глубину более 7 мм, и что в пробе образуется чёткая граница между почвой, покрытой полимером и почвой, которая не покрыта полимером (рис. 1).




Рисунок 1 – Фотография пробы почвы, покрытой флуоресцентно-меченным полимером под светом ультрафиолетовой лампы (проба перевернута, на фото есть линейка для масштаба)

Также в ходе работы было обнаружено, что покрытие почвы полимерами сильно улучшает её устойчивость к ветровой эрозии. Было замечено, что с повышением концентрации полимера этот эффект усиливается. Было замечено, что у покрытий из разбавленного полимера есть большой разброс результатов. При этом концентрированный раствор ИПЭК из ХТ + КМЦ даёт самый стабильный и самый лучший результат. Был охарактеризован характер эрозии на пробах почвы, покрытой полимером: он характеризуется гомогенностью покрытия и наличием небольших рытвин на поверхности, под которыми образуются полости (рис. 2, 3).




Рисунок 2 – График, описывающий влияние полимеров на устойчивость почвы к ветровой эрозии




Рисунок 3 – Фото пробы почвы после тестирования на устойчивость к ветровой эрозии

МРНТИ: 87.33.02

Ж.А. Ахметдян

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекшісі: **Г.Б. Сарсенбаева**, «Химиялық технология және экология»
кафедрасының оқытушысы

СУ ТАСҚЫНЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Табиғи апат – табиғат құбылысының өзгеруіне байланысты пайда болатын апаттар. Бұл апаттар табиғат аясында өздігінен пайда болады. Табиғи апаттардың орын алуы, қоршаған ортамызға көптеген зардаптар әкелді. Табиғи апаттардың түрлері көп, мәселен, жер сілкінісі, су тасқыны, сел немесе өрт пен боран.

Су тасқыны – жердің әлдеқандай бөлшегін су басып, су деңгейінің мөлшерден жоғары көтерілуі, соның нәтижесінде материалдық шығындар пайда болып, тұрғындардың өміріне зияның келтіреді. Су тасқыны – бұл әлемдегі критикалық және тыныштықты бұзатын табиғи жағдай. Оның зияны үлкен, ол көптеген жерлерді және адамдарды әлсіретеді.

Су тасқыны әртүрлі себептерден туындауы мүмкін, соның ішінде:

- қатты жаңбыр немесе ұзақ уақыт бойы қатты жаңбыр су тасқынына әкелуі мүмкін;
- қардың тез еруі, әсіресе көктемде, көп мөлшерде су өзендер мен бұлақтарға енген кезде су тасқынын тудыруы мүмкін;
- қатты жел немесе цунами жағалаудағы су тасқынын тудыруы мүмкін;
- шамадан тыс жауын-шашын немесе басқа факторлардың әсерінен көлдер мен су айдындарындағы су деңгейінің жоғарылауы жағалау аймақтарының су басуына әкелуі мүмкін;
- толқындар, дауылдың күшеюі немесе тіпті ұзақ жаңбырлы кезең өзендердегі су деңгейінің көтерілуіне әкелуі мүмкін, бұл олардың жағалаулардан шығып, жанындағы аудандарды су басуына әкелуі мүмкін.
- әр адам қателесуі мүмкін. Су тасқыны тіпті нәсерлі канализацияның дұрыс орнатылмағандығынан болуы мүмкін.

Су тасқыны тура және жанама залал келтіреді:

1. Тура залал: тұрғын және өндірістік ғимараттардың, темір және автомобильдік жолдардың энергоберу байланыс жүйелерінің мелиоративті жүйелердің бұзылуы және сынуы, малдардың және ауыл шаруашылық мәдениеттің жойылуы, өнімдердің, жанар-жағар майдың, тағамның бұзылуы; жердегі тұқым беретін өсімдіктердің өнім беретін түгін жоюы.

2. Жанама залал: зардап шеккен аудандарға азық-түліктерді, киімдерді, малдардың өнімін сатып алуға және жеткізуге келтірілген шығындар; өндірістік және ауыл шаруашылық өнімдері өндірілуінің қысқаруы және экономика қарқынының ақырындауы; жергілікті тұрғындардың өмір жағдайының нашарлауы [1].

Яғни, су тасқыны адамдарға да, қоршаған ортаға да үлкен зиян келтіруі мүмкін, ең жойқын табиғи құбылыстардың бірі болып табылады.

Біріншіден, су тасқыны инфрақұрылым мен мүлікке айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Үйлерді, жолдарды, көпірлерді және басқа да инфрақұрылымдық нысандарды су басу көбінесе үлкен қаржылық шығындарға алып келеді және өмірлік маңызды нысандардың бұзылуына әкеледі. Бұл өз кезегінде өндіріс пен саудада үзілістер туғызып, аймақ экономикасына әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, су тасқыны қоршаған ортаға қатты әсер етеді. Олар су мен құрлық экожүйелерінің ластануына, табиғи өсімдіктердің жойылуына және биоәртүрліліктің жоғалуына әкелуі мүмкін. Бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді экологиялық мәселелерді тудыруы мүмкін, соның ішінде су сапасының төмендеуі және топырақ құнарлылығының төмендеуі.

Үйден кетер алдында электр қуаты мен газды сөндіріңіз, отын жағу пештеріндегі отты өшіріңіз, ғимараттың сыртындағы барлық қалқитын заттарды бекітіп қойыңыз немесе қосымша орынға орналастырыңыз. Егер де уақытыңыз болса үйдегі құнды заттарды шатырға немесе жоғарғы қабаттарға орналастырыңыз. Есіктер мен терезелерді жауып, қажет болса және уақыт жеткілікті болса бірінші қабаттың терезелері мен есіктерінен сырттан тақтайлармен жабыңыз.

Су тасқыны кезінде: Су тасқыны қауіпі және көшіру туралы дабылды алғаннан кейін күттірместен, белгіленген тәртіп бойынша өзімен бірге қажетті заттар мен бұзылмайтын азық-түліктің екі күндік қорын алып апаттық су басуы ықтимал қауіпті аумақтан белгіленген қауіпсіз аумаққанемесе дөңестеу жерлерге барыңыз.

Су тасқынынан кейін не істеу керек:

1. Су тасқынынан кейін үйге оралғанда абай болу керек. Тірекқұрылымдары мен төбенін тұтастығына көз жеткізу керек. Су тасқынынан кейін тұрғын үй құлап кетуі мүмкін.

2. Ашық отты пайдаланбаңыз, өйткені газдың ағып кетуіне байланысты жарылыс қауіпі бар.

3. Су басу аймағынан тамақ ішпеңіз, су басқан құдықтардан су ішпеңіз. Бұл инфекцияға әкелуі мүмкін. Ұңғымаларды ағызып, дезинфекциялау керек.

4. Электр құрылғыларын қосуға тыйым салынады.

Су тасқынымен күресудің әртүрлі әдістері бар. Оларға мыналар жатады:

– уақыт өте келе ағынды қайта бөлу арқылы өзендегі судың максималды шығынын азайту;

– су қоймаларының көмегімен су тасқыны ағынын реттеу;

– қоршау бөгеттерін салу; өзен арнасын түзету және т.б.

Су тасқынынан ең сенімді қорғауға әртүрлі әдістерді кешенді қолдану арқылы қол жеткізіледі.

Су тасқыны қарсаңында қорғаныс шараларын жүргізу үшін уақытылы және сенімді гидрометеорологиялық болжам маңызды, ол жедел алдын алу шараларын жүргізу үшін де қажет. [2]

Біздің Қазақстанда су тасқыны Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында болып жатыр. 596 жеке тұрғын үй және 334 аула аумағы су астында қалуда. 1 143 үй мен 1 013 аула аумағынан еріген қар суы сорылды. 19 459 адам, оның ішінде 8 460 бала құтқарылды және эвакуацияланды, 55 мың ауыл шаруашылығы жануары айдалды. Бұл ретте әуе кемелерімен 2 365 адам, оның ішінде 477 бала эвакуацияланды. Уақытша орналасу пункттерінде 4 037 адам, оның ішінде 1 712 бала бар. 6,6 млн. м³ (өткен тәулікте 0,43 мың еріген қар суы сорылды, 785 мың қап (өткен тәулікте 57 мың) және 946 мың тонна инертті материал (өткен тәулікте 4,5 мың тонна) төселді.

Су басу – қала, елді мекен аумақтарында және суармалы жерлерге жақын жатқан телімдерде пайда болатын техногендік үрдіс. Судан құтқару қызметі мемлекеттік құрылым болып табылады. Оның негізгі міндеті – ҚР суаттарындағы зардап шеккен адамдарды құтқару болып табылады. Сонымен қатар қызметтің міндетіне суаттарды тазарту мен демалушылардың қауіпсіздігін сақтау бойынша жұмыстар жүргізу болып табылады.

Қорытындылай келе, су тасқыны дегеніміз – қауіпті табиғи апаттық жағдай. Су тасқыны адамдарға, экологияға, экономикаға және тағы да басқаларына зиянын тигізеді. Бізде қазергі таңда Қазақстанның біршама облыстарында су тасқыны болып жатыр. Соның кесірінен көптеген халық баспанасыз қалды. Сонымен қатар, көптеген үй жануарлары яғни, малдар жоғалып, көбісі қаза тапты. Бұл табиғи апаттың зияны соншалық адамдардың және жануарлардың өліміне дейін апарды. Сондықтанда бұл жағдайдың алдын алуға барынша ат салысу керек.

Әдебиеттер:

1. Құсайынов А.Б. Көктемгі тасқын кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу: Әдістемелік құрал. – Көкшетау, 2013. – 62 б.
2. Абикенова А.А. Экология және тіршілік қауіпсіздігі: Оқу құралы. – Алматы: АЭЖБУ, 2022. – 96 б.

МРНТИ: 86.33

И.Х. Нарзуллаева

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Научный руководитель: **Л.В. Скрипникова**, к.т.н., доцент кафедры химической технологии и экологии

САНИТАРНО-ГИГИЕНИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА УСЛОВИЙ ТРУДА АО «ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ МУКОМЛЬНО-КОМБИКОРМОВЫЙ КОМБИНАТ» ГОРОДА СЕМЕЙ

Актуальность. В стратегии развития «Казахстан-2030», выдвинутой Н.А.Назарбаевым, предусматривается сосредоточение усилий государства на развитии сельскохозяйственного производства и в частности двух его важнейших отраслей – растениеводства и животноводства [1].

Производство зерна и его переработка с древнейших времен занимали важное место в жизни людей. Зерно является естественным источником крахмала, белка, витаминов и других биологически ценных веществ, которые играют незаменимую роль в питании человека и животных при

употреблении жизненно важных продуктов – хлеба и хлебобулочных изделий для человека, кормов для животных.

Мука – продукт первой необходимости и от ее качества зависит качество выпускаемых хлебобулочных, макаронных, кондитерских изделий и продукции изготавливаемой в сфере общественного питания. В связи с этим, переработка больших масс зерна обуславливает необходимость функционирования зерноперерабатывающих заводов, включая мукомольно-комбикормовые.

Цель работы: оценить санитарно-гигиеническое состояние условий труда АО «Восточно-Казахстанский мукомольно-комбикормовый комбинат» г. Семей с разработкой мероприятий направленных на снижение вредных и опасных производственных факторов.

Задачи:

1. Изучить характеристику деятельности объекта исследования;
2. Проанализировать опасные и вредные производственные факторы рабочих мест, выявить причины их возникновения;
3. Оценить состояние условий труда с учетом действующих санитарно-гигиенических норм;
4. Разработать инженерно-технические решения, направленные на снижение вредных и опасных производственных факторов.

Объект исследования – АО «Восточно-Казахстанский мукомольно-комбикормовый комбинат» г. Семей.

Технологический процесс производства муки предусматривает следующие этапы:

1. Проверка пробы зерна в лаборатории на зараженность, степень засоренности примесями, зернами других культур и наличие клейковины;
2. Многоступенчатая очистка зерна: от пыли, камней, примесей;
3. Увлажнение: для отделения оболочки от зерна;
4. Измельчение зерна в муку;
5. Обогащение муки витаминами и микроэлементами, сортировка по сортам;
6. Упаковка и хранение.

Наиболее опасным оборудованием технологического процесса являются: вальцевые станки (А1-БЗН), просеиватели (МПС-141), зерносушилки (АТМ-Universal-25) и фасовочно-упаковочная машина (Линия А5-КОМ). Их опасность заключается в том, что они могут привести: к травмам опорно-двигательного аппарата, ухудшению слуха, поражению электрическим током.

Анализируя технологию производства муки и работу используемого оборудования на АО «ВКМКК» города Семей приходим к заключению о возможности возникновения на рабочих местах следующих опасных и вредных производственных факторов:

1. *Образование пыли (зерновой, мучной):* вызывает раздражение слизистых оболочек дыхательных путей, кожи; приводит к развитию аллергических реакций; способствует возгоранию или взрыву.

2. *Образование отходов:* от очистки зерна, упаковочных материалов, старых или испорченных деталей и материалов, которые могут загрязнять окружающую среду, нарушая ее экологическое состояние.

3. *Возможность аварий, риск травмирования:* эксплуатация опасного технологического оборудования (мельницы, конвейеры, механизмы перемешивания и упаковки), может привести к порезам, ушибам, поражению электрическим током и другим травмам работающего персонала.

4. *Тяжесть производственного процесса:* выполнение погрузочно-разгрузочных работ вызывает нагрузку на мышцы, возможность травм опорно-двигательного аппарата, падение, нервно-психические перегрузки, в виде усталости, утомления, переутомления, монотонности труда и нарушения сна.

Рекомендации по снижению опасных и вредных производственных факторов:

1. Соблюдение правил пожарной безопасности [2] путём регулярных проверок и тестирования системы противопожарной защиты:

– системы пожарной сигнализации и оповещения – 4 раза в год;

– системы противоподымной защиты, автоматических установок пожаротушения и внутреннего противопожарного водопровода – 1 раз в 6 месяцев.

2. Контроль за работой вентиляционных систем, пылеочищающих фильтров:

– визуальный осмотр и очистка – 1 раз в месяц;

– полное техническое обслуживание – 1 раз в год.

3. Проверка технического состояния электроустановок для предотвращения короткого замыкания и перегрева токопроводов – *не реже 1 раза в 3 года*;
4. Контроль за чистотой рабочих мест, санитарно-гигиеническая уборка производственных цехов, для предотвращения скопления пыли – *ежедневно*;
5. Проведение регулярных медицинских осмотров работающих на производстве – *1 раз в 12 месяцев*;
6. Обучение и контроль работающего персонала правилам охраны труда, путём проведения регулярных инструктажей:
 - *первичный* при приеме на работу;
 - *повторный*: на участках без повышенной опасности – *не реже 1 раза в 6 месяцев*; на участках с повышенной опасностью – *не реже 1 раза в 3 месяца*.

Заключение:

1. Изучена характеристика деятельности объекта, технологический процесс производства муки и используемого оборудования.
2. Проанализированы опасные и вредные производственные факторы и причины их возникновения.
3. Проведена оценка состояния условий труда с учетом действующих санитарно-гигиенических норм (ГОСТ 12.1.005-88, СН РК 2.04-01-2011) [3,4]:
 - представлен расчет нормированного значения коэффициента естественной освещенности (КЕО);
 - представлен расчет общего искусственного освещения по методу коэффициента использования светового потока;
 - изучены средства коллективной и индивидуальной защиты;
 - представлен анализ состояния производственного травматизма за период с 2014 по 2024 года.
4. Разработаны инженерно-технические решения, направленные на снижение вредных и опасных производственных факторов.

Литература

1. Назарбаев Н.А. «Казахстан-2030». – Алматы, 2001.-URL: <https://e-history.kz/media/upload/1466/2014/08/26/25d89a5742c7a68ebfccc4226f6521d1.pdf> (дата обращения: 12.02.2024).
2. Правила пожарной безопасности (утверждены постановлением Правительства РК от 09.10.2014 года №1077) -URL: <http://online.zakon.kz>. (дата обращения: 12.02.2024).
3. ГОСТ 12.1.005-88 Общие санитарно-гигиенические требования к воздуху рабочей зоны) -URL: <http://online.zakon.kz>. (дата обращения: 12.02.2024).
4. СН РК 2.04-01-2011 Естественное и искусственное освещение-URL: <http://online.zakon.kz>. (дата обращения: 12.02.2024).

МРНТИ: 87.25.27

Ж.Ж. Токказинова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **А.К. Мурзалимова**, PhD, химиялық технология және экология
кафедрасының, аға оқытушысы

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӨНДІРІС АУМАҚТАРЫ БОЙЫНША ҚЫШҚЫЛ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

Адам баласы әрқашан қоршаған ортаны негізінен ресурстар көзі ретінде пайдаланды, бірақ өте ұзақ уақыт бойы оның қызметі биосфераға айтарлықтай әсер етпеді. Өткен ғасырдың аяғында ғана экономикалық қызметтің әсерінен биосфераның өзгеруі ғалымдардың назарын аударды. Осы ғасырдың бірінші жартысында бұл өзгерістер күшейіп, қазіргі уақытта адамзат өркениетіне қатты әсерін тигізді бастады. Адам өзінің өмір сүру жағдайларын жақсартуға ұмтыла отырып, оның салдары туралы ойланбастан материалдық өндіріс қарқынын үнемі арттырып отырады. Бұл тәсілмен табиғи ресурстардың көп бөлігі оған қалдықтар түрінде қайтарылады, көбінесе улы немесе кәдеге жаратуға жарамсыз. Бұл биосфераның және адамның өзіне үлкен қауіп төндіреді.

Экологиялық жоспардың өте маңызды мәселелерінің ішінде жердің ауа бассейнінің антропогендік сипаттағы қоспалармен ластануының жоғарылауы үлкен алаңдаушылық

туғызады. Атмосфералық ауа биосфераның, соның ішінде адамның негізгі қызметі болып табылады. Өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық революция кезеңінде атмосфераға антропогендік газдар мен аэрозольдердің шығарылу көлемі ұлғайды. Болжап айтқанда, атмосфераға жыл сайын жүздеген миллион тонна күкірт, азот оксидтері, галоген туындылары және басқа қосылыстар түседі. Атмосфералық ластанудың негізгі көздері минералды отынды пайдаланатын энергетикалық қондырғылар, қара және түсті металлургия, химия және мұнай-химия өнеркәсібі, авиация және автомобиль көліктері болып табылады.

Қышқыл жаңбыр қазіргі уақытта экожүйелерге, адам денсаулығына және инфрақұрылымға зиянды әсер ететін қоршаған ортаның ең маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Олар атмосфераға күкірт пен азот оксидтерінің бөлінуінен пайда болады, олар су буларымен әрекеттесіп, сульфаттар мен нитраттар түзеді. Нәтижесінде, құрамында осы қосылыстар бар жаңбыр, қар немесе тұман флораға, фаунаға және топыраққа айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін [1].

Тақырыптың өзектілігі. Семей қаласының ластанған аумақтарында қышқыл жаңбырдың қоршаған ортаға әсерін бағалау тақырыбы өзекті және маңызға ие. Бұл тезистің сұранысқа ие болуының себебі: қоршаған ортаның ластануы. Өнеркәсіп, автокөлік және басқа көздер шығаратын күкірт пен азот оксидтері қышқыл жаңбырдың пайда болуына әкелуі мүмкін. Мұндай ластану су және жер үсті экожүйелеріне, сондай-ақ адамдардың денсаулығына теріс әсерін тигізеді.

Мақсаты – «Семей қаласының өндіріс аумақтарындағы қышқыл жаңбырдың қоршаған ортаға әсерін бағалау» тақырыбындағы ғылыми жұмыс шеңберінде қаланың өндіріс аумақтарында жауын-шашын қышқылдығын анықтау және осы қаладағы қоршаған ортаның жағдайына әсерін бақылау.

Жұмыстың міндеттері:

1. Қышқыл жаңбыр және оның қоршаған ортаға әсері сонымен қатар, адам денсаулығына әсері туралы ғылыми зерттеулерге әдеби шолу жасау.

2. Қышқыл жаңбыр құрамын және олардың қоршаған ортаға әсерін қоса алғанда, Семей қаласында атмосфералық ауа ластануы туралы деректерді жинау және талдау.

3. Семей қаласының ірі өнеркәсіп орындарына қысқаша сипаттама және олардан шығатын зиянды шығарындыларға талдау жасау;

4. Қышқыл жаңбырдың құрамындағы сульфат, сульфид және күкіртсутек иондарын титриметриялық әдіспен анықтау.

Зерттеу нысаны: Семей қаласындағы ЖЭО-1, «Семейцемент зауыты» ӨК» ЖШС, «Силикат» ЖШС.

Зерттеу әдістері:

Эксперименттік (эксперименттер жүргізу, сондай-ақ органолептикалық және химиялық талдау).

Эмпирикалық (зерттеу нәтижелерін бақылау, сипаттау және түсіндіру).

Титриметриялық (химиялық талдау жүргізу).

Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі метеорологиялық жағдайларға, маусымға және көлік қозғалысының қарқындылығына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Жалпы, қаладағы ауа сапасын атмосфераның ластану деңгейі, зиянды заттар мен шаңның құрамы, сондай-ақ атмосфераға Улы шығарындылар саны бойынша бағалауға болады. Қоршаған ортаны қорғау органдарының тұрақты мониторингтік қызметі ауаның сапасын бақылауға және қажет болған жағдайда оны жақсарту жөнінде шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Семей қаласының атмосфералық ауасының ластануының басты көздеріне ЖШС «Силикат», ЖШС «Семейцемент», ЖЭО-1, ЖЭО-2, сонымен қатар автотранспорттар екені белгілі. Осы өндіріс кешендерінен атмосфералық ауаға – 30 990,942 тонна ластанушы заттар шығарылады екен [2].

Зерттеу жұмысына қажетті қар үлгісінің сынамалары Семей қаласының 4 жерінен алынды: «Силикат» ЖШС, ЖЭО-1 маңайы, цемзауыт маңайы, красный кардон ауданы. Қар сынамаларының органолептикалық қасиеттері түсі, мөлдірлігі, иісі анықталды. рН-150МИ көмегімен қар сынамаларының рН және сынамалар құрамындағы сульфат, сульфит иондарын және сульфид және күкіртсутек анықтау үшін сапалық реакциялар жүргізілді. Жұмыс барысында рН көрсеткіштері Семей қаласындағы ЖЭО-1 5,4(қышқылдық орта), «Семей цемент зауыты» ӨК» ЖШС 7,01 (бейтарап), «Силикат» ЖШС 10,03 (сілтілі орта), бақылау нүктесінде 6,6 (бейтарап) көрсетті.

Титриметриялық талдау әдісі арқылы төрт жерден алынған қар сынамаларының құрамындағы химиялық элементтердің сандық нәтижелері анықталды [3]. Сульфид және күкіртсутек иондарын сандық талдау натрий тиосульфаты титрлеу арқылы байқауға болады. Жеке колбаға сульфидтердің, йод ерітіндісінің құрамына байланысты 15 мл 0,1 н құйып, 10 мл тұз қышқылды қосылды, араластыра отырып, сынамамен бірге бөтелкедегі шөгіндімен қалған сұйықтықты төгіп және 5 минут ұстағаннан

кейін қараңғыда артық йодты 0,1 Н тиосульфат ерітіндісімен ерітіндінің түсі ашық сары түске боялғанша титрленді. Крахмал қосып, түсі өзгергенше титрлейміз. Бұл кезде үлгіге қосылған йод ерітіндісінің бірдей көлеміне №1 сынамаға 4,2 мл, №2 сынамаға 3,1 мл, №3 сынамаға тиосульфат ерітіндісі жұмсалды. Бұлыңғырсұйықтық жоғарыда сүзілген кезінде сүзгіде сульфид іздері көрінді.

Қорытынды

Қышқыл жаңбыр және оның қоршаған ортаға әсері сонымен қатар, адам денсаулығына әсері туралы ғылыми зерттеулерге әдеби шолу жасалынды.

Семей қаласының ірі өнеркәсіп орындарына қысқаша сипаттама мен ондағы зиянды шығарындыларға анықтама берілді. Яғни, қаладағы ең басты өнеркәсіптік кәсіпорын мекемелері ауаға күкіртсутегін, азот оксидтерін, күкірт оксидтерін, ауыр металдар мен көмірқышқыл газы және т.б. зиянды шығарындылардың көп мөлшерде шығарады.

Зерттеулер нәтижесінде ЖЭО-1 маңынан алынған қар сынамасына ерекше көңіл бөлінді. Себебі, еріген қар суының түсі қаралау және кара түйіршіктер басым. рН (5,4) мәні қышқылды ортаға тән екені байқалды. Жауын-шашын құрамындағы сульфат, сульфид және күкіртсутек иондарын анықтау жұмыстары жүргізілді. Алынған сынамаларға сапалық реакция жүргізу барысында сынаманың түбінде тұнба түзілуі сульфат ионының және сынаманың күлгін түске боялуы сульфид және күкіртсутек иондарының бар екенін көрсетті. Сапалық реакция бақылау нүктесінен алынған сынамадан ғана байқалмады. Титриметриялық әдіспен анықтаған кезде өндіріс аумақтарында сульфат иондары, сульфид және күкіртсутек иондары анықталды. Сульфат иондары мөлшері (5-50 мг/л), сульфид және күкіртсутек мөлшері (№1=6,85 мг/л, №2=4,72 мг/л, №3=3,75 мг/л) құрады. Осылайша, зерттеу қышқылдық жауын-шашынның Семей қаласының өндірістік аумақтарының қоршаған ортасына қатты әсер ететінін көрсетті. Олар топырақтың, жер үсті суларының, атмосфераның және өсімдіктердің ластануына ықпал етеді, бұл экожүйе мен адам денсаулығына теріс әсер етеді. Сондықтан атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын азайту, оның ішінде өндірістің экологиялық таза технологияларын дамыту және олардың сақталуын қатаң бақылау жөнінде шаралар қабылдау қажет. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау және оны қорғау осы аймақтағы кәсіпорындар мен билік органдары үшін басым міндеттерге айналуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Заиков Г.Е., Маслов С.А., Рубайло В.Л. Кислотные дожди и окружающая среда. – М., Химия, 1991. – С. 7-8.
2. Статистика окружающей среды Об охране атмосферного воздуха в Республике Казахстан – 2022. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/environment/stat-eco/publications/68178/> (дата обращения 10.01.2024)
3. Унифицированные методы анализа вод. Под ред. д-ра хим. наук Ю.Ю. Лурье. Издание 4-е, исправленное. – М.: Химия, 2018. – С. 183-196.

МРНТИ:87.21.23

Е.Б. Хасенова

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»
Научный руководитель: **А.К. Мурзалимова**, PhD, старший преподаватель кафедры
химической технологии и экологии

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПУТИ ВОЗОБНОВЛЕНИЯ ЛЕСА РГУ «ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЛЕСНОЙ ПРИРОДНЫЙ РЕЗЕРВАТ «СЕМЕЙ ОРМАНЫ»

Актуальность работы. 8 июня 2023 на территории Батпаевского лесничества лесного резервата «Семей орманы» началось возгорание. Общая площадь возгорания составляет 67 490 хозяйства.

Актуальной необходимостью является восстановление лесов на больших площадях гарей. Возобновление леса означает, прежде всего восстановление его древесной растительности, лесного сообщества, лесной экосистемы. Возобновление леса подразделяется на естественное, искусственное и комбинированное. Проблема гибели леса от пожаров является одной из глобальных проблем. Сокращение лесных площадей негативно отражается как на всех природных экосистемах, так и на здоровье человека. Восстановление леса после пожара занимает очень большое количество времени – от десятков до сотен лет.

Цель работы: установить степень повреждения почвенного покрова от пожара.

В связи с поставленной целью решались следующие **задачи:**

1. Изучить общие положения лесовосстановления, виды и классификацию пожаров;
2. Изучить общую характеристику месторасположения «ГЛПР «Семей орманы»;
3. Изучить динамику изменения физических и химических показателей почв и ее плодородия

после пожаров;

Объект исследования: зеленая почва и почва гари, на территории «ГЛПР «Семей орманы» (Семипалатинский филиал)).

В настоящее время в ГЛПР «Семей орманы» заповедным режимом охраны охвачена площадь 48 600 га, что составляет 8% от общей площади резервата, что не противоречит нормам Правил разработки проектов естественно-научных и технико-экономического обоснования. Зона заповедного режима (зона ядра) ГЛПР «Семей орманы» (48 600 га, 8%) предназначена для долгосрочного сохранения генетических ресурсов, биологического разнообразия, экологических систем и ландшафтов [1].

Одним из крупнейших пожаров возник на территории Ауэзовского лесничества Бородулихинского филиала, пожар произошел в результате перехода с территории Российской Федерации. Общая площадь пожара составила 2 960 га, из них покрытая лесом площадь составила 1 052 га. Ликвидация пожара была дана 17 июня. Второй крупный пожар возник по причине грозового разряда и повлекший колоссальным потерям. Возник 8 июня на территории Батпаевского лесничества Семипалатинского филиала, в результате погодных условий и порывистого ветра постоянного меняющего направление и сухой жаркой погоды. Пожар с Семипалатинского филиала перешел на территорию Бородулихинского и Ново-Шульбинского филиалов. Только 14 июня к 21:00 минут была дана локализация данного пожара. Общая площадь пожара составила 63 333 га, в том числе покрытая лесом площадь 54 915 га.

Состав почвы на территории резервата очень разнообразен. Например, преимущественно развиты дерново-боровые почвы под сосняками. Мощность их профиля достигает 70-80 см., а содержание гумуса варьируется от 0,3 до 0,7%. Также серые лесные почвы имеют мощность гумусового горизонта в пределах 40-50 см. содержание гумуса достигает 8-10%. Данный вид почвы слабоструктурен, поэтому подвергается ветровой и водной эрозии [2].

Первыми шагами исследования стало определение динамики изменения почвенных показателей и ее плодородия после пожара. Для этого приготовлены почвенные вытяжки для двух образцов почвы. Для этого в 40 гр почвы добавлено 40 мл раствора хлорида калия, дистиллированная вода.

После того как приготовили почвенную вытяжку, приступили к определению рН – почвенной вытяжки. Для определения рН использовали рН-150МИ. Для точного результата, измерение рН проведено 4 раза. По результатам известно, что рН зеленой почвы составляет: 5,8; 5,6; 5,4; 5,1. рН почвы гари: 5,4; 6,3; 6,6; 6,9.

После определения рН, приступили к определению органического вещества в почве, точнее гумуса. В процессе наблюдения, заметно что гумус у зеленой почвы и почвы на гари одинаков. Но органическое вещество у почвы гари больше на 0,05мм.

В процессе наблюдения фильтрации, стало заметно, что цвет у зеленой почвы – желтоват; а у почвы гари – прозрачно – мутный. К тому же, можно сказать, что фильтрация зеленой почвы была намного быстрее, чем у почвы на гари.

В процессе перемешивания образцов почвы, стало заметно, что зеленая почва более плотнее, чем почва на гари. Кислая зеленая почва содержит большое количество органических веществ и имеет низкий уровень рН, что делает её кислой. Слабокислая почва на гари после пожара, наоборот, имеет повышенный уровень рН из-за высокого содержания щелочных веществ, таких как калий и кальций, которые могут вымываться из пепла огня. Кроме того, гари могут содержать меньшее количество органики, так как пожар может уничтожить её [3].

Заключение

В процессе наблюдения фильтрации, стало заметно, что цвет у зеленой почвы – желтоват; а у почвы гари – прозрачно-мутный. К тому же, можно сказать, что фильтрация зеленой почвы была намного быстрее, чем у почвы на гари.

Проведя по 4 раза исследования на пробах почвы. Вычислив среднее рН зеленой почвы, оно составляет – 5,4 (кислая). рН почвы на гари вычислив среднее арифметическое, составляет – 6,3 (слабокислая).

Кислая почва имеет низкий уровень рН, что может влиять на рост растений. Некоторые растения, такие как азалии, рододендроны и брусника, могут хорошо расти на кислой почве, так как они предпочитают кислую среду. Однако большинство деревьев предпочитают нейтральную или щелочную почву, поэтому на кислой почве их рост может замедляться или быть затрудненным. Для садоводов и сельскохозяйственных производителей важно проводить необходимые мероприятия по коррекции рН почвы, чтобы обеспечить оптимальные условия для роста и развития растений.

Слабокислая почва имеет низкий уровень рН, что означает, что она более кислая, чем нейтральная почва. Это может влиять на рост растений, так как многие растения предпочитают нейтральную или слегка кислую почву для оптимального роста. Влияние слабокислой почвы на рост деревьев зависит от видов деревьев. Некоторые деревья могут хорошо расти на слабокислой почве, в то время как другие могут испытывать затруднения. Некоторые деревья, которые могут хорошо расти на слабокислой почве, включают:

1. Сосна: Многие виды сосны, такие как сосна обыкновенная, могут приспосабливаться к слабокислой почве и даже предпочитать ее.

2. Ель: Некоторые виды ели также могут хорошо расти на слабокислой почве, особенно северные сорта.

3. Береза: Некоторые виды березы могут выдерживать слабокислые условия, хотя они предпочитают более нейтральную почву.

4. Камнеломка: Это растение, способное расти в условиях высокой кислотности почвы и низкой плодородности.

Однако не все деревья могут хорошо расти на слабокислой почве.

В процессе перемешивания образцов почвы, стало заметно, что зеленая почва более плотнее, чем почва на гари. Кислая зеленая почва содержит большое количество органических веществ и имеет низкий уровень рН, что делает её кислой. Слабокислая почва на гари после пожара, наоборот, имеет повышенный уровень рН из-за высокого содержания щелочных веществ, таких как калий и кальций, которые могут вымываться из пепла огня.

Литература

1. Об утверждении Правил разработки проектов естественно-научных и технико-экономических обоснований по созданию или расширению особо охраняемых природных территорий, а также корректировки технико-экономического обоснования – 2010. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V100006518> (дата обращения 12.02.2024).

2. Основные положения организации и ведения лесного хозяйства государственного лесного природного резервата «Семей орманы». – Алматы, 2003. – С. 5-8, 15-16.

3. Муравьев А.Г., Пугал Н.А., Лаврова В.Н. Экологический практикум. – Санкт-Петербург, 2020. – С. 115-118, 129-130.

ГТАХР: 81.92.31

Г.Ж. Уалибаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ

Ғылыми жетекші: **Л.С. Бакирова**, т.ғ. магистрі,

Химиялық технология және экология кафедрасының оқытушысы

НЫСАННЫҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ

Мониторинг - система наблюдения за явлениями и процессами, проходящими в окружающей среде и обществе, результаты которого служат для обоснования управленческих решений по обеспечению безопасности людей и объектов экономики. В рамках системы наблюдения происходит оценка, контроль объекта, управление состоянием объекта в зависимости от воздействия определённых факторов.

Длительные поездки, монотонность окружающего ландшафта, особенно при ночном времени суток, и пассивный образ действий водителя способствуют быстрому нарастанию усталости во время движения, что может привести к потере внимания, ухудшению реакции и способности адекватно управлять транспортным средством. Этот фактор значительно увеличивает вероятность возникновения аварий. Усталость и плохое самочувствие являются одной из основных причин дорожно-транспортных происшествий, и до 40% аварий происходят из-за этой причины во время долгих поездок.

Мониторинг помогает избежать:

- претензий грузополучателей по сохранению климатических условий транспортировки груза,
- внеплановое несоблюдение сроков выполнения заказов,
- несанкционированного доступа в грузовой отсек и пропаж,
- нецелевое использование топлива и подменный километраж накруткой,
- непредвиденных и неэффективных расходов на замену шин и ремонт транспорта,
- штрафов за нарушение ПДД,
- необоснованных выплат по фиктивным протоколам ДТП и угонам,
- аварийной эксплуатации автомобилей и других подвижных объектов без OBD.

Что может случиться на дороге?

1. состояние водителя может резко ухудшиться,
2. водитель может нарушить маршрут,
3. разговор по мобильному телефону,
4. курение,
5. не пристегнутый ремень безопасности,
6. продолжительный взгляд в сторону от направления движения автомобиля и самое главное – засыпание,
7. в случае грубого нарушения поможет найти виновника ситуации

В разных странах используют разные программы для мониторинга. Например, в России разработали систему контроля состояния водителя MONTRANS DVR.

Система контроля бдительности водителей MONTRANS DVR – технологический прорыв в сфере видеомониторинга транспорта. IT-решение выполняет сразу несколько задач:

- контролирует состояние здоровья и поведение сотрудника за рулем,
- предупреждает водителя о внештатных ситуациях,
- передает и записывает все события в облачный сервер.

Система DMS оснащена тепловизором, который фиксирует температуру тела человека, оказавшегося за рулем. В случае превышения допустимого значения, информация передается на сервер организации. Таким образом, телематика исключает поездки заболевших водителей и предотвращает возникновение на дороге опасных ситуаций. Также система контролирует внимательность водителя. IT-решение распознает, когда человек за рулем подносит к лицу сигарету или когда он начинает говорить по телефону. В подобных случаях устройство также предупреждает водителя о нарушении установленного регламента и отправляет в облако видеофайл с записью события.

MRV-21 – первая в мире интегрированная в единый корпус усовершенствованная система помощи водителю с радаром и камерой, которую можно устанавливать на ветровом стекле автобусов, легкового и грузового автотранспорта. Комплекс не имеет системных ограничений по количеству камер и, благодаря технологии встроенного радара, обеспечивает высокоточный контроль дорожной обстановки в нескольких неблагоприятных погодных условиях, таких как туман, проливной дождь, ночное время, прямой солнечный свет.

Усовершенствованная система помощи водителю (ADAS – Advanced driver-assistance system) представляет собой специальное устройство, контролирующее обстановку вокруг транспортного средства и предупреждающее водителя о необходимости повышения контроля ситуации в следующих случаях:

- опасное сближение – угроза лобового столкновения,
- идентификация пешехода/коляски на пути следования, особенно важно в темное время суток,
- предупреждение об изменении полосы движения,
- контролирование «слепых» зон сбоку,
- распознавание показателей дорожных знаков.

Дополнительно к информации о невнимательности водителя и возникновении опасных ситуаций оборудование передает местонахождение а/м, контроль уровня топлива, параметры эксплуатации а/м, полученные по CAN-шине транспортного средства.

Стоимость обслуживания: 1198 тг. Годовое обслуживание: 13466 тг.

Литература

Статья из периодического издания:

1. Владимиров С. Системы мониторинга состояния водителя и поддержания его работоспособности // Автомобильный транспорт. – 2021 – № 10. – С. 22-29.

Электронный ресурс:

2. Уваров К., Пономарев А. Maintaining Vehicle Driver's State Using Personalized Interventions [Электрон. ресурс]. – 31th Conference of Open Innovation Association FRUCT. – P. 347-354 (2022) URL: <https://doi.org/10.23919/FRUCT54823.2022.9770882> (дата обращения: 28.03.2024).

3. Андреев А.С., Киселева И.А. Устройство слежения за состоянием водителя NSControl // [Электрон. ресурс]. – Научные высказывания. – 2021. – №1 (1). – С. 13-21. URL: <https://nvjournal.ru/article/33-ustrojstvo-slezheniya-za-sostoyaniem-voditelya-> (дата обращения: 15.03.2024).

МРНТИ: 17.01.11

Салимжанов Б.Е.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: А.Т. Смағұлова, ф.ғ.к.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

Жасанды интеллект жайлы айтқан кезде көзімізге ең алдымен есептеуіш құрылғылар, математикалық бағдарламалар және әртүрлі техникалар келеді. Қазіргі таңда жасанды интеллект қамтымайтын сала жоқтың қасы. Заман талабына сай техника да күннен-күнге дамып, жетіліп отырады. Мамандар да жаңа құрылғылармен жұмыс жасау үшін білімдерін тереңдете түседі. Біздің елімізде бұл ұғым пандемияның белең алып тұрған кезінде кең тарай бастады. Адамдар үшін жаңа мүмкіндіктердің есігі ашылды. Олар үйде отырып-ақ қашықтықтан жұмыс істеп үйренді. Кейіннен бұл әдет күнделікті өмірде де қолданыла бастады. Қашықтықтан сабақ беру, жиналыс өткізу, әртүрлі жұмыстарды атқару және тағы басқа сынды міндеттер әртүрлі платформалар арқылы жүзеге асты. Бұның барлығы да адамзат баласының жасаған өнертабысы. Енді ЖИ ұғымына тереңірек тоқталып өтсек. «Жасанды интеллект» сөзін алғаш рет 1956 жылы Дартмут университетінде өткен конференциясының преамбуласында Джон Маккарти қолданған [1]. Бүгінгі күні жасанды интеллект адам өмірінің бір бөлшегіне айналды. Оны түсіну үшін техниканың алуан түрін білудің керегі де жоқ. Күнделікті өмірде қолданатын смартфондарымыз сол ЖИ нәтижесі. Оның ішіндегі әрбір қосымша, ұялы телефонның өзінің ішкі баптаулары барлығы да жеке-жеке әлем. ЖИ адам баласы жасай алмайтын ауыр жұмыстарды жасайды, күрделі есептерді шығарады, тіпті адамның орнына көлікті де жүргізеді. Оның мүмкіндіктерін айта берсең, соңына жету өте қиын. Келешекте адамның кез-келген мәселелерін шеше алатын деңгейге жетеді деп ойлаймыз. Жасанды интеллект арқылы жасалған бағдарламалардың ішіндегі ең танымалы – ChatGPT. Ол не?

ChatGPT – бұл жасанды интеллектіге негізделген чатбот, ол нақты уақыт режимінде жұмыс істеумен қатар, пікірталас түрінде де диалог жүргізе алады. Сонымен қатар, кодтағы қателерді анықтап, сценарийлерді, өлеңдерді және басқа мәтіндік мазмұнды тез жасай алады. Бұл технологиялық өнімді «OpenAI» компаниясы енгізді [3]. Оның негізін қалаушылардың қатарында Илон Маск та болды. Әмбебап бот 2022 жылдың қарашасында шығарылды және бүкіл әлемге бірден тарап кетті. ChatGPT-ді қолдану процесі өте қызықты болды. Ол үшін адаммен өзара әрекеттесу жүйесі және көптеген мәтіндер қолданылды. Содан кейін ол өз жауаптарын пайдаланып бірнеше рет қайта өңделді. Бұл мәтінді одан да дәл генерациялауға мүмкіндік берді. Өзірлеушілер бағдарламаны максималды түрде адам санасына жақын етіп жасады. Қолданушылар чатботпен сөйлескен кезде, адаммен сөйлесіп отырғандай әсер алады [4].

ChatGPT әлі даму үстінде. Жыл сайын оның жаңа нұсқалары шығып жатыр. Алдыңғы нұсқаларына қарағанда едәуір артықшылықтары да байқалуда. Қазіргі кезде жастардың көркем шығармаларды оқуы өзекті мәселе болып отыр. Бұл жағдай жасанды интеллект заманында қалай болмақ? Жасанды интеллект, соның ішінде ChatGPT-дің әдебиетке қосар үлесі бар ма? Әдебиет және жасанды зияттың қандай байланысы бар? Оның артықшылықтары мен кемшіліктері неде? ЖИ арқылы жасалған шығарманың қандай көркемдік құндылығы болады? Оқырмандардың әдебиетке деген сұранысы одан сайын азайып кетпейді ме? деген сұрақтар туындайды.

Ғылыми фантастика жанрында жұмыс істейтін жазушы Тим Бушэ тоғыз айдың ішінде ChatGPT және Midjourney чатботтарының көмегімен 97 кітап шығарыпты. Елестетіп көріңізші. 9 айдың ішінде 97 кітап. Бұндай сандар біздің түсімізге де кірмеген болар. Чатботтың көмегімен жасалған кітаптардың көлемі шағын екен. Әр кітапта 2000-нан 5000-ға дейін сөз және 40-140 сурет бар. Автордың айтуынша, бір кітапты жазу үшін оған шамамен 6-8 сағат қажет. Кейде 3 сағат та жетеді дейді. ЖИ арқылы жасалған Бушэның кітаптары бір ғаламда өрбиді. Олардың көпшілігінде кейіпкерлер мен дәйекті сюжет жоқ, сондықтан кітаптар сериясын кез келген бөлімінен бастап оқуға болады. «Insider» ақпараттық порталына берген сұқбатында жазушы келесі бір деректерді атап өтті: «Барлық кітаптарда бір - біріне сілтемелер жасалып отырады. Олар оқырмандарды үнемі қызықтыратын және сол әлемді одан әрі зерттеуге итермелейтін өзара байланысты әңгімелер желісін жасайды» [2]. Тим Бушэ жасанды

зият арқылы 1000 кітап жасауды жоспарлап отыр. Бушэ өз туындыларын «Gumroad» интернет-дүкені арқылы сатады. Бір кітаптың құны 2\$-дан 4\$-ға дейін барады. 9 айдың ішінде кітаптарының 574 нұсқасын 2000\$-ға сатқан екен. «Жасанды интеллект менің шығармашылық жұмысымның керемет катализаторы болды. Бұл маған сапаны сақтай отырып, өнімділікті арттыруға мүмкіндік берді. Мен басқаша қол жетізе алмайтын нәтижені әлемдік құрылғыларға ену арқылы алдым», – дейді автор Newsweek мақаласында. Жазушы қысқа уақыт ішінде осындай нәтижеге қол жеткізіп отырғаны тікелей жасанды зияттың арқасы. Бірақ, кітаптың сапасы санына сай болғаны дұрыс деп те ойлаймын. Бұны кітаптан гөрі, комикске жатқызған да жөн болар.

ЖИ арқылы жазылған шығармалардың көркемдік құндылығы төмен болады деп ойлаймыз. Себебі, көркемдік құндылық сезімнен шығады. Жазушы шығарманың әрбір бөлшегін сезініп, оқырманға бере алуы қажет. Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Есенберлин және тағы басқа жазушылардың шығармаларындағыдай сөз тіркестері, сөйлемдер, суреттеулер ЖИ жасаған шығармаларда кездесуі екіталай. Ол адамның ішкі жан дүниесі, тебіренісінен шығады. Ал, болашақта жасанды интеллект арқылы шығарма жазу әдепкі іске айналатын болса, онда біздің ұрпақтарымыз қандай болмақ? Өнерге деген, әдебиетке деген сұраныс азайса, еліміздің мәдениеті, тілі, ділі, дініне қауіп төнеді. Әрбір шығарманың маңызы осында. Олар бізді тәрбиелейді. Тура жол көрсетеді. Сөзбен сурет салуды, көркем ойлауды, көркем сөйлеуді, ойымызды еркін жеткізуді үйретеді. Жасанды интеллектіні комикс, ертегі, шағын әңгіме жазу үшін пайдалануға болады. Оның өзін жазу үшін чатботқа қазақ тілін дұрыс енгізу керек.

Технологиялар күнделікті дамып келе жатқан заманда, жасанды интеллект арқылы шығармашылық жазудың болашағы үлкен әлеуетке ие, сонымен бірге қорқыныш пен қауіп те бар. Чат сияқты ЖИ модельдері белгілі бір жазу мәнерлерін түсіну және еліктеу үшін дами алады, бұл адам жасаған мазмұн мен ЖИ жасаған мазмұн арасындағы біркелкі интеграцияны қамтамасыз етеді. Алайда, тепе-теңдікті сақтау өте маңызды. Технологиялар адам шығармашылығын жоюдан гөрі күшейту құралы болып қала береді.

Жоғарыда айтылған ойларды қорытындылай келе айтарымыз, ChatGPT – бұл әдебиет саласындағы өте қызықты және пайдалы құрал, ол авторларға мәтіндер жасауға көмектеседі. Алайда, ол әдебиеттегі адамды алмастыра алмайды, өйткені кітап авторлары өздерінің шығармашылық қабілеттерімен және оқырмандарымен эмоционалды байланыс жасау қабілетімен ерекшеленеді. Әр нәрсенің ортасын тапқан жөн. Технологияларды мүлдем қолданбай қоюға немесе шамадан тыс көп қолдануға да болмайды. Адам миы – керемет жаратылыс. Ол әрбір істі жеңілдетудің амал-тәсілдерін іздеп тұрады. Жасанды интеллектіні шамадан тыс қолдану адамды регрессияға алып келеді. Ол дайын нәрсеге үйрену арқылы, бойындағы адамға тән қасиет-қабілеттерін жоғалта бастайды. Ал, адамдық қасиеттер жоқ ортада қоғамның да болуы мүмкін емес. Сондықтан, не нәрсені жасамастан бұрын, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін ойлап, тиімді шешім шығарған дұрыс. Жасанды интеллект бұл бір адамға ғана қажетті құрал емес.

Ол тұтас әлемдік мәселе. Сізге пайдасын тигізетін дүние, өзгелерге зиянын тигізбеуі қажет. Әдебиет – қоғамның айнасы. Қоғамда болып жатқан оқиғаларды әдебиет сөзбен сурет салу арқылы жеткізеді. Адам әдебиет арқылы өзін және өзгелерді тәрбиелейді. Жасанды интеллектіні осындай қасиетті де қастерлі іске араластыру қаншалықты дұрысын екенін айқындау сіз бен біздің, келешек ұрпақтың қолында.

Әдебиеттер

Электронды ресурс:

1. <https://dzen.ru/a/ZEDa9KhPVUacJ8v92>
2. <https://www.pravilamag.ru/news/offtop/28-05-2023/699471-pisatel-fantast-s-pomoshchyu-chatgpt-vypustil-97-knig-menshe-chem-za-god-on-zarabotal-na-nih-2000/>
3. <https://chat-gpt-world.com/ru/>

Ғылыми еңбектер:

4. Kasneci E., Seßler K., Küchemann S., Bannert M., Dementieva D., Fischer F., Hüllermeier E. ChatGPT for good? On opportunities and challenges of large language models for education. Learning and Individual Differences, 2023. – 103, 102274.

Сайленова А.Б.«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **А.Т. Смағұлова**, ф.ғ.к.**ФАНАТ ӘДЕБИЕТІ (ФАНФИКШН): «АБАЙ ЖОЛЫ» ЖӘНЕ ЗОМБИ**

XXI ғасырда фанат әдебиеті, яғни фанфикшн жанры әлемдік деңгейде көз ілеспес жылдамдықпен даму үстінде. Бұл жанр әсіресе шетелде, батыс елдерінде белсенді көрініс табады. Жалпы фанфик деген не дегеннің өзіне жекелей тоқталсақ, Fan fiction – "фанат әдебиеті", яғни сүйікті шығармалары аясында жазылған жанкүйерлер туындысы [2]. Демек бұл жердегі автор жәй автор емес, белгілі бір туындыны шексіз жақсы көретін жанкүйері. Жанкүйерлер жазған шығармада туындының финалы басқаша болып, оқырмандар өздеріне ұнаған нұсқасында аяқтап алады. Жоғарыда айтқанымдай, бұл жаңаша бағыт қазіргі таңда батыс елдерінде кең етек жайған. Ал қазақ әдебиетінде бұл бағыт қалай тыныс алып жатыр? Жалпы біздің елімізде мұндай жанр бар ма? Осы сұрақтар төңірегінде кеңінен ой қозғап көрсек.

Жасыратыны жоқ, елімізде фанфикшн жанрын бірі білсе, бірі білмейді. Тіпті білмейтіндердің қатары мол деп айтар едім. Өйткені әдебиеттің мұндай жаңашылдыққа толы ағымының лебі бізге аса жете қоймаған. Жеткендерінің өзі шетелдік авторлардықы. Отандық әдебиетте фанфик жазып оқырмандардың ықыласы мен танымалдылыққа ие болып жатқан адам жоқтың қасы. Мысалы Америкада жанкүйерлер өздері ұнатқан тек көркем шығарманы ғана емес, тіпті киноға да фанфик жазып дағдыланған. Меніңше мұндай жаңашылдыққа толы құбылыс біздің әдебиетіміз мен мәдениетімізге аса қажет. Батыстағы фанфикшн қалай пайда болып, қалай тез дамыды деп ойланатын болсақ, жауап біреу. Ол - жанкүйерлік шынайы махаббат пен үлкен ізденіс. Мысалы атақты бір жазушы керемет бір роман жазса, жанкүйерлер сол романмен шабыттанып, жақсы көргендері сондай, осы романға фанфик жазу арқылы екінші тыныс береді. Мүмкін ол жазушының романында бас кейіпкер өліп қалатын болса, фанфикте жанкүйерлер оны аман алып қалады. Қысқасын айтқанда фанфикшнде мүмкін еместің бәрі мүмкін. Егер шын қызығушылық танытып, ден қоятын болсақ, бұл жанр арқылы талай көркем шығарманы басқаша қырында оқытын едік. Барлық жағынан алсақ, фанфикшн әдебиеттің ең қызықты ағымдарының бірі дер едім.

Жоғарыда айтқанымдай, еліміздің әдебиетінде фанфикшн ағымы енді өріс алып келе жатыр. Тек олардың қажетті деңгейде өсулері үшін жан-жақты қолдау керек. Сондай ерекше қолдауды қажет ететін, қазақ әдебиетіндегі фанфикшннің алдыңғы қатарындағы фанфик – "Абай жолы және зомби" деп аталады. Сіз бұрын-соңды қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлын американдық фильмдердегі жартылай өлік боп жүретін зомбилардың жанында елестетіп көрдіңіз бе? Әрине жоқ. Мұндай ой ешбір адамның үш ұйықтаса да түсіне кірмес еді. Міне, фанфикшннің ерекшелігі де осы. Адам ойына кіріп шықпайтын құбылыстар мен оқиғаларды көркем шығармада өрбітіп дамыту.

Енді «Абай жолы және зомби» фанфигі не туралы дегенге тоқталайық. Ең алдымен фанфиктің авторы туралы бірер сөз қозғасақ. Бұл тамаша туындының авторы – Мақсат Мәлік деген азамат. Мақсат Мәлік – X Халықаралық «Шабыт» фестивалінің проза номинациясы бойынша Гран-При жүлдесін жеңіп алған. Қазіргі таңда 31-арнада қызмет атқарады. Талантты прозашының шығармалары республикалық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып жүр. Қысқа да жинақы стилімен ерекшеленетін жазушы [4].

Жалпы эпопея үлкен-үлкен төрт томнан тұрса, бұл фанфик оның адғашқы томындағы бірінші тарауы «Қайтқанданың» желісімен жазылған. Былай алғанда аса қатты ұзақ емес, қысқа ғана фанфик. Алайда сол қысқа ғана фанфикті оқи отырып, расымен «зобырлардан» қорыққандай боласың. Айтпақшы бұл жерде зомбиді кәлімгі зомби деп емес, «зобыр» деп атайды. Тіпті зомби деген сөздің өзін қазақшалаңдырып жіберген авторға риза боласың. Фанфиктің мазмұны жас Абайдың осы зобырларға қарсы күрес, төбелесін суреттейді. Шығарма тура "Қайтқанда" тарауы тәрізді басталып, ықшамдала келіп, мүлдем басқаша бағытта өрбиді: «Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне шәкірт бала барын салды. Күнұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған. Издегені зобырлар болса керек. Қолындағы қаруы – жапон кусаригамасы – орақтың сабына жалғанған басында темір түйіні бар ұзын шынжыр. Ол сирек кездесетін жезгек деген металдан құйылған-тын. Зобырларға қарсы ең тиімді қару» [1]. Қараңызшы, он үш жасар бала Абайды қолында қаруын алып, зомбилармен шайқасуға бара жатқанын елесте алдыңыз ба? Көрер көз түгілі, естір құлаққа біртүрлі екені анық. Фантазияның шексіздігі деп осыны айту керек. Семейдегі оқуынан ауылға келе жатқан шәкірт баланың Байтас пен Жұмабайды ұры болып қорқытатын жері бәріміздің есімізде шығар. Ал бұл фанфикте

Есембай жырасынан бала Абай емес, «зобырлар» шығады. Және зобырларға қарсы қиян-кескі ұрыстың көрінісі де осы тұста көрінеді. Мысалы Жұмабайдың Есембай жырасы туралы Абайға ескертуі бұл жерде тіпті қызық: «Қоқырақтап жалғыз шабатын неме екен, түсіріп, басын жұлып әпкел өзін!» – дейді де, саған үстіңе қарғып секіріп, ақсиган азуларымен бас сүйегіңе шап бергенде, миыңды бір-ақ ағызып, ішіп алады. Басың қисайып, тілің салақтап, зобырға айналып кетесің, дейді. Яғни эпопеядағы ұры фанфикте әп-сәтте зобыр боп шыға келді. Фанфик осы жердегі ұрыспен аяқталады. Ықшамдалып жазылған шағын болғандықтан лезде оқылады.

«Абай жолы және зомби» фанфигі – маған ұнады. Осыдан бес жыл бұрын ғаламтор желісіне жарияланған болса да, әлі күнге дейін фанфикшн жанрындағы тың туынды деп танымыз. Менің ойымша, бұл шығарма жалғасын табуы керек. Болашақта басқа тараулар мен томдарда зобырлардың әрекеттерін бақылау өте қызық. Әрі қарай не болары оқырманды өзіне тарта түседі. Тағы да ескере кететін нәрсе бұл фанфик "Абай жолы" романына жәйдан-жәй жазыла салмаған. Мұның астарында бірнеше жоспарлы мақсаттар жатыр деп топшылаймын. Біріншіден, неге зомби? "Абай жолында" зомби неге жүр? Меніңше автор зомби деп, жалпы күллі қазақ даласындағы ұры-қары, қылмыскерлерді меңзеген тәрізді.»Ұры сай» атанған Есембайда зобыр жатыр деп келтіруі бұл ойды дәлелдеген автордың шеберлігі деп білемін. Шынымен Абай Құнанбайұлы өмір сүрген заманда барымташылық пен ұрлық-қарлық тіптен тыйылмаған. Сондықтан фанфиктегі зобыр дегеніміз, романдағы ұрылардың нақ өзі болуы мүмкін. Екіншіден, автор «Абай жолы» романын бүкіл әлемге осылайша танытқысы келген деген пікірдемін. Жалпы «зомби» деген ұғым батыс елдерін былай қойғанда тіпті, күншығыс елдеріне дейін үлкен танымалдылыққа ие.

Қорыта айтқанда, әдебиеттегі фанфикшн жанры – жас дамып келе жатқан әдеби ағым. Біздің әдебиетіміздегі фанфикшннің дамуы енді қолға алынып келеді. Мысалы қазіргі уақытта мектепте оқушыларға белгілі бір өтілген шығармаға фанфик жазуға арналған тапсырмалар ақырындап енгізіліп жатыр. Жаңашыл бағытты қолдайтын әдіскер ұстаздар бұл ұсынысты қос қолдап қолдап, балалардың қаламын ұштауға сеп болып жүр. «Көш жүре түзеледі» демекші, фанфик жаза алу мектеп қабырғасынан бастап қалыптаса берсе, осылай-осылай бұл бағытта зор жетістіктерге жетіп, жаңалықтар аша аламыз. «Абай жолы және зомби» - қазақ әдебиетіндегі фанфикшннің негізін қалаған туынды. Ұлы ақынның саналы ғұмырын баян ететін романға әлі де көп фанфиктер жазыла берді деп күтеміз.

Әдебиеттер

Кітап:

1. Мәліков М. Жұмбақ кітап [Мәтін]:[проза] / М. Мәліков. – Алматы: Жалын баспасы, 2011. – 221 б.

Ғылыми еңбектер:

2. Антипина Ю.В. Жанровые особенности фанатской прозы (на примере фанфикшена по творчеству братьев Стругацких) / Ю. В. Антипина // Вестник ЧелГУ. – 2011. – № 13. – С. 21-25.

3. Афанасова Н.В. О чем говорят фикрайтеры / Н.В. Афанасова // Научный диалог. – 2016. – № 3 (51). – С. 9-7.

Электронды ресурс:

4. <https://karlib.kz/kz/home/58-disker-kabineti/803-mali-m-ks-t>

МРНТИ 14.35.09

Ибраимова А.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекшісі: **Муканова К.К.**, доцент, п.ғ.к.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖОБА ӘДІСІ

Қазіргі білім беру жүйесін қоғамның даму мақсатына сай, ұлттық және әлемдік құндылықтардың үздік үлгісінде шығармашылықпен ойлауға дағдыланған, халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыруға бағыттау қажет, оқу үрдісіне үлкен өзгерістер енгізіп, оқыту әдістемесін жетілдіру керек.

Жоба әдісі – оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға, шығармашылық, танымдық қабілеттерін жан-жақты жетілдіруге жол ашатын жаңа оқыту түрінің бірі. «Жоба әдісі» арқылы оқу үрдісін ұйымдастыру қазіргі «Жаңа мектеп» алдындағы міндеттер мен мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқыту барысында жобал әдісін пайдаланудың тиімділігі зор. Ең алдымен жобалап оқыту технологиясы, оқушының тұлғалық дамуына пайдасын тигізіп, ізденімпаздық қызығушылығын арттырады. Екіншіден, жобалап оқыту барысында оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтары артып, қазақ тіліне тән көптеген сөздермен танысып, сөздік қоры молаяды. Үшіншіден, бұл әдіс оқушының білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді. Олар тек жоба дайындап қана қоймай, көркем әдебиетті оқиды, бүгінгі заманда көпшілік ұстаздардың «балалар кітап оқымайды» деп дабыл қағып жүрген мәселелерін осы жоба әдісі арқылы шеше аламыз.

Мектеп оқушыларымен бірнеше жоба жұмыстары орындалды. Мысалы «Көркем әдебиет тілін талдау» жобасы («Абай жолы» романы бойынша). Көркем әдебиет тілін талдаудың 50-ге жуық түрі берілді. Бірнешеуінен мысал келтірсек.

Күлкінің түрлері: қысыла күле беріп (6 б.), таңдана күлді (10 б.), ду күлісті (11 б.), сүйсініп күліп (12 б.), мырс етті (12 б.), еріксіз күліп (14 б.), ақырын күліп қояды (14.), мырс етіп мұрт астынан күлді (57 б.), күле сөйлесті (73 б.), еріксіз күліп жіберіп (70 б.), мысқыл еткендей сылқ-сылқ күлді (77 б.), ойнақы, ащы күлкі (92 б.), үйдің іші тегіс ду күлді (108 б.), мақтана күлді (181 б.), сақ-сақ күліп жіберіп (184 б.), сүйсіне күлді (184 б.), қатты күліп жіберді (186 б.), үнсіз күліп жатты (186 б.), ішек-сілесі катады (187 б.), кекете күліп (188 б.), мәз-мейрам күлкі (236 б.), ду күлді (254 б.), ақ тістерін ақсита күліп (274 б.), ұялған күлкі (275 б.), ақырын күлкі (238 б.), ерке күлкі (267 б.), қарқылдап ұзақ күлді (283 б.), мырс беріп күлді (304 б.), ақырын ғана күліп қойып (297 б.), сылқ-сылқ етіп күлді (135 б.), қарқылдай күміс үнді сұлу күлкі (138 б.), сылдырлай күлу (138 б.), ызамен күлу (146 б.), қатты күлу (164 б.), бір танауымен күлімсіреу (178 б.), сықылдап күлу (162 б.), қошеметтей күлу (166 б.), мырс күлу (183 б.), көзінің астымен күлімсіреу (183 б.), сықылдап күлу (190 б.) кеңкілдеп күлу (210 б.) аузын жымита күлу (220 б.), ду күлу (220 б.), қоңыр сұр жүзі қып-қызыл болып күледі (8 б.), ырсылдап күліп жатыр (10 б.), күле отырып бас изеді (8 б.), мұртының астымен езу тартты (26 б.), біресе солқылдап, біресе ырсылдап күледі (46 б.), өте ширек күлкі (40 б.), қайта-қайта күліседі (45 б.), бетін баса сықылықтай күліп қапты (56 б.), берекесіз күлкі (56 б.), көп күлдіре (111 б.), күле жайнап (119-б.), жадырап күле берді (250 б.), сақылдап күліп жіберді (266 б.), қатты дыбыстап күлді (268 б.), қатты сүйсіне күліп (269 б.), уайымсыз күлкі (279 б.), қызық күлкі (281 б.), мазақ қып күлді (285 б.), ернін керілте күліп (285 б.), ұғына күлді (286 б.), әсем күлді (305 б.), сүйкімсіз күлкі (315 б.).

Бұл жобалау технологиясы бойынша жасаған тапсырмамызда біз «Абай жолы» романының тек 1-бөлімінің өзінен ғана 70-тен астам күлкінің түрлерін жинадық. Нәтижесінде біздің біліп-білмеген сөз оралымдарымыз бен көптеген күлкінің түрімен таныстық.

Көптік мәнді білдіретін ұғымдар: топ үйректер (112-б), дүбірлеп, топыр салып (112 б), жамыраған үн (112 б), күллі мұсылман (115), тегіс шулап жөнелді (118 б), ауылдың көші (115 б), қалың ауыл (121 б), шұбыртқан нөпір (122 б), қалың шұбар мал тобы (122 б), шамнан шыққан керуен (126 б), топ шүрегей (128 б), қос-қостан ұшқан көк мойын (128-б), топырлап (133 б), қат-қат тамған ыстық жас (135 б), қасына қол жиып (151 б), біріне-бірі соғылысып (158 б), көл-көсір, қонақасы (198 б), ағайын - туған (200 б), ауыл тобы (206 б), ағыл-тегіл аққан көздің жасы (208 б), бір топ жігіт (213 б), үй тола

жиналған әнші (214 б), өңшең әнші (214 б), үйіле жиылған көрпе-жастық (230 б), дүбірлетіп кеп тоқтаған (230 б), жайыла біткен қара сақал (243 б), жамырай келе (210 б), қол жию (211 б), үйіле дүбіртіп (223 б).

Көңіл-күй түрлері (Д. Исабековтың «Бекет» повесі): қысылғаныман (12 б), таңданып қарайтын (12 б), сәл нәрсеге ашуланып, өкпелеу (13 б), содыр мінезінен (13 б), ашуланса да үнін жұмсартып сөйлеп (13 б), ызаланып қарады да (14 б), жадырап, жылылық енді (15 б), сары уайымға салынып (16 б), уайымдау, тынышсыздану (16 б), еңіреп жүгіре жөнелдім (17 б), күн ұзақ мұнайып (18 б), абдыраған, сасқалақтаған (20 б), көңілім жасып кеткендей (20 б), көзімнен сорғалаған жас (21 б), қуаныш кернеп (25 б), жабыққан көңілімді жадыратып (35 б), ішім жылып, елжіреп (36 б) т.б.

Бұл менің оқушымының 36-беттік повесттен жинап шыққан жобасы болатын. Ең бастысы жоба әдісі арқылы мен өз мақсатыма жеттім. Оқушым маған шығарманы толық оқығанын айтып, басты кейіпкер Нүркеннің ісін құптамайтынын да жеткізді. Сонымен қатар, мұндағы түсініксіз болған сөздермен жұмыс жасап, мағынасын бірге аштық. Шынайы өмірден мысалдар келтіре отырып, шығарманы бірге талдап та үлгердік. Осы тәжіриеден кейін жоба әдісін пайдалану барысында менің жобалап оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып көркем әдебиетті оқытуға, сөздік қордың баюына пайдасы тиеріне толық көзім жетті.

Қорытындылай келе, жоба әдісін пайдалану арқылы біз оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауын қалыптастыра отырып, ізденушілік қабілетін арттырады. Сонымен бірге, жоба әдісі оқушылардың сөздік қорының баюына, сөздерді алмастырып қолдана алуына, өзіне белгісіз болған сөздердің мағынасымен таныса отырып, жаңа сөздерді үйренуге, жобаны жасау барысында сауатты жазу мен дұрыс оқуға бейімделеді.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай жолы романы I, II, III-том. – Жазушы, 2020.
2. Исабеков Д. Таңдамалы 1-том. – Жазушы, 1993.
3. Әбдікәрім Т.М. Магистранттарға қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының әдістемелік негізі // ЕҰУ Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2012 – №3 (88). – С. 63-66 б.

МРНТИ 16.31.51

И.С. Исмаилова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Г.Б. Сағанаева**, филол.ғыл.кандидаты, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы

ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ОРЫС ТІЛДІ ТОПТАРДА ОҚЫТЫЛУ МӘСЕЛЕСІ

Жұмыстың өзектілігі. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметінің толық жүзеге асуы үшін басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеру көрсеткішінің артуы аса маңызды. Ол үшін көптеген жұмыстар да атқарылып жатыр, бірақ сапалық көрсеткіштің артуы өте баяу. Оның бір себебі ретінде зерттеушілер қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты деп көрсетеді. Әрине, бұл пікір де орынды. Дегенмен, әдістемеден бұрын, біздіңше, тілді меңгермек адамның өз қалауы мен тіл қажеттілігі бірінші орында болуы керек.

Жұмыстың мақсаты: қазақ және орыс тілдеріндегі етіс категориясының ерекшеліктерін салғастыру арқылы орыс тілді топтарда аталған категорияның оқытылуын қарастыру, оңтайлы тәсілдерді ұсыну.

Етіс – қимылдың, іс-әрекеттің нысан мен субъекті арасындағы қатынастарды түрліше білдіруімен ерекшеленетін етістіктің күрделі категориясы. Грамматикалық мағынасын тану, анықтау талабынан біршама қиындық туғызатын категорияның әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелері де жоқ емес. Етіс категориясының өзекті түйткілдерін қарастырып, ұғым жайлы теориялық білім қалыптастырған тіл мамандарының қатарында еңбегі елеулі Ы.Маманов, А.Ысқақов, А.Қалыбаева, Н.Оралбаева, С.Исаев, Г.Сыздықова т.б. секілді белді тұлғаларымыз бар [1]. Әдістемелік тұрғыдан А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», Ы.Әлімжанов, Д.Мамановтың «Қазақ тілін оқыту методикасы», орыс тілді топтарда оқытылуы жайлы Н.Оралбаеваның «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі», Г.Серікбаеваның «Орыс бөлімдеріндегі студенттерді қазақша сөйлеуге үйрету әдістемесі», К.Жақсылықованың «Орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесінің типтік бағдарламасы» секілді т.б. еңбектер бар [2].

Алдымен, етіс категориясының қазақ және орыс тіліндегі түрлерін салғастырсақ. Жалпы, қазақ тілінде етістің бізге белгілі, мектеп бағдарламасында бекітілген 4 түрі бар: 1) өздік етіс; 2) өзгелік етіс; 3) ортақ етіс; 4) ырықсыз етіс. Орыс тілді топтарда бұл атаулардың баламасы ретінде: өздік етіс – возвратный залог, өзгелік етіс - понудительный залог, ортақ етіс - взаимно-совместный залог, ырықсыз етіс – страдательный залог ұғымдары қолданылып жүр. Орыс тілі типологиялық жағынан флекциялық тілдер қатарына жататындықтан, агглютинативті қазақ тілінен айырмасы біршама үлкен екендігін ескеруге тиіспіз. В.Виноградовтың үш етісті жүйесіне сай қазіргі орыс тілінде етістің: 1) действительный (негізгі); 2) возвратный; 3) страдательный түрлері бар [3]. Орыс тіліндегі етістер саны қазақ тіліне қарағанда аз, яғни анықтаудың бірнеше жолдары қарастырылған, грамматикалық тұрғыдан өзгешеліктерге толы. Мәселен, действительный залог (негізгі етіс) ешқандай аффикссіз субъектінің объектіге тікелей қатынасын білдірсе, ал возвратный залог өз ішінде бірнеше мағыналық топтарға ие (собственно-возвратное значение, взаимно-возвратное значение, общевозвратное значение, косвенно-возвратное значение, активно-безобъектное значение, пассивно-качественное значение) болады.

Етіс категориясының ерекшеліктерін орыс тілді топтарда түсіндіру барысында басты назарға алынуы тиіс мәселе – мысал арқылы салғастыра-салыстыра түсіндіру. Мысалы, «Кішкене қыз бала таранып тұр» сөйлемі орыс тіліне «Маленькая девочка причесывается» деп аударылады. Мұнда біз өздік етістің -н жұрнағының -ся қосымшасына айналғанын байқаймыз және өзге мысалдарда да, дәл осы жағдайға куә боламыз: «Білектерін жарқырата жүріп жуынды» – «Умылся, сверкая запястьями» т.б. Өзгелік етіс – понудительный залог: «Мен көйлек сатып алдырдым». Аудармасы: «Я попросила (заставила) себе купить платье». Бұл жерде -дыр жұрнағы орыс тіліне қосымша түрінде емес, толыққанды сөз (попросила немесе заставила – контекстке байланысты) ретінде аударылып тұр. Немесе, «Әкесі баласына кітап оқытты». Аудармасы: «Отец заставил/попросил сына прочитать книгу». Байқап тұрғанымыздай, -дыр, -дір, -т жұрнақтары орыс тілінде өтініш, мәжбүрлеу мағынасын білдіретін тұтас сөз ретінде аударылып кетеді. Ырықсыз етіс – страдательный залог: «Үй салынды» – «Дом построен», «Ән айтылды» – «Песня спета». Бұл жерде де аудармада арнайы жұрнақтың жоқ екендігін байқаймыз. Ортақ етіс – взаимно-понимательный залог: «Айгүл досымен хат жазысады» – «Айгүл переписывается подругой», «Мен Мұраттың жүгін көтерістім» – «Я помог Мурату отнести багаж». Ортақ етіс жұрнағы жеке сөз ретінде немесе сөзалды қосымшасы ретінде берілген. Орыс тіліне аударылған «Я помог отнести багаж» сөйлемін қайтадан қазақ тіліне аударсақ, «Мен жүк көтеруге көмектестім» деп аударылар еді, яғни білім алушылар назарын қосымшалардың формасы емес, грамматикалық мағынасына аудару маңыздылығы айқындала түседі.

Аталмыш айырмашылықтар негізінде орыс тілін еркін меңгерген балалар үшін біршама қиындықтар мен қайшылықты жағдайлардың туатынын анықтаймыз. «Қазақ тілін орыс тілді топтарда оқыту барысында бұндай ерекшеліктерге қаншалықты мән беріліп жүр? Етіс категорияларын оқытудың қандай тәсілдері бар?» – сауалдарына жауап алу мақсатында, мектеп бағдарламасына сәйкес бекітілген оқулықтар негізінде, берілген материалдар мен тапсырмалар қарастырылды. Негізге орыс тілді топтарға арналған 2018 жылы «Арман ПВ» баспасында жарық көрген Т.Н.Ермекова, Ж.К.Отарбекова, Г.Б.Токтыбаеваның жалпы білім беретін мектептің алтыншы сыныбына арналған оқулығы алынды [4].

Аталмыш оқу құралының жетінші бөлімінің төртінші сабағында етіс категориясына қатысты мәліметтер мен бекіту тапсырмалары берілген. Оқулықта, *біріншіден*, етіс ұғымы жайлы толық түсінік қалыптастырмастан бұрын, түрлеріне қатысты грамматикалық материалдар беріледі. *Екіншіден*, етіс категориясы жайлы жинақталған мәліметтерді бекіту барысында ұсынылған тапсырмалардың саны тым аз, әрі тек жазбаша орындау жолдары қарастырылған. *Үшіншіден*, өткен сабақты пысықтау, талдау жасау, қайталау дағдылары ескерілмеген, тіпті жоқтың қасы. Оқулықтың назарына алынған басты дүние мәтінмен жұмыс жасау, теориялық мәліметтерді меңгеру екінші орынға қойылған. Бұл қазақ тілін үйренуге талпынған бала үшін көптеген қиындықтар туғызуы ықтимал.

Барлық түсіндірме, үйрету жұмыстары мұғалімнің креативтілік деңгейіне және өзіндік шығармашылығына байланысты болып келеді. Жоғарыда келтірілген тұжырымдарды қарастыра келе, орыс тілді топтарда бұл мәселені шешудің оңтайлы бірнеше жолы бар:

- Толыққанды грамматикалық материал дайындау. Теориялық білімді бекітудің бір жолы тілдің барлық ерекшеліктерін қарастыра отырып, орыс тілімен салғастыра зерттеп, етіс категориясының грамматикалық мағынасын терең ашып көрсету. Балаға мысалдар арқылы, ескерілуі тиіс ақпараттарды ұғындыру.

- Денгейлік тапсырмалар. Тапсырмаларды күрделендірген сайын балада ойлау, шешімін табу секілді дағдылар пайда болып, мәселені шешу жолында түрлі әдістерді іздестіре бастайды, түсінбеген тұстарын ашуға көп ықпал етеді.
- Миға шабуыл. Қарапайым әдіс болғанымен, өте тиімді. Балаға ауызша, жылдам жұмыс істеуге мүмкіндік беру – оның сөйлеуі мен дұрыс сөйлем құрастыруына жол ашады. Тілдік қорын ұлғайтады. Ескеретін жағдай: ауызша тапсырмалармен көбірек жұмыс істеу, орындау барысында қолдау көрсету, акцентті түзеуге ұмтылу, және ұялшақтықтан арылуға септігінді тигізу.
- Қазақ тіліндегі терминдер атауы өзіндік мағынасын ашып, танытып тұрады. Оқушыларға бұл ерекшелікті түсіндіру, олардың теориялық білімді тереңірек ұғынуына септігін тигізеді. Мәселен, өзгелік етіс терминіндегі өзге сөзіне назар аудару арқылы іс-әрекеттің орындалуына басқа субъектінің қатысы бар екеніне назар аудару. Сол сияқты ортақ етісте іс-әрекеттің бірнеше адамға ортақ екенін ескеру қажет.

Етіс категориясын орыс тілді топтарда оқытылуы кезінде біздіңше ескерілуі керек ерекшеліктерді қазақ сыныптарында да тиімді қолдану арқылы оқушылардың теориялық білімдерін жетілдіре түсеміз деген ойдамын.

Әдебиеттер

1. Сыздықова Г.О. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы: Оқулық. – Алматы, 2012 – 160 б.
2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Библиографиялық көрсеткіш / Құрастырғандар: Сатбекова А.А., Ерғожина Ш.Л. – Алматы: Қыздар университеті баспасы, 2014. – 84 б.
3. Никольская Т.Е., Ткаченко О.Ю., Шитькова М.М. Морфология современного русского языка: основы теории, упражнения, задания. Учебное пособие. – М: Мир науки, 2023.
4. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық / Ермекова Т.Н., Отарбекова Ж.К., Тоқтыбаева Г.Б. – Астана: Арман-ПВ баспасы, 2018. – 208 б.

МРНТИ 16.21.45

А. Оңалған

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **Г.Б. Сағанаева**, филол.ғыл.кандидаты, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Жұмыстың өзектілігі. Тіл – жанды құбылыс. Қоғамдағы өзгерістердің одан көрініс табуы заңды. Ал қазіргі уақытта қоғамның дамуына, жалпы ақпарат алмасуға, таратуға әлеуметтік желінің үлкен ықпал етіп отырғаны анық. Сол әлеуметтік желіде қолданылатын әртүрлі атаулардың қазақ тіліне әсері қандай, қолданыста бар барлық атаулар көпшілікке түсінікті ме, жасалуы жолдары қандай деген сұрақтар бүгінгі таңда өзекті те маңызды.

Жұмыстың мақсаты: әлеуметтік желінің жиі қолданылатын атауларының дефинициясын анықтау, жасалу жолдарын айқындау арқылы қазақ тіліндегі орнын бағамдау.

Кесте 1 – Атаулардың қазақша-орысша нұсқалары мен бекітілген мерзімі

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Бекітілген уақыты
1	Әлеуметтік желі	Социальная сеть	2022 жыл
2	Веб-парақша	Веб-страница	2023 жыл
3	Сайт	Сайт	2023 жыл
4	Браузер	Браузер	2021 жыл
5	Пост	Пост	2020 жыл
6	Онлайн	Онлайн	2018 жыл
7	Спам	Спам	2022 жыл
8	Аккаунт	Аккаунт	2022 жыл
9	Вирус	Вирус	2018 жыл
10	Аватар	Аватар	2018 жыл

Әлеуметтік желі қазіргі уақытта біздің қоғамның ажырамас бөлігіне айналып отыр. Әсіресе, жастар мен орта жастағы адамдардың әлеуметтік желіні белсенді қолданатыны анық. Әрине, әр тұлғаның өзіндік таңдауына қарай әлеуметтік желінің әр түрін қолдану белсенділігі де әрқилы. Бүгінгі

күні танымал әлеуметтік желі ретінде Instagram, TikTok, Facebook, Youtube, Telegram желілерін атауға болады. Осы желілердің барлығына ортақ және өзіндік ерекшеліктермен қолданылатын әлеуметтік желі терминдері қалыптасты. Мысалдар Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы әзірлеген termincom.kz сайтынан алынды.

Қазақ тіліндегі әлеуметтік желі тілі туралы зерттеулер қазақ лингвистикасында да, журналистика саласында да жүргізілуде. Онда қазіргі қоғамның айнасы іспеттес әлеуметтік желі тілінің мәселелері жан-жақты қарастырылуда. Ал қазақ тіл білімінде сөзжасам саласы жеке сала ретінде тек өткен ғасырдың соңында танылғаны белгілі. Бұрын морфологиямен бірлікте қарастырылып келген сөзжасамның теориялық базасы жаңа қырынан зерттелді. 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монография қазақ тілі сөзжасамының жүйесі, сөзжасамдық талдау, сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасамдық мағына, жеке сөз таптарының жасалу жолдары т.б. негізгі мәселелерді қамтыды [1]. Сөзжасам жоғары оқу орындарында жеке пән ретінде оқытыла бастады. Осы орайда қазақ тіл білімінде сөзжасам жүйесі, сөзжасамдық ұя т.б. өзекті мәселелер Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева, А.Қалыбаева, А.Салқынбай, Б.Қасым, К.Құрманәлиев, Ж.Балтабаева, Қ.Мұхамеди, Н.Қоқышева, О.Тоққожаева т.б. ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Терминжасам мәселесі қашанда сөзжасаммен бірлікте қарастырылатыны белгілі. Ғалымдардың көрсетуінше, терминжасамның төрт тәсілі бар:

- 1) Семантикалық немесе мәністік тәсіл;
- 2) Сөзжасам амалдары;
- 3) Калькалау;
- 4) Өзге тілдерден дайын термин алу [2,131-132].

Бұл тәсілдердің кейбірі іштей бірнеше жікке бөлінеді. Мысалы, сөзжасам амалдары:

- а) морфологиялық немесе синтетикалық тәсіл;
- ә) синтаксистік немесе аналитикалық тәсіл;
- б) аббревиациялау тәсілі.

Аталған тәсілдердің ішінде әлеуметтік желі атауларының жасалуындағы негізгі рөл өзге тілден дайын термин алу тәсілінде екені анық. Мысал ретінде қазақ тілді контенттерде жиі қолданылатын шет тілдік *аватар, админ, бан, бот, блог, игнор, код, контент, коммент, лайк, логин, мейл, офлайн, онлайн, платформа, репост, сайт, скриншот, селфи, смс, спам, сторис, стикер, чат, шифр, хэштег, фейк* т.б. атауларды атауға болады.

Семантикалық немесе мәністік тәсіл дегеніміз тілімізде бұрыннан бар, бірақ арнаулы лексикада қолданысқа енген сөздерге, мәселен, жалпыхалықтық лексика, диалект сөздер, көне сөздерге т.б. терминдік мән жүктеу. Бұл тәсіл қазіргі уақытта терминологияда ең бір өнімді тәсіл ретінде танылып жүр, өйткені мағынасы түсінікті сөзге терминдік мән жүктелгенмен, ол өзінің негізгі өзегінен алшақтамайды, солайша ұғынықты қалпын сақтайды. Мысал ретінде *сілтеме, парақша, әзірлеу, жою, желі, жүктеу, бөлісу, тарату, белгілеу* т.б. атауларын алуға болады.

Калька тәсілінің терминжасамдағы орны мен рөлі туралы көптеген ғалымдар (Ә. Қайдар, Ө. Айтбай, Ш. Құрманбайұлы, Б. Момынова, А. Алдашева, К. Молдабеков, Қ. Әлісжанов, А. Исанова т.б.) еңбектерінде көрсетіліп жүр. Бұл тәсілдің өнімділігі уақыт өткен сайын арта түсуде. Оның басты белгісі «басқа тілдегі үлгілерді айнытпай ана тіліне көшіру не сөзбе-сөз аудару болып табылады. Аударылған кальканың бастапқы тілдегі мағыналық бөлшектері, оның компоненттері екінші тілде түгел сақталуға тиісті» [2, 190].

Ғалым Ө. Айтбай терминологиялық кальканың екі түрі болатынын атап көрсетеді: мағыналық және мағыналық құрылымды беру. Бірінші жағдайда терминнің сол тілдегі мағынасы алынса, екінші түрінде негіз тілдегі термин дәлме-дәл аударылып қана қоймай, оның құрылымы да көшіріліп алынады. Зерттеушілер аталмыш тәсілді байыппен, ұлттық тілді негізге ала отырып қолдану керектігін, әйтпесе, жасандылыққа ұрынатынымызды да ескерткен болатын.

Басқа тілдерден орыс тілі арқылы немесе орыс тілінің өзінен сөз аудару басқа тілдердегі сөздердің дәлме-дәл – баламасын бере алу тетігіне деген көзқарас, іс-тәжірибе үлгілері тіліміздің барлығында бірнеше кезеңдерді басынан өткізгені аян. Қазіргі кезде аударма тәсілі – сөздің екінші тілге аударылғанда дәл баламасын табу деген түсінікпен қатар, «дәл баламасын табу емес» деген де пікір бар. Сонымен бірге бір тілдегі көп құрамды терминдердің екінші тілде де сол құрамдары мен мағыналарын сақтай отырып, сөзбе-сөз аударылуы тиіс деген ұсыныс, пікірлер де орын алған.

Аударма тәсілінің терминдерді аударуда қазіргі уақытта өте белсенді қызмет атқарып отырғанын ескерсек, әлеуметтік желі атауларының жасауда аударма тәсілінің рөлі зор. Термин жасаудағы аударма тәсілі деп – өзімізге белгілі бір сөздің екінші тілдегі баламасын табу емес, бір тілдегі сөздердің екінші тілге сол құрамдарын және мағыналарын сақтап аударылуын айтып отырмыз.

Калькалау тәсілі әлеуметтік желі атауларына қатысты өте белсенді, әсіресе, жартылай гибрид тәсілімен жасалған атаулардың көп екенін байқауға болады. Мысалы: гиперсілтеме, гипермәтін т.б.

Аналитикалық немесе синтаксистік тәсіл де қазақ терминжасамында ең бір өнімді тәсілдердің бірі болып есептеледі. Оның жаңа сөз жасайтын бірнеше жолы бар. Олар: 1) сөзқосым; 2) қосарлау; 3) тіркестіру; 4) қысқарту [3, 205]. Әлеуметтік желі атауларының жасалуына бұл тәсілдің калькалау тәсілімен үндес екені анық. Мысалы: *іздеу жүйесі, электрондық пошта, виртуалды жүйе, веб-парақша, вебдизайн* т.б.

Морфологиялық немесе синтетикалық тәсіл үшін қазақ сөзжасамына тән сөзжасамдық типтің «түбір+жұрнақ» үлгісі әлеуметтік желі атауларының жасалуына да қатысты. Морфологиялық тәсіл байырғы лексикаға да, кірме сөздерге де қатысты болып келеді. Бұл тәсілдің ерекшелігі түбірге сөз тудырушы жұрнақты жалғау арқылы көрініс табатыны белгілі. Мысалы: *жүктеуіш, құрылғы, сүзгі, батырма, әкімші, ағын* т.б. Сонымен бірге бұл тәсілдің де калькалаумен тығыз байланыста екені айқын. Мысал ретінде *тегтеу, таргеттеу* сияқты атауларды алуға болады. Бұл жерде шет телдік сөзге қазақ тілінің сөзжасам жұрнағы жалғанып, сөз мағынасының ашылуына өз септігін тигізіп тұрғаны анық.

Белгілі ғалым Ө. Айтбайұлының: «Қазақ тілінде термин жасаудың барлық тәсілдері негізінен аудармаға байланысты туған» [2, 133 б.] деген пікірі аталмыш салаға тікелей қатысты екенін аңғарамыз.

Әдебиеттер

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
2. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис / Ред. басқар. Ө. Айтбаев. – Астана: Білім, 2002. – 784 б.

МРНТИ: 19.41.41

Сейілханова М.С.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Ғылыми жетекші: **Кенесбаева Ш.С.**, ф.ғ.к. аға оқытушы

СТОРИТЕЛЛИНГ – МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ТЕХНОЛОГИЯ

Екі мың жылдан артық уақыт шарқ ұрып ілгері дамыған адам ойы ХХІ ғасырда тарихи шарықтау биігіне шығып, жаңа технологиялық ақпараттық кеңістікті құрды. Адамның сана-сезімі, қабілеті оның еңбегінің жемісі. Адамның дамып жетілген эстетикалық сезімінің айқын көрінісі бүгінде жаңа технологияларды ойлап табуымен, оны өндіріске енгізуімен өлшенеді. Тіпті, әдебиетіміз бен мәдениетіміз де интернетке бейімделіп, аудио-кітаптарға, түрлі видео ақпараттарға айналууда. Рухани дүниелеріміздің мультимедиаланып жетуін эстетикалық әсемдікке ұмтылу деп білеміз.

Сторителлинг – мультимедиалық журналистиканың эстетикалық мәнін арттыратын технология. Ол ағылшын тілінен аударғанда «story – тарих, to tell – айту» дегенді білдіреді. Америкалық ұлттық желі сторителлингке: «сөзді интербелсенді қолдану өнері, оқиғаны, болып жатқан іс-әрекетті анықтау және оқырманның қиялын ояту үшін түрлі оқиға кескіндемелері» деп анықтама береді. Сторителлингтің негізгі артықшылықтары мен ерекшеліктері:

Біріншіден, сторителлинг – мықты заманауи технология. Көптеген адамдарды қызықтыратын, ауыз толтырып айтарлықтай елітетін оқиға. Тиісінше, ұтымды ой бірден жинақталып, аудиторияны өзіне тартады.

Екіншіден, сторителлинг – тамыры терең технологиялардың бірі. Адам бала күнінен оқиғаны тыңдаушы ретінде қабылдап, оны жетілдіреді. Ақпаратты таратудың әдісі мыңдаған жылдардың көрінісі. Ақпаратты қабылдау – әрбір адамның бойындағы тума қасиет.

Үшіншіден, сторителлинг – тегін технология. Себебі, бұл құрал – бағдарламаны құру үшін ешқандай инвестиция қажет етпейді, қызметі қымбат мамандарды тартуды да көздемейді. Сондай-ақ, табыс табуға келсек, сторителлинг маман жұмысын ақтайды. Яғни, салынған қаржы көзін еселеп өндіруге мүмкіндік бар.

Төртіншіден, сторителлинг – ойын-сауықтық технология. Құрғақ сөздер мен қызықсыз мәтіндер адамдарды емес, қандай да бір заттарды сипаттайды. Әлбетте, оқырман ақпаратты қабылдап қана қоймай, оның сапасы мен мазмұнына баға беретіндіктен, тізілген сандар мен мардымсыз дүниелер қызықтыра алмайды. Оларға көзартарлық, жанды дүние ұсыну қажет [1, Б. 64-65].

Ал әңгіменің тиімділігіне қойылатын критерийлар төмендегідей:

– идея мен ой ұшқырлығы: сторителлингтің ең басты талабы. Автор негізгі ойды жеткізе отырып, аталған идеяны әртүрлі қырынан оқырманға көрсету білу керек. Осы кезде аудитория оқиғаның не туралы болғанын айқын ажыратып, түсіне алады;

– басты кейіпкердің болуы. Кейіпкер – оқиғаның негізгі қозғаушы күші. Оның өзіндік мінезі мен болмысы бар. Сонымен қатар, ақпарат оқырманға біртұтас және сауатты жетуі маңызды. Ал кейіпкердің іс-әрекетін толық түсіну үшін оқырман контекстпен танысады. Негізгі кейіпкер қандай да бір іс-қимылдар істеп, мәселелерді шешуі қажет. Түбінде жасаған игі ісі үшін марапат пен мадаққа ие болады. Яғни, оқиғада нақты қимыл-әрекеттің болуы шарт. Онсыз сторителлинг – мәнсіз;

– әңгіме – қиял-ғажайып емес, нақты, күнделікті өмірдегі, шынайы оқиғаға негізделуі керек. Сондағы ұқсастықтар мен байланыстар арқылы оқырман өзіндегі мәселені байқап, соған байланысты дұрыс немесе бұрыс шешім қабылдай алады;

– оқиға әу баста жоспар бойынша негізделген, сол құрылым сақталуы қажет: сюжет, байланыстыру, сипаттау, шарықтау шегі және қорытындылау.

Сторителлинг технологиясын әртүрлі салада қолдануға болады. Қазақстандық сайттардың ішінде қай сайт сторителлинг әдісін қолданатынын зерттеп көргенде *massaget.com*, *szh.kz* сияқты жастардың танымдық сайттары қолданып жүргенін байқадық [2, Б. 44-46].

«Қазақ хандарын білесіз бе?», «Сіз оқуға тиіс 10 кітап», «Қазақ киносының үздіктерін таңдаңыз» т.б. осындай материалдар адамның рухани санасын дамытып, танымын арттырады. Қазақ тілінде рухани құндылықтарды насихаттап, ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғыртып жүрген «Адырна»

сайтын да ерекше атап өтуге болады. Осындай сайттар мультимедиалық технологиялар мүмкіндіктерін меңгеріп, эстетикалық құндылықтарды аудиторияға ұсынса, мүмкіндіктері артар еді.

Бүгінгі медиада эстетикалық тәрбие беріп отырған бірнеше сайттар бар. Олар: *Adebiportal.kz*, *Ruh.kz*, *Kitap.kz*. Оқырманға эстетикалық тәрбие беру халықтың көркемдік талғамы мен мәдениетін көтеруде игі іс болса, соншалықты қиын да күрделі міндет. Оның орындалуы, оқырман көңілінен шығуы бір күннің немесе бір жылдың жұмысы емес. Ал аудио-кітаптардың техникалық жағынан сапалы, нәтижелі болуы тікелей дауыс ырғағына, тіл тазалығына, сауатты сөйлеу дәрежесінің жоғары болуына байланысты оқырман назарын аудартады. Өз аудиториясын жинай алады.

Халықтық рухани құндылықтарды, көркем әдебиет пен құнды жәдігерлерді ұсынып отырған сайттардың бүгінгі жай-күйін анықтау мақсатында *Adebiportal.kz* порталына контент талдаулар жүргіздік.

«Кітаптар» бөлімінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде 2220 кітаптың электронды нұсқасы жүктелген. «Әдеби үдеріс» бөлімінде түрлі жанрдағы 2030 мақала жарияланған. Қаралым сандары әртүрлі, 300-3000 қаралымдарға дейін жетеді. Айтыс, аңыз, әнгіме, зерттеу, сұхбат, очерк, драма, поэзия, проза жанрларындағы шығармалар жарияланып отыр. Видеолардың басым көпшілігі дайын видео өнімдер. Мысалы, «Qazaqstan» телеарнасындағы «Дара жол» бағдарламасына шыққан жазушы, ақын, әдебиетшілер туралы бағдарламаларды көруге болады. Сонымен қатар, республикалық ақындар мүшәйрасының, Алаш зиялыларының мерейтойлық шараларының видеолары жинақталған. Ал аудио материалдар өте сапалы жазылған. Бірақ подкастар әлі де аз, дамытуды қажет етіп отыр. Эстетикалық маңызды мәліметтер бүгінгі жас ұрпақ санасына рухани құндылық болып қалыптасары сөзсіз. Бұлар бүгінде оның идеологиялық салдарымен бірге БАҚ-тың ғаламдық моделінің аясында түсіндірілуі тиіс [3, Б. 125-124].

Менің ойымша, сторителлинг әдістерін көпшілік алдында сөйлеу мен презентацияда ғана емес, жазбаша түрде де қолдануға болады. Блогерлер күнделікті өз жазбаларында өмірден алынған оқиғаларын жариялап, сторителлинг дағдыларын белсенді түрде қолданады. Мұндай оқиғалардың мысалдарын Instagram және басқа да әлеуметтік желілердегі жарияланымдардан байқауға болады. Блогерлер өз парақшаларында қуанышты және қайғылы оқиғаларымен бөлісу арқылы оқырмандарын қызықтырады. Әнгіме неғұрлым жеке болса, соғұрлым ол аудиторияның қызығушылығы мен белсенділігін арттырады. Бұл жағдайда дұрыс қолданылған сторителлинг посттың мағынасын нақтырақ жеткізуге, маңызды ойды дәлелдеуге, оған анықтық қосуға, тіпті адамдарды шабыттандыруға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, интернет БАҚ саласында әлемдік тәжірибеде сторителлинг формасы қолданысқа ие. Сторителлинг – мультимедиалық журналистиканың эстетикалық мәнін арттыратын технология екенін жоғарыда айттым. Бүгінгі таңда кәсіби ортада сторителлинг арқылы оқиғаны, тарихты баяндау – күнделікті тіршілік пен мәдениетте, оның ішінде публицистика мен журналистикада айтарлықтай маңызды орынға ие.

Әдебиеттер

1. Алимжанова А.Б. Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар: генезис, ерекшелік, эстетикалық қағидаттар. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 130 б.
2. Ахметова Л., Шорохов Д., Ниязгулова А. Медиалық және ақпараттық сауаттылық. – Алматы: ЮНЕСКО Алматыдағы бюросы, 2015. – 152 б.
3. Султанбаева Г.С., Велитченко С.Н., Ложникова О.П. Интеллектуалдық капитал – білім қоғамы дамуының негізі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 201 б.

МРНТИ: 19.41.41

М.Д. Кажымуканова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Кенесбаева Ш.С.**, ф.ғ.к. аға оқытушы

КИБЕР ӘДЕБИЕТТІҢ ИНТЕРМЕДИАЛЫҚ ҚЫРЫ

Кибер әдебиет бұл қазіргі заманның жаңа ағымы. Кибер әдебиеттің негізгі түсініктемесі ретінде бастапқы кибер «cyber» сөзі кибернетика сөзінен шыққан префикс. Кибер дегеніміз бұл озық технологияның шоғырлануы арқылы құрылу. Негізгі көздері интернет, компьютер, жасанды интеллект секілді жаңа заман құрылғылары болып табылады. Осы ұғымның аясында бұрын-соңды болмаған жаңа түсініктер қалыптасуда.

Кибер ұғымы кез келген ғылым саласына жаңа дем бере алады. Соның бір айқын көрінісі ретінде кибер әдебиетті байқай аламыз. Бұл кибер мәдениеттің жаңа құрамдас бөлігі. Әдебиеттану

ғылымының жаңа үдерісі кибер әдебиет ғылымға жаңаша көзқарас алып келді. Киберәдебиет академиялық дискурс ретінде 1980 жылдардан бастап қалыптаса бастады деген пікірді алға тартқан зерттеуші В.Пирет киберәдебиеттің толық анықтамасы цифрлы әдебиет тұжырымдамасынан келіп шығатынын айтады.

«Әдебиет компьютерде дүниге келіп, компьютердің көмегі арқылы ұсынылады (WWW, CD немесе компьютердің қатты дискісімен)» [1]. Зерттеуші пікірінен, цифрлы (электронды) әдебиет пен баспа әдебиеті бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар екенін және интернет пен сандық құрылғылардың ықпалына ұшыраған әдебиеттен «кибермәтін», «әдеби машина», «электронды әдебиет», «интернет әдебиет», «желілік әдебиет» деген көздеген мақсаты бір атаулардың көбіне бір-біріне параллель келетіні жайлы айтып кеткенін болжадық. Сондықтан, цифрлы әдебиет жастар арасында қолданысқа еніп өркендеген шағында компьютер, смартфон сынды сандық құрылғылар арқылы оқылып, танылатын әдебиет жанры деген түсінік қалыптасты.

Қазақ әдебиетінің теориясы еуропа халықтарының, сондай-ақ Ресей үлгісінде жасалып келеді. Бұл дау тудыратын жайт емес. Ғылым бір орында тұрмайтындықтан, біз өзіміздің байырғы атадан қалған әдеби үлгімізді қалыптастыруымыз үшін, қазіргі заманның жаңа технологиясына жүгінудіміз қажет.

Бәріне белгілі, ұлттық әдебиеттіміз жеке дара дами алмайды, ол әлемдік әдебиет деген үлкен үдерістің бір бөлшегі. Яғни әлемдік тенденциялармен, қазақ әдебиетіндегі құбылыстарды қабыстыра отырып салыстыру-зерттеу керек. Ежелгі ескі тақырыптың айналасын қазбалай беретін болсақ, даму үдерісіміз өзге елдерге қарағанда әлдеқайда төмен дәрежеде болатыны өтірік емес. Ғылым саласында өзара бір-бірімен үздіксіз тәжірибе алмасу, бәсекелестік жүруі керек, әйтпесе басқа ғылымдардың жетістіктерін, озық әдістемелерді алмаса, ол ғылымдардың арасындағы шекара солғындап, құрдымға ұшырауы ғажап емес.

Сондықтан, қазіргі заманауи әдебиет өкілдері шетелдік тәжірибемен де сусындауы қажет. Бұрын бізде әдеби шығарманы талдаған кезде оның мазмұны мен пішініне, әдебиеттегі бейнелеу (образдылығына) болмаса, көркем шығарма тіліне баса назар аударатын едік. Ал қазір, мәтіннің өзін ғана алмай оның кешеніне, сюжеті мен композициясына, оқырман категориясына рөлді бұру қажет. Осындай мәселерді шешу жолында қазірде тыңғылықты жұмыс жасалмағандықтан, кейбір маңызды деп табылатын туындылар әлі де оқылмай қалып жатыр. Сол үшін де кибер әдебиетті әдеби нарыққа шығару қажет. Адамдардың күнделікті өмірі смартфонға, ғаламторға байлаулы болғандықтан қарапайым жұртшылыққа қолжетімді болу үшін әдебиет кеңістігін әртүрлі әлеуметтік желіде де, электронды нұсқаларда да қолайлы түрде ұсына білу керек [2].

Бүгінде жастардың арасында ұсылынып келе жатқан электронды әдебиет немесе киберәдебиеттік жанрға сәйкес келетін көптеген қосымшалар, сайттар бар. Нақтылап айта кетсек электронды кітапханалар қоры. Электронды кітапханалар кез келген оқырманға қолайлы интернет-портал болып табылады.

2007 жылдан бастап Қазақстандық Электронды Кітапхана жобасын жүзеге асыру қолға алынған. Аталған электронды кітапхана «2007-2009 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы ақпараттық теңсіздікті төмендету мемлекеттік бағдарламасы» аясында құрылған. Порталда ұсынылған ақпаратқа сәйкес, әлемнің жүзден астам елінің 124 500 оқырманы электронды кітапхана ресурсын пайдаланған.

Жалпы статистикалық негізге сәйкес бүгінде Қазақстандық Ұлттық Электронды Кітапхана қорындағы электронды ресурс 42576 көрсеткішін құраған еді. «Көркем әдебиет» айдары бойынша порталға қойылған көшірме кітаптар саны – 5712. Жоғарыда аталған интернет кеңістіктегі цифрлы кітаптар оқырманға Portable Document Format (PDF), JPG немесе TIFF сынды ыңғайлы форматтарда сақталған.

Қазақстандық киберәдебиет тобының қоржыны 2013 жылы құрылған «Әдебиет порталы» веб-порталмен толысты. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қызмет көрсететін веб-порталға күніне 2000-2500 оқырман кіріп, түрлі кітаптармен, әдеби мақалалармен танысады. Оның ішінде электронды кітаптарды оқитындардың үлесі, шамамен 25-30 пайызды құрап отырғандығын портал қызметкерлері алға тартады. Порталға мемлекеттік тапсырыспен жарияланған кітаптар ғана қойылады. Яғни, арнайы автордың немесе баспаның рұқсаты қажет емес. Осы порталды күнделікті қарап отырсақ, жаңа кітаптар топтамасы іздемей-ақ көз алдымызда тұр. Кітаптар топтамасының инфографикасы айқын, аудиосын тыңдаймын десек те мол мүмкіндік жасалған [3].

Egemen.kz, qazaqadebieti.kz, zhasalash.kz/ сайттарынан тек қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқып қана қоймай, өзге тілден аударылған жауһарлармен де танысуымызға шек жоқ. Оқимын-білемін деген оқырманға визуализация нұсқасы аудио-видео түрлері де жетерлік. Мысалы, қазақ журналистикасының тарихын зерделесек, Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынұлының

мақалаларымен, сол мақалаларындағы көтерілген қазақ баласының жай-күйін аудио-видео жазбаларды көру арқылы көкейге түюге болады. Бұл бір-ақ мысал.

Айталық, Шерхан Мұртазаның, Әбіш Кекілбайдың, Оралхан Бөкейдің, Өзілхан Нұршайықовтың шығармашылық зертханасын шолғымыз келсе толыққанды кітапхана көз алдымызда тұнып тұр.

Интернет кеңістікте одан бөлек, «Facebook», «Instagram», «Telegram» сияқты қаралымы көп әлеуметтік желілерде де көптеген электронды кітаптарды ұсынатын, көркем-әдебиетті насихаттап жастарды әдебиетке баулитын арналар мен каналдар жұмыс жасауда.

Ал «YouTube» платформасында әлемдік, қазақстандық кітаптардың мазмұнына сай түсірілген деректі фильмдер, әдеби талдау жасайтын қысқа роликтер жастардың назарын аудартуда. Кітап оқуға құлқы жоқ жастардың қызығушылын арттыруға таптырмас құрал және балаларды кітап оқуға тартудағы жанашыл үндеу.

Киберәдебиеттің қазіргі таңда өте қажет болған, авторлардың арасында танылған өзгеше бір қыры бұл, біреудің шығармасында, біреудің сөзі телініп кетпеу үшін осы жаңа технологияларды қолдана білуінде. «Антиплагиат» ұғымы қазақшаға салсақ, авторлық құқықтық құндылығын ұстану немесе мәтінді қайта онлайн түрде тексеру деп қарастырсақ болады [4].

Бірақ келешекте көркем шығармаларымыздың құндылығын жоғалтып алмас үшін кибер әдебиет аясында ұсынылып жатқан шығармалардың тіліне баса назар аударып, сүзгіден өткізіп алған жөн. Себебі, әркімнің өз оқырманы бар екен деп былапыт, анайы сөздер мен сюжеттерге толы шығармаларды әдебиеттік туынды деп қарастырып ұсына беру де әдеби шығарма көркемдігінің ұсақталып кетуіне әкеледі. Сол үшін де қазіргі ғылыми жетістіктерді әдебиетпен ұштастыру, оған өзгеше көзқарас туғызуды жай ғана замана талап етіп отырған белгілі бір мүмкіндік деп қарастырып қойған абзалырақ.

Ал біздің пікір мынаған саяды. Аталмыш кибер әдебиет те, жасанды интеллекті де адамның шығармашылық қиялы мен фантазиясын, оның ұтқыр ойы мен тапқырлығын, көсіле сөйлеп пікір білдірулерін айырбастайтындай қайталанбас дүние емес, бұл тек қана қазіргі заман талабының есебінде қаралады.

Әдебиеттер

1. Кибер әдебиет // Aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34034. – 2020, 10 қыркүйек.
2. Ахметова А. Отандық цифрлы әдебиет және көркем туындылардың цифрлары үдерісі // Туған тіл. – №1 (42). – 2020.
3. Кибер әдебиет // qazradio.fm/kz/news/13964/. – 2019, 18 ақпан.
4. Akhmetova A. Kazak Edebiyatının Dijitallesme Sureci. Eurasian Research institute // <https://www.eurasian-research>.

МРНТИ: 19.41.41

Қуатқызы Е.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Кеңесбаева Ш.С.**, ф.ғ.к. аға оқытушы

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ЗАМАНАУИ ЖУРНАЛИСТИКАҒА ӘСЕРІ

Бүгінде әлеуметтік пен цифрлы медианың, жаңа ғылыми технологиялардың журналистика платформасына елеулі өзгерістер әкеліп, жанашылдық тудырғаны жасырын емес. Қазір БАҚ-тағы дәстүрлі ақпарат тарату үлгісіне де көптеген өзгеріс енді. Әлеуметтік желідегі сан мыңдаған парақшалар, блогерлер, одан бөлек сайттар арқылы ақпарат жылдам әрі жедел жетеді. Тұтынушыларға ақпарат әртүрлі каналдардан келеді, олардың саны есепсіз. Дегенмен, бұндай ашықтық келтірілген дәйектерді дәлелімен ұсынатын, нақты фактілермен сөйлейтін сенімді дереккөздерді іздеуге алып келеді. Журналистердің еңбегі осы тұста көрінеді. Бүгінде телеарналар тек көк жәшіктегі көрерменге қызмет етіп қоймайды. Барлық телеарна мен газет-журнал, радионың сайттары, әлеуметтік желілерде ресми парақшалары жұмыс істеп тұр. Digital marketing бойынша бүкіл мүмкіндіктерді қарастыруда.

Журналистердің күнделікті жаңалықтар жариялап, ақпарат беріп, репортаж таратуына және бөлісуіне ғаламтор көп мүмкіндік берді. Осы тенденцияның дамуы арқылы төртінші билік өкілдері әмбебап журналистке айналуға. Қазір әлемде журналистер мен аудитория арасын Facebook, Twitter және Instagram секілді қосымшалар байланыстыруда [1].

Ал елімізде бұл тізімге Tik Tok желісі қосылады. Сонымен қатар, Telegram желісі де қарқынды өсіп, белсенді желілердің біріне айналды.

Түркістан облысында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев масс-медиа-ның дамуына ерекше көңіл бөлу керектігін тілге тиек етті. «Ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, креативті индустрияны дамыту. Масс-медиа – елімізді жаңғырту ісіне ерекше ықпал ететін сала. Сондай-ақ, билік пен қоғам арасындағы пәрменді байланыс құралы. Қазір батыс елдерінде «анти-инфлюенсер» деген қозғалыс бірте-бірте қалыптасып жатыр. Бұл қозғалыс интернет басылымдар арқылы азаматтарға, жастарға тарайтын барлық ақпаратқа, деректерге, әсіресе, жалған мағлұматтарға, яғни, fake news-қа зор күмәнмен қарайды, яғни адамдардың санасын жаулап жатқан, тіпті, оларға имандай сенуге болатын идеология секілді құбылыстарды жоққа шығарады. Біздің елімізде де жалған ақпарат тарататын басылым-сымақтар бар. Бұл – құпия емес. Олардың артында нақты қалталы адамдар, тіпті, ықпалды елдер бар. Ал, жаңа қозғалыстың негізгі мақсаты – дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу, ең алдымен, бұл әдебиеттегі, сондай-ақ ақпарат саласындағы дәстүрді сақтау. Сондықтан, біз де әлемде болып жатқан осы жаңа үрдіске назар аударғанымыз жөн. Бұл үрдістер бүгінде түрлі ақпаратпен идеологиялық тұрғыдан уланып жатқан қоғамды сауықтыратын күшке айналуы әбден мүмкін» [2], – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Facebook бұл өзгерістерге әуелден дайын болды. Сол себептен де медиалармен өзара серіктестік құра бастады. Әлемдік БАҚ-тар да әлдеқашан әлеуметтік желінің күшін мойындап қойған. Онлайн платформаларда жұмыс істеуге әуелден мүдделі. Әлеуметтік желілер арқылы медиалар статистика да шығара алады. Қаралым санын көбейтіп, аудиториясын үлкейтеді.

Елімізде қарқын алған журналистиканың платформасы – Instagram әлеуметтік желісі. 2010 жылы қолданысқа берілген бұл платформаның қолданушылары 2018 жылы 1 миллиардқа жетті. 2016 жылы инстаграмда «Сториз инстаграм», 2017 жылы «Тікелей эфир» пайда болды.

Ал 2018 жылы бір сағаттық видеоларды IGTV-ге сақтау және қарау мүмкіндігі берілді. Ал соңғы жылдары әлеуметтік желі жаңа деңгейге көтеріліп, одан әрі даму үстінде. Бүгінде бұл желіде барлық БАҚ-тың ресми парақшасы жұмыс істеп тұр. Олар белгіленген жиілікте материалдар жариялап, оқиғалармен бөлісіп отырады, тікелей эфирге шығады.

Қазіргі таңда еліміздегі ірі арналардың бірі Qazaqstan ұлттық арнасының ресми парақшасында 730000, «Хабар» телеарнасының парақшасында 552000, «КТК» телеарнасында 473000, «Tengrinews» сайтының парақшасында 2,2 миллион оқырман бар. Инстаграм әлеуметтік желісінде сайттарға сілтеме де салынады, осылайша материалдарға қаралым көп жиналып, ақпараттандыру жылдамырақ жүріп отырады. Дәстүрлі журналистика өкілдері цифрлық мүмкіншіліктерді пайдаланып, аудиториясымен жаңаша тәсілмен байланыс жасау керектігін алға тартты. Аудиториямен кері байланыс жасау – жаңа деңгейге көтерілуіне, сұранысқа сай қызмет етуге, нақты талқылаулар жасап, медианың аудитория назарын өзінде салып қалуына жағдай жасайды. БАҚ-тағы жұмысынан бөлек, журналистер әлеуметтік желі парақшаларында да белсенді.

Жұмысындағы еңбегі таралатын аудиториямен қоса әлеуметтік желідегі оқырмандарымен де тығыз байланыста. Тынымсыз еңбек етіп, қарапайым халықты нақты ақпаратпен қамтып келеді. Елде төтенше жағдай режимі енгізілген кезде сауатты журналистердің әлеуметтік желілерде халыққа түрлі түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жедел ақпарат таратып отырғаны көзге түсті. Телеарналар мен баспасөз арқылы өз міндеттерін атқарып, жылдам материал дайындап отырды. Ал әлеуметтік желіде аудиториямен байланыс жасап, кері байланысқа шығып, ақпарат сінімділігіне атсалысты. Қазақстандық көптеген журналистердің парақшаларында оқырман көп. Қазақстанда әлеуметтік желілердің ішіндегі ең танымалы – Instagram желісі. Осы желіде ең көп жазылушысы бар журналист – Ләйлә Сұлтанқызы. Оның 3,4 млн.жазылушысы бар. Журналистің негізгі контенті пайдалы ақпараттар, талдаулар мен танымдық ақпараттарынан тұрады [3, Б. 11-112].

Динара Сәтжанның Instagram желісінде 1,7 млн оқырманы бар. Ол парақшасында әр саланың өкілдерімен тікелей эфирлер өткізіп, видео-контент жасап отырады. Қоғамдағы оқиғаларға пікірі мен көзқарастарын жариялап тұрады. Кейінгі сатыларда миллионнан төмен оқырман бар журналистер тұрады. Заманауи платформалар журналистикада маңызды рөлге айналды. Бүгінде олар журналистиканың тіршілігіне сіңісіп те үлгерді. Заман өз ағымына ілесіп, жаңа қабілеттерді меңгеріп, дамып отырды талап етеді.

Заманауи медианың тағы бір жаңалығы – GPT CHAT жасанды зияты шықты. «Ақысын» төлеп, бес-ақ минутта белгілі бір тақырып бойынша кішігірім мақала жазып береді. Алгоритімі де қарапайым. Жазу керек мақаланың тақырыбын теріп бересіз. Тақырыпқа сай интернетте бар ақпаратты құрап ұсына қояды [4]. The Guardian-ның ресми ақпаратына сүйенсек, ChatGPT аудиториясы 2023 жылдың ақпанында 100 миллион адамды қамтыды. ChatGPT іске қосылғаннан бес күннен соң 1 миллион адам, ал іске қосылғаннан кейінгі бірінші айда чат-ботты 57 миллион адам пайдаланған. Қазір жас

журналистер көп. GPT СНАТ жасанды зиятымен қатар ДипФейк тележурналистермен таласа бастады. АҚШ-та Дипфейкті саясаткерлерге көп қолданады. Нағыз медиақару деуге болады. Мысалы, АҚШ тың экс-президенті Дональд Трамптың түр-әлпетін қиып алып, ірі денелі қызыл галстук таққан біреудің бетіне монтажбен қоя салып, «ойыңа» келген әңгімені айтқыза аласың. Яғни адамның келбетін қиып алып, кез келген денеге қою арқылы «пропаганда» құралына айналдыруға болады. Тележурналистерге де қауіпі зор. Қазақтың «Айтпағанды айтқызды» дейтіні енді болады. Енді үшінші әрі соңғы мәселені де жазу керек. Ол – «робот». GPT СНАТ жасанды зияты мен дипфейк бар жерде робот та болады. Кейінгі уақытта роботты қызмет көрсету саласынан бастап телевизияға да әкелді. Робот тілші кез келген уақытта жұмсаған жерге барады. Керек материалды айтқан ракурста түсіріп, автоматты түрде жасанды зият арқылы жолда монтаждап береді. Абайдағы орман өртінде робот журналист барып репортаж жасағанда өртенген орманның ішін көретін едік. Себебі жанбайды, суға салсаң батпайды. Дейтұрғанмен, әлгі пақырыңыз кешегі қазақ журналистикасының қайталанбас тұлғасы, публицист Шерхан Мұртаза секілді ақиқатты шындықтан айырып айта алады ма екен? Бейсен Құранбек секілді «Арма ағайын» деп ақтарыла сөйлеп, айтқысы келген бір ауыз сөзбен мыңдаған көрерменнің жүрегіне жеткізе алады ма? Сауық Жақанова секілді дауысы қазақ радиосының алтын қорына сақталады ма екен? Әрине, адам орнын белгілі көлемде ауыстырғанымен, түбегейлі өзгерте алмасы сөзсіз [5].

Қазақ журналистикасы да цифрлы технологияла кезеңіне бейімделіп, дайындықтардан өтіп, жаңа медианың ағымына ілесті. Бүгінде заманауи платформаларда белсенді жұмыс істеп, дамып келеді. Бұрын «елу жылда ел жаңа» дейтін болса, қазір толыққанды жанарып, өзгеше сипат алуға бес жыл да жетіп жатыр. Сондықтан, әмбебап мамандық иелері жаңашылдыққа тез бейімделіп алып, сұранысты қанағаттандырып келеді. Заманауи жаңа платформалар журналистердің жұмысын жеңілдетіп, өзгеше форматталғастыруына мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

1. Шамахайұлы Қ. Жаңа медианың дамуы қарқынды // Заң. – 2014, 27 маусым.
2. Qazaqstan tarıhy порталы
3. Фредерик Е. Журналистика саласы бойынша білім беруде әлеуметтік желілерді пайдалану. Қазіргі кездегі журналистік білім беру: Инновациялар, жаңа технологиялар: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Асыл кітап, 2013. – 168 б.
4. Айтжанбай Г. Жаңа медианың ықпалы артып келеді // Айқын. – 2013, 20 қыркүйек.
5. Тәшімова Ә. Жаңа медиа мен дәстүрлі БАҚ: өзара кірігуінің конвергенциясы мәселелері / Ә. Тәшімова // ҚазҰУ хабаршысы. – 2017. – №2. – Б. 45-49.

ҒТАХР: 68.35

Нартова К.К

«Семей қаласының Шәкәрім университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Жумагулова А. М.**, ф.ғ.қ аға оқытушы

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕДИАӨНІМДЕР ҚОЛДАНЫСЫ

Балалар мен жасөспірімдердің компьютерлік ойындарға әуестігі, тіпті тәуелділігі деп айтуға болады, кешелі-бүгін басталған үрдіс емес. «Баланың ойынында тұрған не бар?» деуіңіз ықтимал. Алайда «өрімдей жастардың бойында жолындағыны жайпап өтетін агрессия қайдан пайда болды?» деген сауалдың бір ұштығы осыған барып тіреледі [1].

Жаңалықтар мен әлеуметтік желіде жасөспірімдердің, тіпті қыздардың қатарластарын аяусыз ұрып-соғуы, вандализм әрекеті жиі айтылады. Бір басы ашық нәрсе, ата-ана, ұстазы мұндай тәрбие бермейтіні анық. Біздіңше, қантөгіске құрылған компьютерлік ойындардың әсері мен баланың қараусыз жүруі – мәселенің өзегі. Адам өлтіру жолы, қарудың түрлерін ойын арқылы аңдаған бала санасында көрген дүниені өмірде жүзеге асыруға деген талпыныс туатыны анық.

Counter Strike – террорлық шабуыл Counter Strike – жастар арасында ең танымал ойын. Қазақстанда әрбір жасөспірім өмірінде кем дегенде бір рет болса да осы компьютерлік ойынды ойнағаны шүбәсіз. Бұл ойынның мән-мағынасын алдыңғы буын білмеуі ықтимал, сондықтан қысқаша айтып өтейік.

Counter Strike ойынында түрлі қару асынған екі топ бір-бірімен соғысады. Бірі әскерилер болса, екінші жақ – терроршылар. Балалардың көбі түрлі себеппен терроршы болуды таңдап, әскерилерге

қарсы оқ атқысы келеді. Осылайша қос тарап қиян-кескі ұрысқа түсіп, бірі жеңіп, бірі жеңіледі. Кімді қалай өлтіру қажет, қандай тәсілмен бой тасалауға болатынын бала біліп өседі. Бұл – ойындағы эпизод. Мультфильмнің бәрі мейірімге үндемейді

Байқасаңыз, бұрын бала көретін мультфильмдерді таңдау, оларды саралау мәселесі өзекті емес еді. Үйдегі бүлдіршін шетелдік бейнеөнімді көргені өзіне ғана емес, қоғамға да қауіпті деп алаңдамайтын.

Ал қазір заман басқа, талғам бөлек. Оның үстіне кинематография, әсіресе, мультфильмді идеология құралы етіп алған түрлі пиғылды топтың қаптағаны тағы бар. Сан алуан шоу арқылы назар аудартып, кейін баланы қатыгездік, өрескел әрекет пен агрессияға баулитын элементтерді астыртын насихаттайды. Еркін қоғам, сүзгісіз ғаламтор әсерінен бұл үрдісті тұрақты бақылау да қиынға соғады. Сол себепті бүгінгі баланың көз алмай қарайтын мультфильмінің нені меңзейтінін саралап көрелік.

Жалпы балалар мультфильмі ертегі мен аңыз-әңгімелердің желісінде, моральдық құндылықтарды сақтаса ғана пайдалы [2]. Алайда кейбір бейнеөнімдерді көріп, сапасына мән берсек, бұл ұғымдардан алшақ кеткен. Көптеген шетелдік мультфильмде агрессивті сарын басым. Мәселен, жақында ғаламтордан шетелдік мультфильмді көзім шалды. Жарты сағатқа созылатын оның ұзынырғасы былайша өрбиді. Ойын алаңында әкелі-балалы көңіл көтеріп жүреді. Бес жасар ұлына әкесі оңды-солды қылыш сілтеуді үйретумен болады. Соңында бала қолындағы таяқты сілтеп қалған шақта әкесі оған: «Балам, сен менің басымды шауып алдың!» деп күледі. Алғашқы минуттарынан-ақ мән-мағынасыз сюжетке толы мультфильмді өшіруге тура келді. Бұл бір қарағанда жай әзіл әңгіме немесе бала көңілін аулау үшін таңдалған оқиға желісі болып көрінуі мүмкін. Алайда қылмыс жасауға үндейтін медиаөнімді тұтынатын бала келешекте толыққанды тұлға болып қалыптасады дегенге сене алмас едім. Тіпті мұндай сюжетке қаныққан буынға ата-ананы сыйлау оған деген шексіз құрметтен туатынын сезіндіру де оңай іс болмасы анық. Бала көргенін істейді Британдық оқу орындары Netflix-те шыққаннан кейін танымал болған «Кальмар ойыны» сериалына байланысты алаңдаушылық білдіріпті. Мектептер балаларға оңтүстіккореялық сериалды көрсетпеуді сұрап ата-аналарына хат жіберуге мәжбүр екен. Оның себебі балалар мұғалімнен триллерде ұсынылған жарыстарға қатысуға рұқсат сұраған көрінеді. Ал сериал желісі бойынша ойында жеңілгендерді қатал өлім күтіп тұр. Сондықтан Лондон тұрғындары балалар «Кальмар ойынына» еліктесе, оның салдары не болмақ дегенді айтуда. Ал бізде ше? Қазақ балалары арасында да бұл ойын танымалдыққа ие болды. Тіпті осы сериал кейіпкерлерінің маскасын киіп жүр. Сондықтан зорлық-зомбылық элементі бар ойыннан баланы аулақ ұстаған жөн.

Келесі бір қиындық, мультфильм кейіпкерлерінің ерсі қылықтарын ешкім жазаламайды. Күнделікті тіршіліктегі жіберген қателіктері үшін, тиісті ережелерді сақтамағаны үшін ешкім оларды бұрышқа тұрғызып, «былай істеуге болмайды» деген ишара танытпайтынын байқаймыз [3]. Ал мұндайды көрген кішкене көрермен ненің жақсы, ненің жаман екенін айырмай, олардың санасында «бәрін де жасауға болады» деген ой қалыптасары аян. Бала көргенін қайталайтынын білеміз. Ой-өрісі толысар шақта мультфильмдердегі кейіпкерлерге еліктеп, олардың қимылын қайталаймын деп неше түрлі қауіпке душар болуы ықтимал.

Ғалымдардың зерттеуінше, балалар үшін мультфильмдердегі қуыршақ кейіпкерлердің сыртқы кейпі өте маңызды екен. Жағымды кейіпкерлер өте сүйкімді, жағымсыз кейіпкерлер керісінше, сүйкімсіз болуы керек. Ал кейіпкерлердің бәрі қандай рөлде болса да қорқынышты, құбыжық кейіпте болса, бала олардың жақсы-жаман әрекеттеріне баға бере алмайды. Отандық телеарналарда балалар мен ата-аналары бірге отырып, тамашалайтын туындылар бар. Бірақ... олардың дені ойын-сауыққа, арзан күлкіге, баланың көңіл күйін уақытша көтеруге ғана лайықталған сияқты көрінеді. Бала үлкендерден нені көрсе, соны қайталайды. Сол сияқты, көгілдір экраннан, кітап пен журналдан нені оқыса, соған еліктейді. Психикасы солай. Осы тұрғыдан алсақ, біздің балаларға ұсынып жүрген контентіміз жұтаң екеніне көз жеткізесіз. Неге бұлай? Мәселені өзімізше талдап көрейік. Күнде үйде кішкентай әніммен бірге «Валаран» телеарнасын көріп отырып, осы сауалға үнемі жауап іздеймін. Бұл арнада бала қызығып көретін мультфильмдер, қазақ тіліндегі қысқаметражды көркем фильмдер жоқ емес. Бірақ... ұлым оның бірін көріп алған соң, орыстілді арналардан «Өрт сөндіруші Сэм» («Пожарный Сэм») атты мультфильмді тағатсыздана күтіп, қызығып көреді. Баланың күнделікті талғамына сай келетін, адамды жақсылыққа жетелейтін, ізгілік пен мейірбандықты дәріптейтін басқа тілдегі мультфильмді бала түгілі үлкендер де тапжылмай отырып, біткенше көреміз [4].

Отандық телеарналарда балалар мен ата-аналары бірге отырып, тамашалайтын туындылар бар. Бірақ... олардың дені ойын-сауыққа, арзан күлкіге, баланың көңіл күйін уақытша көтеруге ғана лайықталған сияқты көрінеді. Бала үлкендерден нені көрсе, соны қайталайды. Сол сияқты, көгілдір экраннан, кітап пен журналдан нені оқыса, соған еліктейді. Психикасы солай. Осы тұрғыдан алсақ,

біздің балаларға ұсынып жүрген контентіміз жұтаң екеніне көз жеткізесің. Неге бұлай? Мәселені өзімізше талдап көрейік.

Қазақша мазмұндағы дүниелерді көретін кішкентай көрерменнің сұранысы, талғамы қандай? Әлбетте, қызықты оқиғаларға құрылған мультфильмдер, қысқаметражды кинолар. «Balapan»-дағы «Тоқты мен Серке», «Жібек», «Ертемір», «Айдар», «Аралар отбасы» сияқты мультфильмдерді, «Расулдың хикаялары», «Тентек», «Теңбіл доп» сияқты телехикаяларды қазақ балалары қызығып көріп жүргені рас. Бірақ, олардан өзге өнімдер болмаған соң, қайталап қояды. Кішкентай көрермендер де қайталап көре береді. Біраз уақыттан кейін, одан жалығып, басқа тілдегі телеарналарға ауысады. Мысалы, шетел тілінен аударылған «Элвин және алақоржындар» деген мульттоптама балаға да, үлкенге де әрқашан қызықты. Себебі, баланың психикасына қарай жалықтырмайтын, өзіне тартып алатын оқиғалардан құралған. Яғни, балалар аудиториясының сұранысына нағыз келетін дүниені әлемдік нарыққа шығарған. Мысалы, YouTube-та «Маша и медведь»-ті 2 миллиард адам көреді екен. Әлем халқының 20 пайызы осы туындыны тамашалайды. Әзірше, қазақ тіліндегі мұндай өнім жоқ. Телеарналарда да, интернетте де қазақ тіліндегі балалар контенті жұтаң деп отырғанымыз осыдан.

Еліміздегі 6-74 жас аралығындағы интернет пайдаланушылардың үлесі 78,2 пайызды құрайды[5]. Интернет жылдам ақпарат тарататындықтан оны тұтынушылардың үлесі осынша өсіп отыр. Мұны жай ғана нәрсе деп қабылдамауымыз керек. Интернеттегі баланың психикасына кері әсерін тигізетін сайттардың кесірінен қаншама баланың өміріне үлкен қауіп төнуде. Кибербулинг тақырыбы бұл жерде өз алдына бөлек әңгіме. Бұл жерде әлеуметтік желілерден келіп жатқан қауіп-қатерге тосқауыл қоя алмай отырмыз. Бір ғана YouTube пен Whats App-та қаншама зиянды, қауіпті ақпарат бар. Олардың бәрі баланы зорлыққа, агрессияға, қырып-жоюға үндейді.

Демек, біздің алдымыздағы ең үлкен мәселе – балалар аудиториясын терең зерттеп, ақпарат тұтынуға қатысты мониторинг жасалып отыруы керек. Бұл міндетті медиа саласында ашық, тәуелсіз зерттеулер жүргізетін үкіметтік емес институттарға жүктеуге болады. Алайда, ондай институттар бар ма бізде? Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі статистикалық мәлімет берумен ғана шектелетінін ескерсек, ұлттық қауіпсіздігімізге қатысты мәселенің әлі ешкімді ойландырмайтынына көз жеткіземіз. Балалардың әлеуметтік желілерге, виртуалды ойындарға тәуелділігі деген мәселе тағы бар. Отандық сарапшы-мамандардың зерттеуіне сүйенсек, қазіргі кезде ата-аналардың 49,7 пайызының белгілі бір себептермен (жұмыстан қолы босамайды, үйдегі шаруадан бос уақыты жоқ және т.б.) балаларымен үнемі уақытын өткізуге мүмкіндігі жоқ. Яғни, ондай отбасылардың балалары күні бойғы уақытын өзі жоспарлайды, өзі өткізеді. Ондай ата-аналар баланың қауіпсіздігі үшін қажетті қарапайым қағидаларды да ұстанбайды. Мысалы, теледидар көріп отырған балаға ата-аналар бақылауы деген бағдарламаны қосуға болады. Бұл бағдарлама соңғы үлгідегі барлық теледидар модельдерінде бар. Ол арқылы күдікті контентті, қажетсіз қосымшаларды бұғаттап тастауға мүмкіндік бар. Тіпті, баланың экранның алдында қанша сағат отыратынын шектейтін тетіктерін де қосуыңызға болады. Бәлкім, бұлардың балалар контентіне қатысы жоқ деп ойлайтын шығарсыз. Алайда, мазмұн деген нәрсеге баланың не көретіні, не тыңдайтыны, не қабылдайтыны бәрі маңызды 2017 жылдың мәліметі бойынша YouTube желісіне айына 1,5 миллиард адам кірген. Күніне 1 миллиард сағат өткізіліп, 1 минутта 400 сағат контент жүктелген. Осыдан YouTube-тің біздің өмірімізге дендеп кіргенін көруімізге болады. Тамақ пісіру, көлік айдау, макияж жасау, тағы басқа дүниелерді осы әлеуметтік желіден үйренеміз.

Балалар да интернетті белсенді қолдана бастады. Нәтижесінде балаларға арналған түрлі бағыттағы видеоарналар көбейді. Оның ішінде білім беретін арналар да, бала миын улайтын түрлі зиян видеолар да бар. Білім беретін контенттерді төмендегідей сілтемелер арқылы көруге болады [6].

Balafunny арнасы <https://m.youtube.com>

Көкіл ТВ <https://m.youtube.com>

Балапан ТВ <https://m.youtube.com> Балаларға арналған әртүрлі контенттер бар. Соның ішінде

Сәби мультфильмі

Multplaneta KZ <https://m.youtube.com> Қазақша дыбысталған мультфильмдер жинағы.

Bilim Kids <https://m.youtube.com>

Торғай ТВ <https://m.youtube.com> Өте керемет қазақша жетілдіретін контенттер бар. Соның ішінде Пішіндер және Мысық әні балаларымызға қатты ұнады.

Zerek Bala <https://m.youtube.com>

Nickelodeon <https://m.youtube.com> Бұл арнада Nickelodeon арнасының қазақша дыбысталған контенті бар. Бірақ орысша контент бәрі араласып кеткен. Сол үшін ішінен теріп, плейлист жасауға тура келеді.

Qaz Qaz Balapan <https://m.youtube.com>.

Qulynym <https://m.youtube.com/>

Қошақан <https://m.youtube.com/>

Бәрі Бар <https://m.youtube.com>
Kaz Kids <https://m.youtube.com/>
Balapan TV <https://m.youtube.com/>
Di Di <https://m.youtube.com/> GTA ойынын ойнап, қазақша дыбыстап отырады.
Қоңыраулы қала <https://m.youtube.com/>
Бастауыш сынып <https://m.youtube.com/>
Alan TV <https://m.youtube.com/@alantv8036>

Әдебиетер

1. <https://syrboyi.kz/maesele/balamyz-ne-ojnap-ne-ojlap-zhuer-86027/>
2. <https://on.kz/culture/buldirgi-multfilmder-buldirsinderge-zian-9558/amp/>
3. <https://halyqline.kz/masele/balalargha-arnalghan-kontent-nege-zhutang/>
4. https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=103&slug=6-74&cat_id=11&lang=kk
5. <https://baribar.kz/90267/balalargha-arnalghan-qazaqsha-kontent-youtube-te-ne-bar/>
6. https://openu.kz/storage/lessons/1872/internet-psihiologiyasy_12_lecture.pdf

ҒТАХР: 19.01.07

М.Д. Кажымуканова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Хибадуллина А.С.**, аға оқытушы

ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ТӘСІЛДЕР МЕН ТРЕНДТЕР: ИНТЕРНЕТТЕ ЖАҒАЛЫҚ БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Журналистикаға және ақпарат әдеби шығармашылық қызмет түрі ретінде журналистика саяси, салалық, тақырыптық т.б. басылымдар, радио және телебағдарламалар арқылы қоғамдағы көкейкесті мәселелерді қозғап, алуан түрлі аудиторияны әлеуметтік, саяси және арнаулы мағлұматтармен қамтамасыз етеді. Қоғам дамуының заңдылықтары, әлеуметтік, экономика және рухани мәселелер жөнінде мағлұмат беріп, жұртшылықтың қоғамдық пікірін қалыптастырады. Журналистикаға берілетін анықтамалар мен тұжырымдар барлық уақытта біркелкі болған емес. Кейбір тұжырымдар журналистика қоғамдық ой-пікір мен дүниетанымды қалыптастыратын, сол уақыттағы нақтылы оқиғаларды барлық жағынан қамти отырып, ондағы ағымдар мен процестерге, сондай-ақ құбылыстарға түсінік бере алатын әлеуметтік-бағыттаушылық мәнге ие болуы қажет дегенге тоқталса, кейбір тұжырымдар журналистика тек қана боямасыз ақпарат жеткізуші құрал, сондықтан тыңдаушы не оқырманның ой-пікірді өзі қорытуына, дүниетанымдық таңдау жасауына мүмкіндік қалдыруы тиіс деп санайды.

«Біз біртүрлі уақытта өмір сүріп жатырмыз. Соғыс жаңа кеңістікке көшті. БАҚ ұрыс алаңына айналды және бұл жаңа қақтығыста жақсы мен жаманды ажыратып алу қиын. Кімнің мейірімді және кімнің қатыгез екенін түсіну де күрделі. Сол үшін арнаны ауыстыру керек. Себебі қарсыластар орындарын жиі алмастырып жатыр» [1]. Француз публицисі Фредерик Бегбедердің бұл пікірімен келіспеуге болмайды. Себебі ХХІ ғасыр ақпараттың шекара таңдамайтынын, адамзаттың күн санап «құбылып», әлемдік прогрестің бір орында тұрмайтынын сәт сайын сезіндіріп жүр.

Дәл осылай, журналистикада қоғамның айнасы, жаңалықтың бастауы болғаннан кейін үздіксіз дамуды талап етеді. Жаңа тәсілдер мен трендтерді қатар алып жүру журналист үшін, журналистика ғылымы үшін маңызы зор.

Қазір заман технологиялары қоршаған әлемді көз істетпес жылдамдықпен өзгертіп келеді, дәл осы қарқында медиасалада өзгерістерден қалыс қалып отырған жоқ. Заман технологиялары өзгерген сайын, аудиторияның медиақалауы да өзгереді. Қазір оның денін миллениалдар (1981 жылдан кейін 2000 жылға дейін туған адамдар) мен центенниалдар (2000 жылдардың басынан бері туғандар) құрайды. Соңғы буындарды “жалқау визуалдар” деп атап кеткен. Бұл бойынша “Z буыны” туралы Сбербанк өткізген зерттеуге назар аударайық.

«Қазіргі уақытта аудиторияның назары медианың басты валютасына айналды – оны жаулап алу қиындап кетті. Баспагерге қолданушының ньюсфид (Facebook немесе кез-келген басқа әлеуметтік желінің жаңалықтар тізбегі) толқындарындағы бейберекет жүгірісін тоқтату үшін 8 деген талабы күшейген үстіне күшеюде: материалыңыз алғашқы секундтардан-ақ көңіл аудартпаса, қолданушы ары қарай скролдап өте береді. Осылай қалыптасқан жағдайда аудиторияның назары үшін күресте медиа контент өндірудің жаңа түрлерін іздеумен болады» [2]-, деген зерттеуші пікірлерінен журналистік

жариялымдардың жанрлары, форматтары, тәсілдері, стилі қазіргі заман ағымымен, трендтерді қатар алып, оқырманның ыңғайына қарай өзгеріп, жаңарып тұруы қажет екенін айқындадық.

Осы бойынша, «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында Мемлекет басшысы тәуелсіз әрі жауапкершілігі жоғары бұқаралық ақпарат құралдары болмаса, қоғамды одан әрі демократияландыру мүмкін емес екенін айтқан еді. Осыған орай Президент журналистика ұғымының аясын кеңейту, журналист жандардың мүддесін қорғау туралы заңнамалар мен тәсілдерді қайта қарауды тапсырған болатын. Алайда бүгінгі БАҚ өкілдері қазіргі таңда қандай тәсілдер қолданып жүр? Трендтегі әдіснамаларды журналистикамен сабақтастыра алды ма? Осылайша, қоғамның көкейінде жүрген сауалдарға медиасаланың қазіргі көзқарасымен зерттеу жүргізген едік. Осы орайда, журналист Алма Сайлауқызы пікір білдірген еді, «Жаңа Қазақстанның журналистикасы соңғы жиырма жылдан астам уақыт бойы сірескен «ескі қамытты» тастауы керек. Ол демократиялық принциптерге сүйенген, еркін, ашық, тәуелсіз, сыни журналистика болып қайта түлеуге тиіс» [3]-, деп бұқарада да таңдау бар деген сөзді толығымен ашып кеткен. Ескілікті тастап, жаңа заманның, жастардың ағымына ілесуіміз керек деп болашақ журналисттерге бағыт-бағдар, ақыл-кеңесін ұсынған журналист қазіргі журналистиканың дамуына алаңдатушылық танытқанын байқадық.

«Ақпарат кімде болса, қару сонда» деген ежелгі тәмсіл бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпады. Ақпараттың шынайылығы, оның жалған болмауы бүгінде аз деп айтсақ қателеспегеніміз. Бұл «Әлеуметтік желідегі БАҚ» деген ұғымның дамуының көрінісі. Нақтыласақ, интернеттегі жаңалық берудің негізі болып табылады.

Әлеуметтік желі – цифрлы қоғамның үлкен бір айдыны. Онда әр азаматтың еркін пікір білдіруіне жолдары ашық. Яғни, әр адам өзіндік пікір білдіру арқылы, өз алдарына желіде ақпарат тарата алады. Ол «блоггинг процесі» болып табылады. «Блог» сөзі жайдан-жай пайда болмады, алғашында «web blog» (желілік журнал) термині қолданылды. Кейіннен бастапқы түбірі түсіп «blog» деп жаңа ұғым пайда болды. Бүгінде блогтық журналистика графикалық, мәтіндік, сандық, сөйлеу, музыкалық, видео, фото және басқа да ақпараттардың жиынтығы болып отыр. Блог жазбаларда мүмкіндіктер өте көп. Блогтар ең алдымен, пікір мен түсініктеме беру үшін платформалар үшін белгілі, бірақ көптеген нақты есептерді де жасайды» [4]. Блоггерлер бүгінде журналистік тәжірибенің әртүрлі деңгейлеріне ие, блог жүргізіп, журналистік бағытта алып жүрген азаматтардың көбі жоғары білімдері болмаса да, халықтың ерекше ықыласына бөленіп, қоғамды ақпаратпен қамтамасыз етуде.

Интернет порталдар мен сайттарда блогтық тұғырнамалардың өркендеп тұрған шағы міне қазіргі кезең. Тәуелсіз жаңалықтар, түрлі веб-сайттар қазір газетте немесе теледидарда ақпарат бергенше лезде таралып, көп қаралым жинайтын ақпарат таратудың жаңарак тәсілі болып табылады. Бұлда блогтық журналистиканың жалпылама қаралатын бір бөлігі десекте болады. «Мультимедиялық журналистика аталған мәселелердің түбегейлі шешімін тауып, қоғамға жаңалық тарату жеңілдене түсті, әрине бұл технологиялық жетістіктер арқасында мүмкін болды. Қазіргі таңда тіпті смартфондар мен планшеттерге арнайы жаңалық оқу қосымшаларының пайда болуы, ақпараттың тез және мобильді таралуына кепіл беріп, қолжетімді етті. Ақпарат өрісі өте кең түрде тараған бұл бағыттың, бір орында тұруы мүмкін емес. Әр секунд сайын жаңа ақпаратты халыққа ұсынатын сайттар, арнайы қаржыландыруды талап етпейді. Тек әлеуметтік желідегі қаралым санына, оқырманның көп болуына ғана жұмыс жасайды. Яғни, сенсация, халық ішінде пікірталас тудыратын ақпараттарды ұсынуды қолдайтын желілік жаңалық таратудың жаңашыл әдісі» [5].

Қорыта келгенде қазіргі жаһандану барысында, технологиялар әрі қарай дамып, түрлене түсетіні айдан анық, тіпті қоғам санасы өзгерсе де, дәл журналистика өз объективтілігін және инфоцентрлігін жоғалтпайды, бұл сала әрқашан жаңарып, өркендеп отырады.

Журналистикадағы тәсілдер мен трендтер әр заманның талабына сай жаңарып, өз құндылығын жоғалтқан емес, жоғалтпайды да. Әр дәуірде ақпаратпен қамтамасыз ететін бір сала қажет, сондықтан журналистиканың даму сатысы жылдан жылға жаңарып, өркендеуде. Ал, осылай журналистің де бақылау мақсаты жүйелі болады. БАҚ халықтың ой-пікіріне, ізденісі мен сұранысына қарай жариялым жасап, жұмыс істесе журналистикада соншалықты деңгейде сапалы ақпарат ұсына алады. Ол үшін журналисттер ұдайы социологиялық зерттеулер жүргізіп, өзекті мәселелер мен жастардың да, аға буынның да ой-өрістеріне сай жаңашылықты әрдайым қарастырып отыруы қажет.

Әдебиеттер

1. Әлімжанова А.Б. Блогтық журналистика [Мәтін]: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 112 б.
2. https://el.kz/amp/content-5269_4523/
3. <https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/download/1079/981>
4. <https://egemen.kz/amp/article/316566-zhanha-qazaqstan-dgurnalistikasy-damu-baghyty>
5. <https://kk.eferrit.com>.

Серікқалиева Ш.Ш.

«Семей қаласының Шәкәрім университеті» КеАҚ
Ғылыми жетекші: **Хибадуллина А.С.** аға оқытушы

ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ БРЭНД ПЕН ТРЕНД: FASHION ЖУРНАЛИСТИКАСЫ

«Журналистика әуел бастан – әрі теория, әрі практика, әрі педагогика, әрі басқару тетігі, әрі психология» [1]. Біз интернетке дейінгі кезеңде жоғарыдағыны мерзімді басылыммен байланыстырып келдік. Ғаламтор ғаламдық күшке айналған тұста журналистика әрқырынан дами түсті. ХХІ ғасыр интернет журналистиканың теория, практика, басқару тетігі, педагогика мен психологияның біте қайнаған ортасы екенін айқындап берді.

Қазір журналистика стандарттары күн санап өзгеріп, журналистика тенденциялары, бренд пен тренд түрлері көбеюде. «Заманауи журналистика сипатына қарасақ, видеоконтентті электронды БАҚ құралдары көбеюде. Заман талабына сай бренд пен тренд ұғымдарының қалыптасуы адамдар арасында үлкен бір талқыға түсетін ауқымды мәселеге айналуда. «Адам көркі – шүберек», демекші қай – қайсысына да әдемі, жарасымды киім кию адамның мінезі мен іштегі сезімдерін айқын көрсететін қолтаңба.

Fashion журналистикасы қоғамға жақсы жағынан әсер бере алады, салт-санаға жаңа лек пен мағыналы өмір сүру деңгейін көрсетеді.

Қазір таңда Францияда «fashion-журналистикасы». жиі кездеседі. Себебі, Франция сән индустриясының отаны. Сән журналистикасы сұранысқа ие болғандықтан, олар сол жайлы жиі басып, жазуға тырысады. Француз fashion журналистикасы – бұл журналистиканың әлем бойынша көп оқылатын журналистика түрінің бірі деп атасақ, қателеспейміз.

Қазіргі әлемде бұл сегмент тек өз қолданушылары үшін жаппай және өзекті мәнге ие бола отырып, қарқынды дамуда. Тек «fashion журналистикасына» арналған журналдар бар. Олар – «Vogue», «Officiel», «Harper s Baza», «Elle», «Cosmopolitan». Бұл журналдардың барлығын Франция мемлекеті бастырып, шығарады. Осы орайда сән журналистикасын зерттеу бүгінгі таңда өзекті.

Қазіргі нарық жағдайында сән – журналистикасы жөнінде дұрыс ақпараттандырылған жандар санаулы, Қазақстан ішінде бұл саланы тек бір топ аудитория біледі деуге болады. Ал, шет елдік сән журналдарын онлайн және оффлайн түрде назарында ұстайтын халық өте көп. Қазақстанда сән – журналистикасына байланысты брендтік контенттер жоқтың қасы. Тек әлемдік брендтердің франшизасы ғана үстем тұрады. Бұл қазіргі жағдайды бақылауға ғана емес, сонымен қатар Қазақстан мемлекетінің әлемдік нарыққа шығып, бәсекеге түсе алатын модельдеуге, инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етуге, ең жоғары экономикалық және әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін оның ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілетін білікті кадр саласы.

Киім мен сән, бағалы заттар, жалпы әдемі өмір сүру – адам өміріндегі тамақтан кейінгі орын алатын маңыздылық болып табылады. Қысы жылы, жазы жеңіл, ыңғайлы сапалы киім барлық адам баласының қалауы екендігі сөзсіз.

Ал, қазақ тіліндегі fashion журналистикасы жөнінде ақпараттар легі өте аз кездеседі. Бұл сала жөнінде ақпараттандыратын орыс және ағылшын тілдері елдегі осы саланың брендтерін жарнамалай бермейді. «Қазақ аудиториясы мен көршілес өзбек, қырғыз ағайындар үшін бұл атаулы индустрия жаңа толқынның басы болып есептеледі. Ақпараттың аздығынан сән журналистикасының беретін мүмкіндіктері мен әлем халықтарына бейсаналы түрде әсер етіп, еліктеуге әкеліп соқтыратындығынан кем хабардар» [2].

Көптеген адамдар сән және стиль әлеміне енуді армандайды. Сән журналисті кім деген сұрақ туындайды. Оған қол жеткізу үшін дизайнерлермен байланысып, жылтыр журналдармен жұмыс жасап, сән көрсетіліміне шақырулар алу және қызықты жерлерге бару секілді сонымен қатар стильді және сәнді адамдармен танысуға мүмкіндік беретін сала ретінде қарастыру аздық етеді.

«Fashion журналистикасы – бұл жазу мен фотожурналистикаға басты назар аударатын сән БАҚ-тарының құрамдас бөлігі. Сән журналистері негізінен трендтер мен оқиғаларға назар аударады, сонымен қатар дизайнерлермен және стилистермен қарым-қатынасты сақтайды. Сән журналисі сән тарихын жақсы біледі және әрдайым саланың үрдістерін зерттейді» [3].

Сән журналисі ішкі білімге және сәнге деген сүйіспеншілікке қоса, жазу, баяндау және ақпарат тарату үшін мықты қабілетті қажет етеді. Бұқаралық ақпарат құралдары дәуірінде сән жазушысы сандық тұрғыдан шебер және заманауи технологиямен ыңғайлы болуы керек. Барған сайын, басылымдар веб-контент құру дағдылары бар жұмысқа үміткерлерді таңдайды.

Fashion журналисінің жұмысы – соңғы сән үрдістері туралы есеп беру болып табылады. Сән журналисі сән саласының тенденциялары, болжамдары туралы ақпарат таратады. Журналистердің көп бөлігі зерттеуге, фактчекингке және іс-шараларға баруға кетеді. Сән журналистері басылымда тұрақты жұмыс істейді немесе штаттан тыс мақалалар жібереді.

Бүгінгі таңда сән журналистикасы тек журналдар немесе газеттер деп айту мүмкін емес. Сән индустриясында жұмыс істейтіндер үшін бүгінгі күннің сөзсіз тенденциясы – бұл бизнесті жүргізу кезінде барлық мүмкін PR-технологияларды барынша пайдалану. Бұл «сән журналистикасы» ұғымына бастапқыда болмаған ақпарат көздері түсе бастады.

Сәнді журналистика жойылмайды, бірақ ол сөзсіз дамиды. Әсіресе ақпаратты беру тәсілі өзгереді. Сән журналисі әлі күнге дейін көптеген медиа арналар арқылы жаңалықтар жібере алады, соның ішінде: журналдар, газеттер, веб-сайттар, блогтар, Теледидарлар, кітаптар.

Әртүрлілік әлемінде қоғамда үнемі болатын құбылыстардың бірі – сән. Сән адамдардың өмірінің көптеген аспектілеріне қатысты болуы мүмкін, мысалы: Олар не істейді, не жейді және т.б. Бірақ киім – бұл оның ең көрнекті көрінісі. Киім әртүрлі мәдени, тарихи және жағдайларға сәйкес өзгеріп қана қоймайды, сонымен қатар өзін-өзі көрсету тәсілі болып табылады.

Журналистиканың бұл саласының қоғамға ықпалы күн санап артып келеді. «Журналистиканың әр саласы қоғамға беретін өзіндік ақпараттарын қамтамасыз етеді. Ал, сән журналистикасы болашақта экология үшін де, адамдар үшін де не заттың тиімді, әрі пайдалы болатындығы жөнінде нақты ақпарат бере алады» [4].

Сән ежелгі дәуірден бері бар, бірақ жақында ол қол жетімді болды және оның функциялары әр түрлі болды. Қазіргі уақытта сән – бұл тек киім ғана емес, сонымен бірге жалпы өмір салты және ол өзін-өзі көрсету тәсіліне айналды және жалпы қоғамда үлкен рөл атқарады. Қазіргі уақытта адамдардың сыртқы келбеті мен өмірімен не істеу керектігі туралы шектеулер аз, сондықтан оларға барлық жағынан көбірек еркіндік беріледі. Осының көмегімен адамдар өздерінің сыртқы келбетін, тіпті егер ол өте экстремалды болса да, жасай алады. Алайда, өзін-өзі бейнелеу көптеген жолдармен жасалуы мүмкін, сондықтан оны әртүрлі жолмен түсіндіруге болады, сондықтан ол өте қайшылықты. Жеке басын көрсетуден басқа, сән таңдау адамның әлеуметтік және саяси идеяларын суреттеуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, сән адамдарға өзін-өзі көрсетуге керемет мүмкіндіктер береді және басқаларға қолдау көрсетуге және білдіруге мүмкіндік туғызады деп айта аламыз. Fashion БАҚ – бұл сән индустриясы қолдайтын үлкен оқиғалар мен қозғалыстарды қамту арқылы өзгерісті жүзеге асырудың тамаша тәсілі. Сән адамдардың өмірінің көптеген салаларына әсер ететіндіктен, оның көріністері көптеген мақсаттарға қызмет ете алады және әлемді өзгерту, әрине, солардың бірі болып табылады.

Қазақстанның ақпарат кеңістігінде сән журналистикасына деген қызығушылық жылдан жылға артып келеді. «Сән журналистикасы дамуы үшін еліміздегі сән индустриясымен тығыз байланыс болуы керек. Сонда ғана екі сала бір-бірімен әдемі үйлесім тауып, орнықты даму пайда болады» [5]. Сән журналистикасы заманмен бірге өркендеп отыратын дүние. Оған бір адамның немесе белгілі бір топтың ғана ықпалы жүреді деп айту қиын. Бұлсаланың дамуы қашанда бұқаралық сипатқа ие. Сәнге деген жаппай ұмтылыс болған жерде сұлулыққа деген түсінік, көзқарас та бірте-бірте өзгередіні кәміл. Қазақ халқының менталитетінде, дүниетанымында эстетикаға, жалпы сән атаулыға деген бай көзқарас қалыптасқан. Мұны біз ұлттық нақыштағы ою-өрнектерімізден, дәстүрлі қоғамдағы тұрмыстық және қол өнер шеберлерінің жасаған әсем де әшекейлі бұйымдарынан қарап білеміз. Яғни, біздің ішкі табиғатымызда сән ұғымына деген талпыныс пен тілек бар. Ал, сән журналистикасының философиясы осы ұғымдарды бір арнаға тоғыстырып, жинақтау арқылы сән саласындағы трендтер мен ағымдарды көпшілік назарына ұсыну. Отандық медиакеңістігіміздегі сән журналистикасының дамуы мемлекеттік тілмен тығыз байланысты екені даусыз. Ол үшін қазақ тіліндегі сән журналистикасына байланысты басылымдарды көбейту қажет деп санаймыз. Түйіндей айтқанда, Қазақстандағы сән журналистикасының келешегі жарқын әрі алға қарай дамитын көкжиегі де мейілінше кең.

Әдебиеттер

1. Қамзин К. Журналистика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 142 б.
2. Лапик Н.А. Бұқаралық коммуникация. Журналистика. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ).
3. Маркелов К.В. Мода и журналистика: Учебное пособие. – М.: ИМПЭ им. А.С. Грибоедова, 2002. – 38 с.
4. <https://idorda.kz › magazine>
5. <https://photooner.kz> Фотоөнер ҚБ.

МРНТИ: 16.41.21

К.С. Светлов

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Научный руководитель: **О.Т. Солтанбекова**, к.п.н., доцент-ассоциированный профессор
кафедры иностранных языков

РУССКИЙ ЯЗЫК В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ: ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННОГО СТУДЕНЧЕСКОГО ЛЕКСИКОНА


Русский язык как основа культурного наследия постоянно эволюционирует под воздействием новых технологий и социокультурных изменений. В цифровую эпоху, с ее быстрым темпом развития информационных технологий и интернет-коммуникаций, язык активно приспосабливается к новым условиям. Особенно интересно нам изучать данное явление через призму современного студенческого лексикона, который является отражением актуальных трендов и влияний окружающей среды на языковую практику современной молодежи.

Русский язык, как важнейший инструмент общения, подвергается влиянию цифровой трансформации, что отражается в обширном объеме литературы по данной проблематике. В работах ученых Нагзибековой М.Б. [1] Лукьяновой И.В. [2] Дедовой О.В. [3] и др. рассматриваются вопросы связи между русским языком и цифровыми технологиями. Анализ этих исследований позволил нам погрузиться в актуальные проблемы лексикона, перспективы развития и вызовы, с которыми сталкивается русский язык в условиях цифровизации.

Актуальность исследования данной темы заключается в том, что студенческий лексикон отражает не только общую динамику языка, но и особенности его использования в контексте современной студенческой жизни. Студенческая среда, насыщенная новыми технологиями, социальными сетями, неологизмами, жаргонами, интернет-сленгом и другими особенностями цифровой культуры, влияет на формирование уникального лингвистического кода, который заслуживает внимательного анализа [2].


Исследование особенностей современного студенческого лексикона в контексте цифровой эпохи не только способствует более глубокому пониманию языковых процессов, но и позволяет выявить сдвиги в языковой практике молодежи, адаптированной к новым реалиям информационного общества. В этом контексте изучение студенческого сленга и лексикона становится ключевым элементом в анализе языковой динамики в современном обществе [3].

